

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**



Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу

Әдістемелік ұсынымдар

**Астана
2022**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2022 жылғы 13 қазан №11 хаттама)

Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу бойынша әдістемелік
ұсыныстар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин
атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 194 б.

Әдістемелік ұсынымдамада білім беру ұйымдарының білім алушылары
арасында патриоттық тәрбиені қалыптастыру бойынша әдістемелік
ұсынымдар, отандық және шетелдік зерттеулері қамтылды. Сонымен қатар
патриоттық тәрбие берудің заманауи әдіс-тәсілдері мен бағдарламалары,
өткізілетін іс-шаралар ұсынылған. Әдістемелік ұсынымдама директорлардың
оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, пән
мұғалімдеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

Кіріспе

Бүгінде әлеуметтік-экономикалық жаңғыру жағдайында патриоттық тәрбие мәселесін шешудің маңызы зор болып табылады. Бұл процесті өз Отанының, халқының, жақындарының игілігі үшін жүзеге асырылатын белсенді қоғамдық қызметтер, іс-әрекеттер, адамгершілік-құқықтық қажеттіліктер тұрғысынан көру өте күрделі. Патриоттық тәрбие беру өскелең ұрпақтың рухани мәдениетін қалыптастырумен тығыз байланысты. Алайда, тәжірибе жүзінде білім алушылардың қалыптаспаған патриоттық сезімі, олардың әлеуметтік селқостығы, азаматтық мәдениетінің төмен деңгейі және т.б. байқалады.

«Патриотизм» термині (грек тілінде «*Patris*» – Отан, атамекен) Отанға, атамекенге, халқына деген сүйіспеншілікпен байланысты қоғамдық сананың күрделі құбылысын білдіреді, ол әлеуметтік сезімдер, адамдардың өмірі мен белсенділігінің адамгершілік және саяси принциптері түрінде көрініс табады.

Философиялық сөздікте «патриотизм» ұғымының «мазмұны Отанына деген махаббат, оған шын берілгендік, оның өткені мен қазіргісі үшін мақтаныш, Отанының мүддесін қорғауға ұмтылыс болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» ретінде түсіндіріледі [1]. Патриотизм және патриоттық құндылықтар мәселелері философия, әлеуметтану, саясаттану, педагогика, тарих және басқа да ғылымдар тұрғысынан зерделеніп, тұжырымдамалық түсініктемелер берілген.

«Патриотизм» түсінігі ғылыми әдебиетте туған елге, тілге, дәстүрлерге, өз халқына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікті сипаттайды. Зерттеушілер атап көрсеткендей, патриотизм өзінің «қорғану» сипатынан жайлап арылуда, басқаның жанында өзінің шығармашылық әлеуетін айқын көрсету үрдісі байқалуда. Отандық әдебиетте (К.Т. Әбілғазиева, А.А. Байсеркеев, А.А. Бейсембаева, Г.Ж. Жұманова, Е.О. Жұматаева, С.Т. Иманбаева, А.К. Нұрғалиева және т.б.) «қазақстандық патриотизм» шоғырландырушы рухани-саяси фактор ретінде, мемлекеттік саясат пен идеологияның жаңа парадигмасы ретінде қарастырылады [2].

Сонымен қатар, білім алушыларға патриоттық тәрбие беруде педагог-практиктердің және мектептің атқаратын қызметінің зор екенін айта кету қажет.

Патриотизм туралы түсініктер мәдени әртүрлілік және мәдениет сұхбатында М.М.Бахтин, В.С. Библер, К. Ясперс, қарым-қатынас философиясында Л.П. Буюева, Е.Г. Злобина, М.С. Каган, этностар теориясы мен этникалық сәйкестікте Л.Н. Гумилев, Ю.С. Бромлей, В.А. Тишков, сондай-ақ, қазақстандық этнографтар Ж. Артықбаев, Х. Арғынбаев; мәдениеттанушы А. Сейдімбек, М.Ш. Хасанов, М.Х. Балтабаев, психологтар Ж. Жарықбаев, Ж.Ы.Намазбаева, философтар А.Н. Нысанбаев, Р.Б. Әбсаттаров, педагогтер К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынова, С.А. Ұзақбаев және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [3].

Ғалымдардың пікірінше, Қазақстан халқын құрайтын этностардың тарихи тағдырларының ортақтығы, қазақстандықтардың діліндегі ортақ белгілері,

олардың республиканың қалыптасқан экономикалық әлеуетіне қатыстылығы, табиғи ортаның ортақтығы – қазақстандық патриотизмнің іргетасы болып саналады [4].

Қазіргі Қазақстанда еліміздің және әлемнің барлық этностарының мәдениетін түсіну мен қабылдаудың көрінісі ретінде – этностардың ортақ тарихи тағдыры, менталитет белгілері, жалпы мемлекеттік мүдделер, азаматтық жауапкершілік, толеранттылық негізі болып табылатын «Қазақстандық патриотизм» ұғымы кеңінен қолданылады.

Қазақстандық патриотизм азаматтардың мемлекет ісіне іс жүзінде белсенді қатысуына, қатысу динамикасына, қалыптасқан дүниетанымына, сонымен қатар еліміздің жетістіктері үшін мақтаныш, мүддесі үшін пайдалы болу Отанының, өзінің, өз отбасының тағдыры үшін жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға және дамытуға бағдарланған. Білім алушылардың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу – мектептің тәрбие жүйесінің өзекті міндеті болып табылады.

Қазақстанда өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбиелеу білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық білім беру процесінің моделіне бағдарланған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Міндеттері:

- білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің мәні мен мазмұнын ашу;
- білім беру ұйымдарында оқушыларды патриоттық тәрбиеге баулудың халықаралық және отандық тәжірибесін талдау;
- білім беру ұйымдарында патриоттық ұйымдардың заманауи жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

1 Білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің мәні мен мазмұны

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қазіргі қоғамды дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты патриоттық тәрбие проблемасы қоғам үшін де, жалпы мемлекет үшін де ерекше өзектілікке ие болып саналады.

Қазіргі кезде мемлекеттің дамуы мен өркендеуі үшін адамның бір мамандық бойынша білім алуы жеткіліксіз. Адамның еңбектенуге және өз елінің дамуына барлық жағынан ықпал етуге ұмтылуы маңызды факторлардың біріне айналады. Ол үшін балалардың бойында ерте жастан бастап өз халқының қаһармандық өткені мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік, ана тілін мақтан тұту сезімдерін қалыптастыру қажет.

Бұл проблема қазіргі кезде өте өзекті және маңызды болып отыр, өйткені еліміздің болашағы өскелең ұрпаққа байланысты, сонымен бірге, педагогтердің алдында әрбір жеке тұлғаның одан әрі дамуының тұрақты іргетасын қалайтын барлық қажетті қасиеттерді қалыптастыру міндеті тұр, яғни елдің болашақ азаматының барлық негіздері мектеп қабырғасында қаланатыны белгілі. Сондықтан Отанының патриоты – азаматтық қасиеттері бар тұлға қалыптастыру және оны одан әрі дамыту бүгінгі таңда педагог үшін де, қоғам мен ата-ана үшін де өзекті міндет болып табылады. Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушыларға патриоттық тәрбие беру – азаматтық, толеранттық, еңбек сүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; әлеуметтік маңызды құндылықтарды, адамның бостандығы мен еркіндігін құрметтеуді дарыту; Отанына, отбасына, қоршаған табиғатқа деген махаббатын дамыту; танымдық қызығушылықтарын және сұранысын жүзеге асыру негізінде көрініс табады.

Философиялық, тарихи, әлеуметтанулық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау патриотизм мен патриоттық тәрбие мәселесі бүкіл адамзат тарихында қоғам, мемлекет, жеке адам өмірінің маңызды мәселелерінің бірі болып табылатынын көрсетеді. Патриотизмнің ең күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде пайда болуы өз территориясын, табиғи байлығын, тілін, дәстүрлерін, қауіпсіздігін сақтауды, туған жеріне, тіліне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыруды қажет ететін ежелгі мемлекеттердің пайда болуымен және қалыптасуымен байланысты болды.

Мемлекеттер пайда болған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін патриотизм тек ұлттық емес, сонымен қатар көпұлтты бірлестіктердің іргетасын қалаушы және біріктіруші күш ретінде маңызды рөл атқарады. Тарихтың белгілі бір кезеңдерінде патриотизм халықтардың тәуелсіздігі үшін күресте қорған, жаулап алу соғыстарын бастауға ұмтылған саясаткерлердің қолындағы басты ұран, этностың жойылып кетуіне жол бермеуге және оның гүлденуін қамтамасыз етуге қабілетті күш болды. Бұл ғалымдардың, саясаткерлердің және қарапайым азаматтардың мәселеге үнемі қызығушылық танытуын түсіндіреді.

Әрбір адамның Отанына деген сүйіспеншілік сезімі, алтын дінгек – ұшқан ұядан басталады. Ата-анасын, бірге өскен бауырларын қадірлеген адам –

анын да қастерлей біледі. Отан – ұлы ұғым. Осы ұлылықты қорғау жолында ата-бабаларымыз талай қан төгіп, ғасырлар бойы арпалысумен өткен. Сондай үлкен ерліктер арқасында ешкімнің де табанына тапталмай бізге жеткен кең байтақ жеріміз біз үшін қасиетті және асыл қазына. Сол Отанды біздер қадірлеуге, қастерлеуге тиіспіз. Қазақ: «Керуен басы білікті болса, көлік азбайды, қолбасшы білікті болса, сарбаз тозбайды», - дейді. Осы сөзде үлкен мән - мағына жатыр. Ел басқарып, билік тұтқасын ұстап отырғандар білікті болса халықтың жағдайы ешқашанда жаман болмайды, керісінше қоғамымыз өсіп, өркендейді. Үлкен Аралдан айрылды. Бала күнімізде ағаштан ағашқа өрмелеп әртүрлі жемістерін теріп жеп мәз болған саялы бақтардан айрылды. Көп нәрсені жоғалттық. Ендігі жерде қолда бар байлықты ысырап қыла бермей, ата-бабаларымыздан қалған осынау кең-байтақ жерімізді, сары даламызды, тауларымызды, өзен-көлдерімізді көздің қарашығындай сақтап, қорғауымыз керек. Әрбір қазақ азаматы өзінің еліне деген сүйіспеншілігін, ұлтжандылық қасиетін сөзімен емес, ісімен көрсетуге тиіс. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің асыл да, ержүрек ағаларымыз соңғы демі, ақырғы тынысы қалғанша елі, жері үшін шайқасқанда тарихта атымыз қалсын не болмаса үлкен атаққа ие болайық деген жоқ. Туған жердің бір пұшпағын да жауға таптатпаймыз деп бар жандарын салып қорғады. Отан олар үшін ана бейнесімен пара-пар еді. Сондықтан да олардың бойында Отан-анаға деген зор махаббат тұрды. Ал туған жерін қорғау азамат үшін үлкен абырой. Қазіргі таңда біз жастарымызды бұл, сенің далаң, сенің шөбің, сенің жусаның, сенің тауларың деп тәрбиелеуіміз керек. Және де сол ие болып отырған даланың өсіп-өркендеуіне, нығаюына, алдыңғы қатарлы ел болуына күш жұмсау керектігін үнемі жастарымызға айтып отыруымыз қажет.

Патриотизм – кез келген мемлекеттің алтын діңгегі. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы осы бір Отан үшін не көрмеді, не істемеді?! Елін, жерін қорғау үшін кескілескен соғыстар жүргізді, одан кейінгі ұрпақ қорлық пен зорлықтың сан түрін көріп, «елім, Отаным» дегені үшін атылып, түрмеге қамалып, қуғын көрді. Осының бәрі не үшін? Әрине, Отан үшін. Сонша ғасырлар бойы ата-бабамыздың арманы болған Отанды қорғай алмасақ, келешек ұрпақтарға қалай қараймыз, оларға қалай жауап береміз? Бүгінгі күні өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу барысында елеулі жұмыстар жүргізілуде. Ахмет Байтұрсынұлының «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» деген қанатты сөзін ескерген Елбасымыз жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, адал еңбек пен отансүйгіштікке баулуға ерекше көңіл бөлуде. Аталған жайттар Елбасымыздың жыл сайынғы дәстүрлі жолдауларында да айтарлықтай мазмұнға ие болып келеді. Оған дәлел ретінде 2014 жылдың 17-қаңтарындағы «Қазақстан -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауындағы Қазақстан тарихына енген маңызды 10 идеяның алғашқысы, ең бастысы - патриотизм болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің халқын отансүйгіштікке тәрбиелеу факторларына келетін болсақ: ең алдымен ұрпаққа білім бергенде ұлтына, тіліне қарамастан

білімнің қай саласы болмасын міндетті түрде мемлекеттік тілді үйрету. Патриот, отан қорғаушы жастарды тәрбиелегенде Отанды тек қарумен ғана емес, ақылмен де қорғау керектігін насихаттауымыз керек. Отан қорғау жолында құрбан болған батыр, ержүрек ағаларымызды, аталарымызды, бабаларымыздың ерліктерін үлгі ете отырып, мемлекетіміздің дамуы, өсіп-өркендеуі жолында көп пайдалы еңбек еткен азаматтардың да еңбегін ардақтауымыз керек. Бүгінгі таңда саяси тұрақтылық біздің қоғамымыз үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, әлемдік деңгейде тез өзгеріп отыратын жағдайларда, әр мемлекеттің басты міндеті болып, қоғамдық – саяси тұрақтылықты сақтау болып табылады. Философ – ғалым М. Изотов патриотизмді ұлттық, жалпы ұлттық және қазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады: «Ұлттық патриотизм – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды. Жалпы қазақстандық патриотизм - мемлекет халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, шынайы сүйіспеншілігі халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы», – деген тұжырым жасайды. «Патриотизм – тұлғаның бойындағы сапалық белгі. Патриотизмнің күре тамыры сақ, ғұн дәуірлерінен, Күлтегін, Тоныкөк, Алтын Орда батыры Ер Едіге, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т. б. бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, нақыл сөздер жас ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға игі ықпал етеді», - деп ой тұжырымдайды С.Т. Иманбаева өзінің монографиясында.

Еліміздің бір тума жазушыларының бірі – Кенжегарин А.З. өзінің еңбегінде: «Отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруда қайсарлық пен жігерлілікті, қырағылық пен батылдықты, мәрттілік пен өткірлікті, қаһарлылық пен намыстылықты бойына жиған қаһарман Бауыржан бейнесінің алар орны биік. Мұнда батыр бабамыздың мына сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетер ұлағатты өсиетін отансүйгіштікпен, ел қорғау ісімен, халықтар достығын құрметтеумен қорытындылайды: «Ей жүз жылдан кейінгі, мың жылдың ар жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естисің бе менің үнімді, жете ме саған менің дауысым. Жетсе, бүгінгі баламыздан бастап, көп ұлтты Отанымыздың барлық болашақ ұрпақтарына айтар екі ауыз сөзім бар. Ол Отанды сүйіндер, оны қорғандар, оған қызмет етіңдер!»-деген сөз. Ол – халықтар достығын қадірлендер, қасиеттеп ұстандар! Қазақстан Республикасының ішкі тұрақтылығы мен тыныштығына қауіп төндіретін көрсеткіштер: барлық аймақтарда коррупцияның етек алуы, қымбатшылық, байлар мен кедейлерге бөліне бастауы, ұйымдасқан қылмыстар және жұмыссыздықтың кеңінен етек алуы.

Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – адамдар санасына патриоттық іс-әрекетке құштарлық сезімін оятатын моральдық-саяси кәсіби және мінез-құлық қасиеттерін сіңіру болып табылады. Ал, патриоттық іс-әрекет дегеніміз - жеке адамның, әлеуметтік, ұлттық топтың Отан мүддесі үшін саналы түрде өз

еркімен қызмет етуі. Патриоттық тәрбие жұмысының барысында Отанға деген сүйіспеншілік, жалпыұлттық намыс, елдің экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси, әскери қуатын арттыруға, Отанды идеологиялық, саяси, қажет болса қарумен қорғауға әзірлік сезімі қалыптасады. Қай заманда болмасын қоғамның өзегі - ұрпақ тәрбиесі қашанда бірінші кезекке қойылады. Ел жастарымен көрікті. Қазіргі таңда жастарымыздың көпшілігі имандылыққа бет бұрып келеді. Имандылыққа бет бұрған қоғамда ізгілік, ибалық, отаншылдық, жауапкершілік және т.б. ұлы сезімдер бүр жарады. Тек иман ғана отаншылдық сезімін жүрекке байлай алады. Одан бөлек қазақ менталитетіне тән ерлікке табынған өзегімізде өлмейтін бір нәрсе бар. Ол – сонау ерте замандарда ата-баба жүрегінен бастау алып, ғасырлар қойнауынан сыр тартатын, өлсе, тек соңғы қазақпен бірге өлетін – ерлік сезімі.

Иманбаева С.Т. жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері жөнінде қорғалған докторлық диссертациясында былай дейді: Еліміз егемендік алумен байланысты және қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие беру мәселелері жаңа санатқа ие болды. Патриотизм - жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды салалық қасиеті. Сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін себеп-салдары болып табылады. А. Бижанов және басқа да ұжымдық авторлардың бірігіп жазған еңбегінде: Өтпелі кезеңдегі патриотизм ұғымына жан-жақта түсінік береді. Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуындағы этникалық факторлар, патриотизмнің негіздері мен компоненттері және құндылықтары баяндалады. Ұлтжандылықты дамыту мемлекетке байланысты екендігі көрсетіледі. Қазақстан әлемдік қауымдастықта» деп аталатын М.Б. Мұхамедовтың монографиясында: «тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты, әлем елдерімен байланысы қарастырылған. Республикамыздың әлемнің жетекші елдері - АҚШ, ҚХР, Германия, Түркия және Ресей сынды мемлекеттермен қарым-қатынастарына, ондағы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен ұлттық мүддесінің көптеген проблемаларына ерекше көңіл бөлінген. Соның ішінде этникалық факторлар, қорғаныс мәселелері, шетелдермен экономикалық және рухани салалардағы ынтымақтастық тереңірек айтылады. Тәуелсіздікке қол жеткізген бетте-ақ, әлемдегі алып елдердің бірі - көрші жатқан Қытай халық республикасымен мемлекетаралық достық қатынастарды орнату егеменді Қазақстанның сыртқы саясатындағы кезек күттірмес міндеттердің бірі болды. Бұл елдің миллиардтан астам халқы, үлкен экономикалық мүмкіндігі, оның экономикасының тұрақты дамуы, екі елдің шекаралас аудандарындағы тұрғындардың этникалық жақындығы – осының бәрі және басқа да көптеген факторлар Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басым бағыттардың бірі ретінде Қазақстан – Қытай қатынастарын бөліп көрсетуге объективті алғы шарттар жасайды [5].

Патриоттық рух – жалпы адамзаттық адамгершілік мұрат. Оны терең

тарихи-әлеуметтік негіздер нәрлендіреді. Бұл – ұзақ тарихи тәжірибеден қалыптасып, Отан тағдырының ауыртпалығына ұшырап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан табиғи өзін-өзі сақтау сезімі, өз мекенін әртүрлі жаулап алушылардан қорғауға деген ұмтылыс.

Жұмысымыздың логикасында осы жұмыстың әдістемелік нұсқауларын анықтауға және білім беру ұйымдарының білім алушыларын патриоттыққа тәрбиелеуге қатысты жетекші тұжырымдамаларды қарастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдерді: «патриот», «патриоттық», «патриоттық тәрбие», «білім беру ұйымдарының білім алушыларына патриоттық тәрбие беруді» анықтау маңызды.

Патриотизмнің тарихи қайнар көзі – жекелеген мемлекеттердің ғасырлар бойы туған жерге, тілге, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілікті өз азаматтарының бойына дарытуы, ұлттардың және мемлекеттердің қалыптасуы жағдайында патриотизм жалпыұлттық дамудағы қоғамдық сананың құрамдас бөлігіне айналады.

Тұлғалық деңгейде патриотизм адамның дүниетанымынан, адамгершілік қасиеттерінен, мінез-құлық нормаларын сақтауынан көрініс табатын оның ең маңызды сипаты ретінде әрекет етеді. Ал неғұрлым ауқымды (макро) көлемде қарастыратын болсақ патриотизм – ұжымдық көңіл-күйден, сезімдерден, баға беруден, өз халқына, оның өмір салтына, тарихына, мәдениетіне, мемлекетіне, іргелі құндылықтар жүйесіне қатысты сүйіспеншілігінен, көзқарасынан көрініс табады. Сондай-ақ, патриотизм адамның іс-әрекеттерінен де көрінеді.

Патриоттық тәрбие жалпы тәрбие беру процесінің ажырамас бөлігі бола отырып, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың азаматтар арасында жоғары патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық сезімін, Отанының мүддесін қорғау тұрғысындағы азаматтық борышын орындауға дайындығын қалыптастыру бойынша жүйелі және мақсатты қызметі болып табылады.

«Патриотизм» ұғымына:

- Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының тарихи энциклопедиясында «патриотизм – (грек тілінен аударғанда – отандас) Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, өз халқының игілігі үшін қызмет етуге, оның мүдделерін қорғауға ұмтылуынан көрініс табатын азаматтардың өз Отанының тағдыры үшін жауапкершілік сезімі»;

- Үлкен энциклопедиялық сөздікте «патриотизм – (гректің patriotes аударғанда – отандас, patris – отан) Отанға деген сүйіспеншілік; өзінің туып-өскен, тұрғылықты жеріне деген ынтықтық сезімі»;

- Этнографиялық сөздікте «патриотизм – (грек тілінен аударғанда – отан, атамекен) адамдардың әлеуметтік сезімдері, олардың адамгершілік және өмірлік саяси қағидалары және іс-әрекеттері түрінде көрініс табатын қоғамдық сананың Отанға, атамекенге, өз халқына деген сүйіспеншілігімен байланысты күрделі құбылыс;

- Мәдениеттану сөздігінде «патриотизм – адамзаттың қалыптасу кезеңінде пайда болған және ежелгі ойшылдар терең түсіне білген адамгершілік принциптер, адамгершілік нормасы мен адамгершілік сезімдер» деген

тұжырымдамалар берілген [6].

В.И. Даль сөздігінің түсіндірмесі бойынша «Патриот – Отанын сүйетін, өз игілігі үшін жанашыр, Отанын сүйетін, отаншыл» мағынасын білдіреді.

Қазіргі сөздік анықтамасындағы «Патриот» - Отанын сүйетін, халқына берілген, туған жерінің мүддесі жолында құрбан болуға және ерлік жасауға дайын адам [7].

С.И.Ожеговтың орыс тілінің сөздігінде патриот «Патриотизммен шабыттанған адам» деп аталады. Патриотизм – өз Отанына, халқына деген адалдық пен сүйіспеншілік, туған жердің мүддесі жолында қандай да бір құрбандықтар мен істерге дайын болу деп түсіндіріледі [8].

«Патриоттық қайшылықтар» мақаласының авторы Елена Иваницкая «патриот» ұғымының мәнін зерттеу барысында тамаша ерекшелік ашты: XX ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасынан бастап Ожегов сөздігінің басылымдарында «кез келген құрбандыққа және істер үшін дайын болу» деген түсінік анықтамадан алынып тасталды [9].

Түсіндірме сөздіктер бойынша патриот (гректің «жерлес, отандас») – өз Отанын сүйетін, өз халқына берілген, Отаны үшін әрекет ететін адам.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар қазіргі жағдайда «патриотизм» ұғымының мәнін және оның мазмұнын дәлірек түсінуге мүмкіндік береді.

«Патриотизм» ұғымының да біржақты түсіндірмесі жоқ.

Патриотизм – (грек тілінен аударғанда *патріотіс* – отандас, *патріс* – Отан) Шетелдік сөздер сөздігінің түсіндірмесінде – Отанға деген сүйіспеншілік, өз Отанына адалдық, оның мүддесіне қызмет етуге ұмтылу және оны қорғау үшін өзін-өзі көрсетуге дайын болу [10].

Ежелгі Грецияда *patria* («туған жер») термині туған қала-мемлекетке қатысты қолданылған, ал *patriota* термині өз саясатын қолдаушы және қорғаушы дегенді білдіреді, дегенмен тарихта жалпы грекиялық патриотизмнің үлгілері сақталған.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардың айрықша белгісі – жеке адамның туған жерге деген қарым-қатынасына мән беру. Негізінен олар адамгершілік сезімдерге келіп тіреледі, бұл патриотизмнің мәнін ашуға жеткіліксіз екені анық.

Айтылғандарды қорытындылай келе, патриотизм әртүрлі философиялық сөздіктерде адамның қандай да бір елге қатыстылығы мен азаматтығына, тіліне, салт-дәстүріне деген ерекше эмоционалдық тәжірибесі ретінде түсіндірілетінін; және өз Отанының мүдделеріне қызмет етуге дайын болу ретінде; және моральдық-саяси принцип ретінде әлеуметтік сезім (оның мазмұны – Отанға деген сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен бүгініне мақтаныш, Отанның мүддесін қорғауға ұмтылу); және туған жер ретіндегі Отанға деген немесе адамның ішкі сезіміне қарай Отан деп таныған елге асыл сүйіспеншілік.

Википедия патриотизмнің жан-жақты идеясын береді, оны моральдық-саяси принцип, әлеуметтік сезім ретінде анықтайды, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік пен жеке мүдделерді оның мүдделеріне бағындыру дайындығы болып табылады. Патриотизм өз Отанының жетістіктері мен

мәдениетіне мақтаныш сезімін, оның сипаты мен мәдени ерекшеліктерін сақтауға және өзін басқа халықтың өкілдеріне сәйкестендіруге ұмтылуды, Отан мен өз халқының мүдделерін қорғауға ұмтылуды білдіреді.

Патриотизм әртүрлі формада және әртүрлі деңгейде көрінетінін зерттеушілер де атап өтеді.

Формасы бойынша: полистік патриотизм (ежелгі қала-мемлекеттерде болған); империялық патриотизм (империяның бірлігі мен тұтастығын қолдады); этникалық патриотизм (өз этносына деген сүйіспеншілік сезіміне негізделген); мемлекеттік патриотизм (мемлекетке деген сүйіспеншілік сезіміне негізделген) болып ажыратылады.

Негізгі белгісіне қарай патриотизмнің *әртүрлі деңгейлерге бөлінеді*:

Белгілі бір әлеуметтік-мәдени кеңістікке объектілік бағыттылық негізінде Е.С. Троицкий ажыратады:

- мемлекеттік патриотизм,
- аймақтық патриотизм,
- жергілікті патриотизм.

Е.С. Троицкийдің идеясына Т.Е. Вежевичтің «Үлкен және көпұлтты Отанға деген сүйіспеншілік қарама-қайшы емес, шағын отанға, оның салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікті білдіреді. Кішкентай Отанға деген сүйіспеншіліктен туған отансүйгіштік сезімдер өзінің жетілу жолындағы бірқатар кезеңдерден өтіп, жалпы мемлекеттік патриоттық сана-сезімге, өз Отанына деген саналы сүйіспеншілікке дейін көтеріледі» деген пайымдауы сәйкес келеді.

Біздің ойымызша, көше, мектеп, кент, қала, туған маңы, өзендер мен бұлақтар бала кезімізден көзімізді қуантады және біздің санамызда туған-туысқандарымызбен және жақын адамдармен; балалық шақтың естеліктері; әндер мен билер, жергілікті диалект - мұның бәрі өмір бойы шағын отанға деген сүйіспеншілік пен байланыстың шарттары мен көріністерімен байланысты.

Патриотизмнің санаға әсер ету саласы бойынша төмендегідей ажыратады:

- макро деңгейлік,
- микро деңгейлік.

Өз зерттеулерінде Т.Е. Вежевич, макро деңгейде – жалпы қоғамдық деңгейде – патриотизм қоғамдық сананың ұжымдық көңіл-күйде, сезімде, бағалауда, өз халқына, оның өмір салтына, тарихына, мәдениетіне, мемлекетіне, негізгі құндылықтар жүйесіне қатысты көрініс табатын маңызды бөлігі болып табылады. Ол - кез келген ұлттар мен мемлекеттіліктің өмір сүруі мен дамуының іргетасының негізі... Біздің еліміздің көпұлтты болуы, ұлттық мәдениеттердің алуан түрлілігі және олардың өзара енуі қоғамның материалдық және рухани прогресіне ықпал етеді деп атап өтеді.

Микро деңгейде – жеке тұлғада – патриотизм адамның дүниетанымынан, адамгершілік идеалдарынан, мінез-құлық нормаларынан көрінетін аса маңызды, орнықты сипаттамасы ретінде көрінеді. Патриоттық сезіммен өмір сүретін адамды патриот деп атайды [11]

Патриотизм деңгейлері туралы түсінік осымен аяқталады деп ойлаймын.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар жалпы алғанда патриотизм ұғымының құрылымын, оның ішінде патриоттық сезімдерді, патриоттық құндылықтарды: әлеуметтік-адамгершілік идеал; патриоттық қарым-қатынастар: Отанға адалдық, оның өткені мен бүгініне мақтаныш, оның мүддесін қорғауға ұмтылу; патриоттық әрекеттер мен істерді анықтауға мүмкіндік береді.

Н.В. Снопконың патриоттық сана, патриоттық сезім, төзімділік, патриоттық наным-сенім және патриоттық мінез-құлық дағдылары ретінде айқындалатын патриотизм құрылымы туралы көзқарасы қызықты.

Автордың пікірінше, патриотизмнің бұл компоненттері статикалық, өзгеріссіз жағдайда емес, тұрақты байланыс және өзара байыту жағдайында, бұл өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу процесін үздіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Патриоттық сана қылықтардың сипатын, олардың орындылығын, қандай да бір жағдайдағы мінез-құлық себептерін айқындайды. Патриоттық сезімдер адамның танымдық күш-жігері мен ерік-жігерін, қызметке дайындығын, орындаудағы табандылығын, әсіресе Отанға қызмет етуде айқын көрініс табуын жандандырады [12].

Толеранттылық – бір жағынан басқалармен келісе отырып өмір сүре білу сияқты және ерекше тұлғалық ұстаным ретінде адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу арқылы іске асырылады, әртүрлі ұлттар мен діни сенімдердің адамдарына төзімділік, қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарына жататындығы, өзге де пікірге, басқа ұлттар мен халықтардың мәдени мұрасына құрметпен қарау, жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға ұмтылу, білім алушылардың мәдениетаралық диалог процесінде өз әрекеттерін түсінуі. Патриотизм туралы білімді меңгеру нәтижесінде және адамның патриоттық сезімдерін дамыту нәтижесінде патриоттық сенімдер қалыптасады, олар патриотизм туралы білімнің дұрыстығына және оларды өмірде қолдану қажеттілігіне сенімділікті, жалпы адамзаттық құндылықтарды жеке адамның сезінуін, өздерінің өмірлік жоспарларын жүзеге асыру үшін олардың маңызын білдіреді.

Зерттеуіміздің бағыты бойынша, патриот ұстанымының мінез-құлық компонентін қалыптастырудың негізгі құралы әлеуметтік жаттығулар болып табылады – сонымен қатар осы таңдау үшін жауапкершілікті өзіне қабылдаумен бірге тәрбиенің өзін-өзі анықтауға, өзі үшін ең қолайлы мінез-құлық тәсілін таңдауға түрткі болатын жағдайларды жасау. Бұл ретте тәрбиеленуші адамгершілік қылық жасаған кезде адамгершілік ұстаным (оның мінез-құлық компоненті) қалыптасады деп болжанады. Патриоттың ұстанымы Отанның игілігі үшін әлеуметтік қызметке ерікті түрде қосылу болуы тиіс, Патриоттық дағдыларды іске асыру кезінде эмоционалды қабылданған идеялар бекітіледі, саналы қажеттілікке айналады.

Бұл құрылым қазіргі заманғы өмірдің шындығында патриотизмнің мәнін барабар көрсетеді.

Жеке тұлғаның патриоттық мәдениетінің құрылымында:

- ментальды деңгей (көрсетілген шындық бейнесі);
- рухани деңгей (адамның қоршаған шындықтағы позициясын эмоциялық-еріктік реттеушілер аясы);
- жан деңгейі (қарым-қатынас, мінез-құлық, тартылу саласы);
- психологиялық деңгей (мотивтер, қажеттіліктер, ұмтылыстар);
- позициялық деңгей (дамудың нақты және өзекті мәртебелік-рөлдік перспективасы).

Айтылғандарды қорыта отырып, патриотизм жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің кешені немесе жүйелі сапасы: әлеуметтік сезім (Отанға деген сүйіспеншілік), патриоттық идеология, әлеуметтік-мәдени құндылық (жалпы мемлекеттік деңгейдегі жүйе құраушы құндылықтардың бірі), азаматтық сәйкестендірудің өлшемі мен бір мезгілде қорытындысы, моральдық-адамгершілік құрылымдар (патриоттық дүниетаным), вектор жеке тұлғаның практикалық патриоттық әрекеттерге дайындығымен анықталатын практикалық мінез-құлық

Патриотизмнің маңызды мәнді сипаттамаларының ішінде зерттеушілер мыналарды атап көрсетеді.

Біріншіден, патриотизм қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына тән, тұлға дамуының жоғары деңгейімен сипатталатын және оның Отан игілігі үшін белсенді-белсенді өзін-өзі көрсетуінде көрініс табатын аса маңызды құндылықтардың бірі болып табылады [13].

Екіншіден, патриотизм – қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың іргетасы, оның өміршендігінің идеологиялық тірегі, әлеуметтік және мемлекеттік институттардың барлық жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің негізгі шарттарының бірі.

Үшіншіден, патриотизм – Отанмен туысқандығын, оның өмір сүруіне деген ықыласын, қандай нақты саяси формаларды қабылдайтынын терең сезіну, бастан кешіру.

Төртіншіден, патриотизмге ұлттық шовинизм мен нәсілдік кемсітушілік жат. Ұлттық сананың түрі ретінде патриотизм барлық басқа халықтардың еркін дамуға тең құқығын, ұлттық-мәдени ерекшелігін, олар үшін дәстүрлі өмір салтын, оларға тән құндылықтарды, нормаларды, дәстүрлерді мойындайды және басқаларға өз түсініктері мен ұлттық стереотиптерін таңу мүмкін емес деп есептейді [14].

Көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан патриотизм мен оның дүниетанымдық сипаттамалары - құндылықтар, идеалдар, мағыналар, рәміздер, дәстүрлер, инновациялар және т.б. жүйесіне патриотизмнің білім беру жүйесіне кірігуі негізделеді. Құндылықтар мен идеялардың педагогикалық жүйесін дамыту қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Оның дәлелі – өткен педагогтардың әрқайсысының (К.Д. Ушинский, Н.Ф. Бунаков, В.Я. Стоюнин, В.И. Водовозов, В.П. Острогорский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский және т.б.) патриоттық тәрбие мәселелерін түсінуге ұмтылуы.

Патриотизм мәдениетін тәрбиелеу оқушылардың санасы мен сезіміне мақсатты ықпал ету процесі ретінде қарастырылады және оларда белгілі бір

құрылымдарды, мотивтерді, ұғымдарды, құндылықтар принциптерін, идеалдарды, мінез-құлық, әрекет және тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға функционалдық бағдарланған. Сонымен қатар, педагогикалық процестің құрылымындағы білім беру процесі оқушылардың патриоттық әрекетті белсенді иеленуімен сипатталады және жеке тұлғаның рухани дамуында ішкі көрініс табады.

Авторлар «Отан», «халық», «ру», «ата-ана», «туыстар», «туысқан» ұғымдарының терең байланысын атап өтеді – егер адам өз ата-анасын және өз руын жақсы көретін болса, онда ол өз халқын, өзінің үлкен және кіші Отанын да жақсы көреді. Біреуі біреуінсіз өмір сүре алмайды. Авторлар бұл тізбекті патриоттық тәрбиенің негізі деп атайды.

Қазіргі зерттеулерде патриотизм ұғымымен қатар «азаматтық», «ұлтшылдық», «космополитизм» ұғымдары қарастырылады. Осы ұғымдарды қарастырудың анықтамалары мен тәсілдерін егжей-тегжейлі талдауды мақсат етпей, біз келесідегілерді атап өтеміз:

1. Азаматтық көптеген зерттеулерде патриотизмнің синонимі ретінде, ал бірқатар зерттеулерде соңғысына қатысты кеңірек ұғым ретінде қарастырылады.

2. Ұлтшылдық ұғымына соңғы уақытта көп көңіл бөлінуде: кейбір жағдайларда ұлтшылдықтың оң принциптері этникалық топтардың, әсіресе жойылып бара жатқан этностардың мәдениеті мен өзіндік ерекшеліктерін сақтауда қазіргі Қазақстандағы ұлтшылдықтың көріністері.

3. «Патриотизм» және «космополитизм» ұғымдарының арақатынасына келетін болсақ, олар негізінен антонимдер ретінде қарастырылады. Бірқатар зерттеушілер бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде дамып келе жатқан космополитизм идеясының қазіргі қазақстандық қоғамда таралуы мен танымалдығының жоғары дәрежесін атап өтеді.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда азамат-патриот болу процесі, В.С. Горбунов – патриоттық тәрбиенің интегралды жүйесі, оны автор «патриотизм педагогикасы» деп түсінеді, ол адамгершілік құндылықтардың негіздемесін, патриоттық тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, мазмұнын, формалары мен әдістерін, қызметін қамтиды. Автордың түсінігінде «патриотизм педагогикасы» – патриоттық тәрбиенің тұтас процесі, оның мәні мен пафосы – Отанға деген сүйіспеншілік, Отан мұраты; осы процестің барысы мен нәтижесінде әртүрлі қызмет түрлерінде жүзеге асырылатын арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдаяттарда жеке тұлғаның азаматтық-патриоттық бағыттылығын (оның азаматтық, патриоттық өзіндік санасын, дүниеге патриоттық көзқарасын) қалыптастыру және дамыту [15].

Зерттеудің пәндік саласы тұрғысынан тәрбие әлеуметтік құбылыс ретінде де, педагогикалық қызметтің бағыты ретінде де, адамның әлеуметтік өмірінің, әлеуметтенуінің факторы ретінде де қарастырылады. Біз үшін зерттеушінің патриоттық тәрбиенің *жүйе, процесс және қызмет* ретіндегі көп функционалдығы туралы ұстанымын нақтылауы әдіснамалық маңызды болып табылады. Бұл ұғымның жоғарыда аталған барлық мағыналары тәрбиенің

сәйкес мағыналық құрылымдарына айналады.

Объективті білім беру *процесі* ретінде тәрбие әлеуметтік субъектілердің өзара, қоршаған табиғи және әлеуметтік ортамен кең, көп қырлы өзара әрекеттесуі болып табылады. Бұл өзара әрекетте тәрбиеші мен тәрбиеленуші бір мезгілде өзін-өзі өзгерту субъектілері және әсер ету объектілері ретінде әрекет етеді. Тәрбие үрдіс ретінде білім беру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қасиеттерді қалыптастыру мақсатында білім беру субъектісінің объектіге мақсатты және жүйелі әсер етуі. Бұл анықтама бір жағынан білімді тұлғаның санасына, сезіміне, еркіне педагогикалық әсер ету жүйесін жүзеге асыратын тәрбиешілер, екінші жағынан, тәрбиешілер іс-әрекетінің бірлігі ретіндегі тәрбие процесінің мәнін қамтиды. өз қажеттіліктерінің, мотивтерінің, өмірлік тәжірибесінің, сенімдерінің және басқа факторлардың әсерінен осы әсерлерге белсенді түрде жауап беретін адамдар [16].

Бұл екі анықтама да тәрбиенің процесс ретіндегі мағыналық құрылымын білдіреді. Тәрбие процесс ретінде тәрбиелік әсер ету объектісінің өзгеру реттілігін сипаттайды және процестің мәнін құрайды. Объектіні есепке алмай, процесс туралы айту мүмкін емес.

Тәрбие жүйе ретінде тәрбие мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін біріктірілген өзара байланысты элементтердің жиынтығы болып табылады. Ондағы тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерімен анықталатын модельді, алгоритмді және технологияны бөліп көрсетуге болады [17].

Тәжірибеде тәрбиенің мәні іс-әрекеттің барлық субъектілерінің біртұтас, ұйымдық түрде ресімделген өзара әрекеті ретінде көрінеді, олардың қарым-қатынастары мен тәрбиелік функцияларының сипаты педагогикалық принциптермен реттеліп, тұлғаны дамытуға бағытталған.

Тәрбиенің мақсаты – арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік іс-әрекеттер мен әрекеттерді жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылатын адамда күтілетін өзгерістер. В.А. Сластениннің айтуынша, тәрбиенің мақсаттары біржолата қойылмайды, олар біркелкі емес, белгілі бір қоғам жариялаған идеялық-құндылық нұсқаулармен анықталады. Тәрбиенің мақсаттары нақты тарихи сипатта болады. Олар әрқашан белгілі бір дәуірге ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік жүйелерге, мемлекеттің институттарына тән. Ғалым оқу-тәрбие жұмысы мақсатқа тікелей жетуді көздемейтінін, өйткені уақытпен шектелген ұйымдық формада оған қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетеді. Тәрбие жұмысында, оның ойынша, мақсатқа бағытталған нақты міндеттердің дәйекті шешімін ғана қамтамасыз етуге болады [18].

Азаматтарды тәрбиелеудің негізгі мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тұжырымдалған және мемлекеттік органдардың құжаттарында көрсетілген.

Қазіргі заманда тәрбиенің басты мақсаты – әрбір азаматтың бойында әлеуметтік-құндылық қасиеттердің, көзқарастардың, сенімдердің тұтас кешенін қалыптастыру, оның табысты дамуын қамтамасыз ету үшін материалдық, рухани, ұйымдастырушылық жағдай жасау.

Тәрбиенің негізгі міндеттеріне:

- ғылыми дүниетанымды қалыптастыру;
- белсенділікке оң мотивация мен шығармашылық қатынасты дамыту;
- тұлғаның үйлесімді және жан-жақты дамуы;
- жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені және Отанның патриоттық дәстүрлерін сіңіру және т.б. жатады.

Патриоттық тәрбие кең мағынада – бұл мемлекеттік билік органдары мен қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің азаматтарда жоғары патриоттық сана-сезімді, өз Отанына адалдық сезімін, азаматтық борыш пен Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға әзірлікті қалыптастыру жөніндегі жүйелі және мақсатты қызметі. Тар мағынада зерттеушілер патриоттық тәрбиені патриоттық тәрбиенің жекелеген субъектілерінің жүйелі және мақсатты қызметі ретінде қарастырады.

Патриоттық тәрбие өзара байланысты элементтердің, ішкі тұрақты байланыстардың және объективті және субъективті сипаттағы қатынастардың алуан түрлілігін, сондай-ақ мазмұнды, ұйымдастырушылық кіші жүйелерді қамтитын күрделі басқарылатын жүйе ретінде, есепке алу осы жүйені тиімді және сапалы басқаруға мүмкіндік беретін әртүрлі деңгей мен тәртіптің заңдылықтары көрініс табады және жұмыс істейді.

Патриоттық тәрбие сонымен қатар оның объектілері мен субъектілерінің мақсатты өзара іс-қимылының, оқушының жеке басына, қоршаған ұжымға (адамдар тобына), жалпы қоғамға ықпал етуінің ерекше процесі болып табылады.

Патриоттық тәрбие – білім беру ұйымдарының білім алушыларының танымдық іс-әрекет тәжірибесін, эмоционалдық-құндылық қатынастарды меңгеруі жағдайында патриоттық сана мен құндылықтарды, сезімдер мен көзқарастарды, Отанға қызмет ету сенімдері мен мотивтерін қалыптастыруға бағытталған педагогтар мен мектеп білім алушылардың сабақ барысында және сыныптан тыс іс-шаралар процесінде патриоттық бағыттағы қызметтің әртүрлі түрлеріндегі тиімді және практикалық тәжірибе өзара әрекеттесу процесі.

«Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру» ұғымы логикалық тұрғыдан толық болуы үшін «мектеп оқушысы» ұғымының мәнін анықтайық.

Сөздікте «мектеп оқушысы» ұғымның бір ғана мағынасы беріледі. Дәл осы мағынада – дамып келе жатқан тұлғаның Мектеп (Білім) әлеуметтік институтына жататыны және оның тәрбиелік ықпалдарына ашықтығында біз «мектеп оқушысы» ұғымын түсіндіреміз. «Мектеп оқушысы» түсінігін анықтаудағы гуманистік екпінді және мұғалім мен мектеп оқушыларының өзара әрекетін субъект-объекттен субъект-субъектке ауыстыру мүмкіндігін растау үшін Л.Н. Толстойдың: «Мектеп оқушылары - кішкентай болса да, бірақ біз сияқты қажеттіліктері бар адамдар» - деген сөзін еске түсіреміз.

Патриотизм оқушыларды оқыту, әлеуметтендіру және тәрбиелеу процесінде қалыптасады. Алайда патриотизмді дамытуға арналған әлеуметтік кеңістік мектеп қабырғасымен шектелмейді. Мұнда қоғамның отбасылық және БАҚ, қоғамдық ұйымдар, мәдениет және спорт мекемелері, қосымша білім

беру, денсаулық сақтау мекемелері, құқық қорғау органдары, әскери ұйымдар, әлеуметтік қорғау басқа да әлеуметтік институттары маңызды рөл атқарады.

Патриотизмнің құрамына:

- адамның туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілік сезімі;
- өз халқының тілін құрметтеу;
- Отан мүддесіне қамқорлық;
- Отан алдындағы парызды сезіну, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін,

бостандығы мен тәуелсіздігін сақтау (Отанды қорғау);

- азаматтық сезімнің көрініс табуы және Отанға деген адалдықты сақтау;
- өз елінің әлеуметтік және мәдени жетістіктерін мақтан тұту;
- өз Отанына, мемлекет рәміздеріне, өз халқына деген мақтаныш;
- Отанның, оның халқының тарихи өткенін, оның әдет-ғұрыптары мен

салт-дәстүрлерін құрметтеу;

- өз еңбегін, қабілетін Отанының күш-қуатын нығайту мен өркендеуіне арнаудан көрініс табатын Отанының және өз халқының тағдырына, олардың болашағына деген жауапкершілік сезімі;

- гуманизм, мейірімділік, жалпы адамзаттық құндылықтар кіреді [19].

Патриотизмнің бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады, олар:

- биологиялық, Л.Н. Гумилевтің және әлеуметтік-демографиялық кеңістік теориясының басқа да жақтастарының анықтамасы бойынша, ол берілген аумақтық-географиялық ауданда ғарыштық сәулелену әсерінен ген-жасушалық деңгейде қалыптасады;

- патриотизмнің психологиялық деңгейі, И. П. Павлов сипаттаған екінші сигналдық жүйе негізінде қалыптасады. Психологиялық патриотизмнің негізгі компоненттері базалық мәдениет ретінде кіші және жасөспірімдік балалық шақта ұлттық тәрбие беру процесінде қалыптасады;

- патриотизмнің әлеуметтік деңгейі тұлға өмір сүруінің өркениетті нормаларымен байланысты болады. Бұлар – тұлғаның мінез-құлықтың жазылған және жазылмаған нормаларын, әлеуметтік этиканы, үйлесім мен сыйластықты, конвенционалдық рөлдерді орындауы, оның осы нормалар мен рөлдерге «өзінікі» ретіндегі ішкі және психологиялық қатынасы;

- патриотизмнің рухани деңгейі бейресми дүниетанымнан қалыптасатын дәстүрлі наным-сенімдермен байланысты болады.

Патриотизмнің әр түрлі аспектілерін зерттеуге арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерді талдау оны когнитивтік (білім, көзқарас); эмоционалдық (қарым-қатынас, сезімдер); мінез-құлықты (іс-әрекетке дайын болу, нақты іс-әрекет) тәрізді үш аспектіден тұратын күрделі интегралдық психологиялық құбылыс ретінде анықтауға мүмкіндік береді [20].

Күрделі құбылыс ретінде патриотизмді әр түрлі аспектілерде қарастыруға болады. Философиялық аспектіде патриотизм белгілі бір қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық ерекшеліктеріне және осы құбылыстың инварианттық (Отан) және вариативті (Атамекен) ерекшеліктерін бейнелейтін «табиғи» негіздердің болуына байланысты әлеуметтік-тарихи құбылыс болып табылады.

Әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда патриотизмді жеке тұлғаның Отан

мен Атамекенге деген көзқарасын білдіретін, құндылық қатынастарының объектілері ретінде әрекет ететін әлеуметтік-адамгершілік құндылық ретінде қарастыруға болады.

Психологиялық-педагогикалық аспектіде патриотизмді күрделі адамгершілік қасиет ретінде қарастыру заңды болып табылады.

Патриотизмнің біртұтас сипаттамасы оның аспектілерін жан-жақты талдауға, мағыналық жалпылау әдісін және толықтау принципін қолдануға негізделген. Бұл ретте патриотизм жеке саяси немесе адамгершілік принциппен емес, тұлғаның жеке адамгершілік сапасымен емес, оның қасиеттерінің интегралдықтығымен байланысты, бұл патриотизмді жеке адамның әлеуметтік-адамгершілік бағыттылығының ажырамас бөлігі болып табылатын әлеуметтік-моральдық императив ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [21].

Белгілі бір қоғамның әлеуметтік-адамгершілік нормаларының жиынтығын бейнелейтін патриотизм ел мен мемлекеттің одан әрі үдемелі дамуы үшін қажетті шарт болып табылады. Оның ішінде рационалды, эмоционалдық-психологиялық және белсенділік компоненттері, патриотизм патриоттық бағыттағы қызметке серпін береді. Оның үстіне, бұл серпін салыстырмалы түрде тұрақты, ол патриотизмді адамның Отан мен Атамекенге деген құндылық қарым-қатынасын білдіретін және оны патриоттық бағыттағы қызметке ынталандыратын әлеуметтік-моральдық тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Патриоттық тәрбиенің міндеттері мен мазмұны «патриотизм» ұғымының құрылымынан көрінеді және патриоттық сезімді тәрбиелеу, патриоттық білім негізінде патриоттық сипаттағы көзқарастар мен нанымдарды қалыптастыру, патриоттық іс-әрекетке қатысты тәжірибені кеңейту және оң көзқарасты қалыптастыру қамтиды.

Патриоттық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері осы процесті ұйымдастырудың жалпы заңдары мен принциптерін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын патриоттық тәрбие ерекшеліктерін көрсететін жалпы педагогикалық және нақты қағидаттар кешені негізінде жүзеге асырылады.

Көптеген жетекші педагогтардың пікіріне қосыла отырып, патриоттық тәрбиенің негізін құрайтын келесі жалпы педагогикалық принциптерді бөліп көрсетуге болады: гуманистік бағыттылық принципі; ғылымилық; білім мен дағдының, сана мен мінез-құлықтың бірлігінде қалыптасуына назар аудару; сабақтастық, бірізділік және жүйелілік принципі; көрнекілік принципі; педагогикалық менеджментті білім алушылардың бастамасы мен тәуелсіздігін дамытумен ұштастыру; білім алушылардың санасы мен белсенділігі; педагогикалық өзара іс-әрекет субъектілері талаптарының бірізділігі; теорияның практикамен байланысы; педагогикалық өзара іс-қимылдың білім беру, тәрбиелік және дамытушылық нәтижелерінің бірлігі және т.б.

Патриоттық тәрбиенің ерекшеліктерін көрсететін нақты қағидаттарға ұлттық, ықпалдастықты, нұсқалықты, икемділікті және үздіксіздікті жатқызуға болады. Патриоттық тәрбиедегі ұлттық қағидаты халық педагогикасының мол тәжірибесін, яғни салт-дәстүрлермен, туған өлкенің тарихымен таныстыруды

және т.б. өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде пайдалануды қарастырады.

Патриоттық тәрбиедегі ұлттық принципі оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасы жинақтаған өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің мол тәжірибесін пайдалануды; елімізде өмір сүретін ұлттардың салт-дәстүрлерімен; туған өлкенің тарихымен және т.б. таныстыруды қарастырады.

Құрылымдық, мазмұндық, ұйымдастырушылық тәрізді бірнеше бағыттар бойынша іске асырылатын ықпалдастық принципі маңызды принцип болып табылады. Білім беру процесінің құрылымында аталған принцип білім беруді, тәрбиелеуді және дамытуды жалпы педагогикалық процесте біріктіруді қарастырады. Мазмұны жағынан бұл қағидат қарастырылып отырған процестің әдіснамалық, теориялық және қолданбалы аспектілерінің бірлігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның тәрбие жұмысының басқа бағыттарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету кезінде жүзеге асырылады. Ұйымдастыру аспектісінде бұл қағидат органикалық бірлікті қолдануды және педагогикалық өзара іс-қимылды ұйымдастырудың түрлі нысандары мен әдістерінің оңтайлы үйлесімін көздейді.

Икемділік пен үздіксіздіктің бірлігі патриоттық тәрбие берудің тағы бір нақты принципі болып табылады. Аталған принципті философиялық тұрғыдан түрлі құбылыстардың даму процесі деп сипаттауға болады. Патриоттық тәрбиені сипаттаған кезде бұл қағидат үздіксіз жүзеге асырылатын патриоттық сезімдерді тәрбиелеуді, тәрбиеленушілердің эмоциялық тәжірибесіне сүйенуді көздейді дегенді білдіреді.

Гуманистік бағыт принципі – педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде бірізді қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде тұлғамен және ұжыммен ізгілікті қарым-қатынас негізіндегі өзара әрекет стратегиясы.

Жалпы адамзаттық құндылықтар принципі – тәрбие рухани-адамгершілік дәстүрлер мен ұлттық және әлемдік мәдениет нормаларына негізделуі қажет деп санайды.

Мәдени сәйкестілік принципі – тәрбие мәдениеттің жалпы адамзаттық құндылықтарына негізделуі және жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттер нормаларына сәйкес құрылуы тиіс.

Үздіксіздік принципі – тұлғаны тіршілік әрекетінің барлық кезеңінде жан-жақты дамыту, оның күші мен қабілетін, кәсіби және жалпы мәдени өсуін барынша толық жүзеге асыруда шығармашылық әлеуеті мен мүмкіндіктерін байыту.

Табиғи сәйкестілік принципі – табиғат дамуының ортақ заңдарының басымдығы; табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысы; тәрбие жұмысында білім алушылардың жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру.

Тұтастық принципі оқу және оқудан тыс қызметтердің кіріктірілуімен қамтамасыз етіледі: оқу қызметі когнитивті құрамдасты қалыптастыру; сабақтан тыс қызметте эмоционалды-құндылықты мінез-құлықтық құрамдас дамыту.

Этникалық принцип – тәрбиені ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған

ұлттық мазмұнмен толтыру, барлық азаматтар үшін ана тілінде білім алуына және қарым-қатынас жасауына, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді зерттеуіне жағдай жасау [22].

Бұл принциптерді бөліп көрсетудің заңдылығы халықтың өз Отанына деген сүйіспеншілігін бейнелейтін «патриотизм» ұғымының мәнімен; қазіргі жағдайдағы патриоттық тәрбиенің ерекшеліктерімен; Қазақстанда өмір сүретін ұлт өкілдерінің ұлттық сана-сезімінің өсуімен; Қазақстанның тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне және т.б. назар аударуларымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, патриоттық тәрбиенің заманауи принциптеріне келесідей сипаттама беруге болады (1-кесте)

1-кесте – Патриоттық тәрбиенің бағыттарының сипаттамасы

Принциптің бағыты	Сипаттамасы
Отанға қызмет ету	Патриоттық тәрбиенің кіріктірілген принципі болып табылады. Қазіргі жағдайда қағидаттың талаптары патриотизмді тәрбиелеу саласына шығармашылық қызмет пен Отан қорғау тұрғысынан да қолданылады.
Тарихи және әлеуметтік есте сақтау	Принциптің талабы – өткен, қазіргі және болашақ арасындағы байланысты орнату жүзеге асыру, әлеуметтік тәжірибені бекіту, жинақтау, сақтау және еселеу (қалпына келтіру, қайта жасау, модельдеу) тетігі болып табылады. Сонымен қатархалықтың рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи мұрасын сақтау қызметін орындайды және патриоттық тәрбие мазмұнының қайта жаңғыртылған түрінде осы мұраны қалпына келтіреді. Қазіргі жағдайда қағидаттың талаптары патриотизмді тәрбиелеу саласына шығармашылық қызмет пен Отан қорғау тұрғысынан да қолданылады.
АҚШ-та бірінші сыныптан бастап сабақ басталар алдында американдық мектеп оқушылары «Мен, бір ұлтқа біріккен, еркіндік пен әділеттің символы болған Америка Құрама Штаттарының туы мен республикама ант етемін» деп күн сайын мемлекеттік туға ант береді. Алайда, АҚШ-та жиі кездескенімен, бұл тәжірибе кеңінен таралмаған. Кейбір штаттарда ант мүлдем айтылмайды, айына бір рет, кейбір мектептерде оны тек бастауыш сынып оқушылары ғана айтады.

АҚШ-та патриотизмді тәрбиелеу азаматтық тәрбие сияқты бағыт аясында жүзеге асырылады, ол елдің білім беру саясатының жетекші бағыттарының бірі, мысалы: «Ұлттық және қоғамдық қызмет туралы акт»; «Демократияға арналған Білім туралы акт» (2001) және т. б.

АҚШ-тағы патриотизмнің негізгі компоненттері:

1. АҚШ Конституциясы бойынша мораль мен бостандықтарды жүзеге асыру.

2. Барлық американдықтар бағалайтын және мойындайтын Мемлекеттік рәміздер (әнұран мен ту).

3. Сайлауда дауыс беру, қоғамдық қызметке қатысу. Осыған байланысты американдықтарға патриотизм мемлекет пен мемлекет басшыларының таңдауына әсер ету мүмкіндігінде көрінеді.

4. Фактілер мен процестерді сыни тұрғыдан түсінуге кедергі келтірмейтін патриотизмнен азат академиялық сала. Жастар әрқашан ақиқатты ұстанумен, сыни талдаумен ерекшеленеді. Академиялық саланың жүйелі патриоттық тәрбиеден еркіндігі жастардың сыртқы және ішкі саясат, оның ішінде қазіргі президент пен биліктің барлық тармақтарының мәселелерін бағалауға деген сыни көзқарасын қамтамасыз етуге бағытталған.

5. Мақтануға тұрарлық президент – жанды және патриотизм символы. Патриотизмнің құрамдас бөлігі ретінде президенттік институт мемлекеттің жанды символы және патриотизмнің қайнар көзі. Еңбектегі қателіктері мен кемшіліктеріне қарамастан Америка халқы өз президенттерін мақтан тұтады.

6. АҚШ үкіметінің саясатының дұрыстығына қарамастан, әскери қызметкерлерді қолдау. Американдықтардың 87%-ы әскери қызметті жеке патриотизмнің жарқын көрінісі деп санайды.

7. Әркім өз қалауын таңдай алады. Бұл компонент американдықтарда ерте жастан бастап тәрбиеленеді. Мұндай тәрбие ел тағдырына қатыстылық сезімін қалыптастыруға көмектеседі; жергілікті және ұлттық деңгейде болып жатқан оқиғалар үшін жауапкершілікті тәрбиелейді; қоғамдық бастамаларға қатысу тілегін қалыптастырады.

Патриотизмнің орталық идеялары – бостандық, теңдік және әділеттік принциптері. Американдық философ М. Адлер – «...біздің қоғамның өмірі осы үш идеяға негізделген. Олар адамзат қазіргі кезде қол жеткізуге тырысатын және болашақта ұрпақтарына бергісі келетін мұраттарды бейнелейді» деп сипаттайды.

Патриоттық қасиеттердің сипаттамасы – батылдык, жауапкершілік, құрылтайшылар алдындағы ризашылық және ортақ игілік үшін жанқиярлық. Американдықтардың өзін-өзі тануы Американдық ұлттық идеяның әділеттіктің ерекше формасы ретінде бірегейлігін білдіреді. [35,36].

Қытай Халық Республикасы

Бүгінгі заманауи әлемде Қытай АҚШ-пен қатар негізгі экономикалық және қазіргі әлемнің геосаяси ойыншысы ретінде ерекше рөл атқарады. Әрбір қытай – бұл елдің ғана емес, қаланың, ауылдың және тіпті туған үйінің патриоты. Ол өз елінің, провинциясының, ауылдың аумағы қандай екенін, оның қанша тұрғыны бар екенін біледі. Бүкіл Қытай идеясы Конфуцийдің еңбектерін кеңінен тарату арқылы дүниетанымға және ХІХ ғасырдың аяғында Кан Ю-Вэй тұжырымдаған Дутун тұжырымдамасына («ұлы бірлік пен теңдік» идеясы) негізделген. Қытай үшін басты құндылықтар – оның Отаны, Ана тілі, отбасы.

Мұның бәрі патриоттық тәрбиемен байланысты, бұл бүкіл Қытай педагогикасының басты идеясы. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап қытай баспасөзінің материалдарында «патриотизм – қытай ұлтының ең жақсы дәстүрі және ең жоғары адамгершілік қасиеті», ал «патриоттық тәрбие формасы» отандық тарихты зерттеу деп ұрандады. Бұл ретте, тәрбиенің барлық басқа түрлері патриотизм призмасы арқылы ғана қарастырылады деп насихатталды.

Мектептің ресми мемлекеттік саясатын енгізуді мұғалім жүзеге асырады. Педагогикалық университеттерде студенттерді даярлау аясында адамгершілік тәрбиесінің арнайы бағдарламасы жасалды, оған көптеген бөлімдер, соның ішінде патриоттық тәрбие, Қытай рухын тәрбиелеу, Қытай тарихын, дәстүрі мен мәдениетін зерттеуге қатысты бөлім кіреді.

«Интернет-ресурстар арқылы патриоттық тәрбие студенттердің Қытай әлеуметтік желісінің өзара іс-қимылы жағдайында патриотизм тақырыбына деген қызығушылығын дамытады. WeChat, Weibo, QQ сияқты Интернеттің таралуы жағдайында мамандандырылған сайттар мен форумдар құру Қытай студенттерін патриоттық тәрбиелеудің өте тиімді құралы болып саналады. «Патриоттық фильмдер айлығы», «онлайн Волонтер», «Нанкин қырғынында қаза тапқандарды еске алу» сияқты интернеттегі іс-шаралар студенттердің тарихқа деген құрмет сезімін қалыптастырады және әлеуметтік-экономикалық дамуға өз үлесін қосады деп санайды. Ән айту және музыка сияқты сабақтар қытай мектептерінде адамгершілік-идеологиялық және саяси тәрбие мақсатында кеңінен қолданылады. ҚХР Мемлекеттік білім Комитеті 100-ге жуық түрлі әндер мен музыкалық шығармаларды, соның ішінде: елдің Әнұраны, Отан, бірлік-күш туралы және «компартиясыз Қытай жоқ» әндерін шырқауды ұсынады. ҚХР білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетінің

адамгершілік тәрбие басқармасы «мемлекеттік туды көтеру рәсімі және адамгершілік-патриоттық тәрбие» атты әдістемелік құралды жариялап, елдің барлық мектептеріне қолдануға кеңес берді.

Қытай үкіметі мемлекеттік дәстүрлі мерекелерді патриоттық тәрбие беру тәсілі ретінде пайдаланады.

ҚХР дәстүрлі мерекелер мәдениеті бойынша «фольклорлық мәдениет» және «мәдени мерекелер» сияқты оқу пәндерін оқытуға белсенді әсер етеді. Дәстүрлі мерекелерді өткізу кезінде аспан асты елінің тұрғындары мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады, салт-дәстүрлерді ұстанады, мерекелік киім киеді, мерекеге орай дастархан әзірлейді. Осындай әрекеттердің арқасында жастар өз дәстүрлерін ұмытпайды, аға буын өз білімдерін жас ұрпаққа береді. Нәтижесінде студенттер мен оқушылар өз елінің ежелгі мәдениеті мен тарихымен танысады.

Қытай Коммунистік партиясы жастар бөлімшесі онлайн ойын әуесқойларын патриоттық тәрбиемен айналысқан қытай тәжірибесін атап өтуге болады. «National Spirit Online» деп аталатын онлайн ойындардың дамуы Қытай ойыншыларын жарқын болашақ үшін күресуді үйретті. Ойын, әзірлеушілердің пікірінше, ұлт бірлігі сезімін оятып, патриоттық рухты көтеруі тиіс. ҚХР үкіметі жергілікті патриотизмді арттыру бойынша үнемі жаңа форматтарды әзірлеп, ұсынады. Компьютерлік ойындарды пайдаланудан басқа, Қытайда патриотизмді арттыру үшін БАҚ белсенді қолданылады.

Қазір Қытайдағы білім беру мәселелері бұрынғыдай жетекші орынға ие. ҚХР Компартиясының ойластырылған әлеуметтік саясаты патриоттық сезімнің, тәртіптілік пен ұжымшылдықтың дамуына ықпал еткен соңғы онжылдықтардағы табысты экономикалық реформалардың нәтижесі. Халықтың энергиясы «Халыққа қызмет ет!» ұранына бағытталған. [37].

Осылайша, «мемлекеттік-азаматтық патриотизм» - элитаның, әлеуметтік институттардың ұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерінің жемісі. Тарихи, мәдени, адамгершілік, идеологиялық және өмірлік құндылықтарды дамыту патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді, ал оның мазмұны мемлекеттің белсенді қатысуымен діни және идеологиялық тәсілдерге негізделген.

Жапония

Бұл ел моральдық тәрбие бойынша дәстүрге бай. Қазіргі таңда жасөспірімдердің тәрбиесіне мемлекеттің, білім беру ұйымдарының және отбасының салған күшін көтеретін тұтас және күшті жүйе құрылып жатқаны байқалады.

Жапонияда жартысынан көбі толық орта білімді және жоғары білімді болып табылады. Мектептері бірегей ерекше, білім беру жүйесі мен тәрбие жүйесі жапондық, классикалық шығыс және батыс дүниетанымымен әрекет жасау ұстанымдары негізінде жасалған. Жапондық мектептер ұлттық рухты таратады, қажетті моральдық қасиеттерді қалыптастырады, ұлттық сипаттағы дәстүрлік қасиеттерді дамытады, тірек негіздерге: синто, бусидо, будда, конфуциялық діни дүниетанымды, жетекші философиялық, этикалық

білімдерді алған. Сурет пен музыка пәндерін оқытуда, эстетикалық мұратты қалыптастыруда ұлттық идея, «дәстүрлі моральдік құндылыққа» толы. Жапон білім беру жүйесінің әсерлігі, оның ерекше нәтижелілігі мен жапондықтардың дәстүрлі еңбекқорлығы, олардың тәртіптілігімен ғана емес, сонымен қатар, тарихи және мәдени дәстүрлерімен, мәдениет пен тілдің бірлігімен, ұлттық бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді (жапондық қоғамда этникалық өзгешелік мәселесі қоғамдық санада болмайды). Жапонияда «Адамды қалыптастыру бағдарламасы» (Хитодзукури) қабылданған, оның мәнін: зияткерлік және дене шынықтыруды дамыту, адамгершілік тәрбиесі, мәдени-көркемдік жетілу сынды тұлғаның үйлесімді білім алу қажеттігін мақұлдау құрайды. Негізгі мақсат ретінде «жастарда мейірімділік пен патриотизм, адалдық пен Отан қорғау сана сезімі», өзінің және басқалардың бақыты үшін еңбек өнімділігін арттыру құрайды. Бағдарламаның негізінде конфуцийлік оқыту мен тәрбиелеу жүйесі, сонымен қатар, белсенді оқыту идеясы жатыр, «Өзінің мүмкіндік шегінде жұмыс жасау» ережесі мектептің ұраны болуы тиіс. «Қалаулы адам образын қалыптастыру бағдарламасының» жобасы жарияланды, оның ішінде жапонның мұраты, отбасы және қоғам мүшелерінің қасиеттері тұжырымдалған.

Бағдарлама «жапон идеалының моральдық қасиеттерінің таптан тыс сипатын» көрсетті және жас ұрпақтың идеологиялық тәрбиесіне теориялық негіз болды. Сұлулықтың өзі сындарлы жапондықтарда пайдамен байланысты, өз қамын ойлайтын түсінік те пайда болуы мүмкін. Этикалық және эстетикалық нормаға сәйкес, Жапонияда табиғатты қорғау өзінің нақты шегін табады. Мысалы, жапондықтар өз жерінде синтоист ғибадатханалардың қасындағы қасиетті гүл шоқтарға тиісуге болмайтынын біледі.

Қазіргі әлемде патриоттық тәрбиені дамыту – көп қырлы үрдіс, оның көлемі мен нәтижесі өте маңызды. Адам өркениетінің сұранысы және осы сұраныстарды педагогикалық тілге аудару қажеттілігі бойынша батыл өзгерістер енгізілді.

Рухтың негізін, ұлттық және жалпы адами-мәдени құндылықтардың ошағын құрайтын мектепшілік патриоттық тәрбиені және білім беруді маңызды беталыс деп санауға болады. Заманауи әлеуметтік, саяси, педагогикалық талаптардың деңгейіне жақындап, мектеп өзінің кескінін өзгертеді.

Белгілі бір мамандықтарда, оның ішінде қызмет көрсету саласы қызметкерлері, іскерлер, мұғалімдерде мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін меңгеруге қажеттілік өсіп келеді. Әлемдік педагогикалық ой-пікірлер көпмәдениетті тәрбиенің жалпы стратегиясын әзірлейді. Оқу мен тәрбие біріншіден, адамның өз түп-тамырын түсіну және сол арқылы қазіргі әлемде өз орнын айқындауға, екіншіден, басқа мәдениеттерге құрметпен қарауға дағдыландырады. Қазіргі заманда көпмәдениеттілік рухындағы патриоттық тәрбие мен білім беру әлдеқашан өзгерістерге ұшырап жатыр: мәдени әртүрлілік құндылықтарын мойындайтын жаңа үдерістер көрінуде; нәсілдік және этникалық азшылық топтарды, иммигранттарды оқыту, арнайы

көпмәдениетті білім беру бағдарламалары әзірленіп жатыр. Педагогикалық жобаларды шағын этностар және олардың мәдениеті туралы ақпараттарды, нәсілшілдікке қарсы және басқа да ұлттық нанымдарға бағытталған білім берудің тұжырымдамалық бағдарламалары алмастырады. Оларда басқа мәдениетті дұрыс қабылдайтын, мәдениетті үстем ететін әдебиет, мәдениет, тарих бойынша оқу материалдары ұсынылады.

Әлемнің көптеген мемлекеттерінде көпмәдениеттілікті қалыптастыру педагогикалық білім беру бағдарламаларына жатады. Саясатты көпмәдениетті тәрбиенің патриоттық негізі ретінде қарастыратын елдер: а) ерікті жаппай иммиграция нәтижесінде көпмәдениетті етіп қоятын (АҚШ, Канада, Австралия); б) өз өткенінің көпмәдениеттілік салдарын отарлық метрополия ретінде қоятын (Ұлыбритания, Франция, Голландия); в) байырғы тарихи және терең ұлттық, мәдени ерекшеліктерімен (Ресей, Испания) бөлуге болады. Әлемнің озық елдерінде патриоттықтың негізі ретінде көпмәдениетті тәрбие дамиды:

- этникалық азшылық өкілдерін педагогикалық қолдау;
- билингвалдық оқыту;
- этноцентризмге қарсы шараларды қолдайтын көпмәдениетті тәрбие.

Бұлардың барлық бағыттары ерекше оқу бағдарламаларында көрінеді.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде патриоттық тәрбиеге ресми деңгейде ерекше көңіл бөлінеді. Австралия, Испания, Канада, Ресей, АҚШ-та көпмәдениетті білім беру мен тәрбиені күшейтеді.

Отандық тәжірибе

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным- сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы- қазақстандық патриотизм болды.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты

мәселелердің бірі екені даусыз.

Біздің пікірімізше, өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін :әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз , сонымен қатар олар бір - бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері мектеп оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып , тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады.

Қазақстандық патриотизм, қазақстандық интернационализммен, яғни қазақстандық отансүйгіштік қазақстандық ұлтаралық татулықпен байланысты деген ұғымды білдіреді. Оның түбінде ұлттық және мемлекеттік идеология жатыр. Біз осының бәрін қатар алып жүруіміз керек. Ұлттық идеология дегеніміз-қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, діні, тарихынан туындайтын көзқарас. Бірақ қазақтың ұлттық идеологиясы осының көшбастаушы болуы тиіс. Оған негізінен қазақ азаматтары атсалысуы, көш бастауы керек. Ал мемлекеттік идеологиямыз-ол қазақстанда тұрып жатқан халықтардың мүддесінен туындаған мемлекет саясаты. Дәлірек айтсақ «Идеология (идея және логия) – таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, праволық, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялық идеялардың жиынтығы».

Қазақстан Республикасының Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардан және олардың ата-аналарынан, педагогтерден «Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу тақырыбы бойынша сауалнама жүргізілді.

Сауалнама мақсаты:

Оқушылардың, ата-аналардың, педагогтардың өз халқының дәстүрлері, мәдениеті мен тарихы туралы білімдері мен түсініктерінің болуын және оқушылардың патриотизм сияқты сапаға қатынасын анықтау.

Сауалнамаға республика бойынша 46 785 ата-ана, 833 білім алушы, 2433 педагогтер қатысты.

Зерттеу бағдарламасы: Әлеуметтанулық зерттеулер Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің жағдайы туралы өзекті, толық, анық және үнемі жаңартылып отыратын ақпараттармен білім беруді басқару органдарын қамтамасыз етуге арналған жалпы орта білімді дамытудағы үрдістер мен қайшылықтар, зерттелетін құбылыстар немесе үдерістер туралы шынайы деректер алу мақсатында жүргізілген әдіснамалық, әдістемелік және ұйымдастырмалы-техникалық рәсімдердің бірізді логикалық жүйесін құрайды.

Зерттеу жүргізуде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

- *зерттеудің әдіснамасы* зерттеу рәсімдерінің, техникалар мен әдістердің, деректерді жинақтау мен өңдеулердің жиынтығымен сипатталады;

- *зерттеу әдістері және рәсімдері* ақпараттарды жинақтау, талдау және өңдеу ережелерінің жүйесін құрайды;

- *әдіс* – деректерді жинақтау, талдау немесе өңдеудің негізгі тәсілі;

- *техника* – белгілі немесе басқадай әдісті тиімді пайдаланудың арнайы тәсілдерінің жиынтығы;

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім ұйымдарында деректерді жинау үшін әлеуметтік өлшеуіштер ретінде әлеуметтік сауалнама қолданылады, оның құрылымы қойылған мақсатқа және сауалнаманың шешетін міндеттеріне байланысты жасалған. Қазіргі кезде көптеген түрлері мен арнайы әдістемесі бар тармақталған тәсілдердің ең көп тараған әдісі *сауалнама* болып табылады. Сауалнама мынадай шарттарды орындаған жағдайда оң нәтиже береді:

- сұрақтарға толығымен ашық және байыпты жауап беруге дайын болуын және сауалнамаға қызығушылығын қамтамасыз ету;

- сұрақтардың қойылуы түсінікті болуы керек және сонымен қатар проблемаларды, олардың мағынасы мен мәнін ашып көрсетуі тиіс;

- сұрақтардың логикасын және сабақтастығын сақтау қажет, олар сауалнаманың басты мақсатын ашып көрсете алуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты – Қоғамның әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеуді теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, ғылыми-әдістемемен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында әлеуметтік сауалнамаға қатысушыларды іріктеуді есептеу үшін алғашқы деректер ретінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің дамуының негізгі көрсеткіштері мен индикаторлары бойынша статистикалық деректер болатын ұлттық жинақтың нәтижелері қолданылады.

Іріктеме жиынтығы 8-11 сынып бойынша қазақша - 6432, орысша – 6344 білім алушыға, қазақша – 3245, орысша – 3224 ата-анаға және қазақша – 6273, орысша – 5945 педагогке сауалнама жүргізілді.

Зерттеудің міндеттері:

1. Патриоттық тәрбие берудегі өткен тарихымыздың алар орнын айқындау.

2. Патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негізін қарастыру.

3. Қазақстандық патриотизмнің даму жолдары қарастырып, жас ұрпақ

бойындағы ұлтжандылықты қалыптастыру.

4. Тұлғаның патриоттық құндылығын қалыптастырудың нәтижесін айқындау;

Зерттеу объектісі: 5-10 сынып білім алушылары, ата-аналар және педагогтер.

Зерттеу пәні: жаһандану заманындағы патриоттық тәрбиеде жастардың патриоттық сезімін, өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыруда олардың әлеуметтік проблемаларын қарастыру.

Зерттеу Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін қамтиды. (17 облыс және 3 қала)

Білім алушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері:

1. Сіз қай сыныпта оқисыз?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	5-7	511	61,3
2	8-9	228	11,2
3	10-11	93	27,4



Сауалнаманың бірінші сұрағына 5-7 сыныптың 511 білім алушысы, 8-9 сыныптың 228 білім алушысы, 10-11 сыныптың 93 білім алушысы қатысқан.

2. Сіз өз Отаныңызды жақсы көресіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	806	96,8
2	жоқ	8	1
3	жауап беру қиын	19	2,3



Сіз өз Отаныңызды жақсы көресіз бе? – деген сұраққа 96% оқушылар «иә» деп, «жоқ» деп 1%, «жауап беру қиын» деп 2,3% оқушылар жауап берген.

Сіз өз Отаныңызды жақсы көресің бе деген сұраққа 806 оқушы «иә» деп жауап қайтарған. 8 оқушы «жоқ», 19 оқушы «жауап беру қиын» деп жауап берген.

3. Патриотқа тән қасиеттер

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	батылдық	444	53,3
2	айқындық	190	22,8
3	мейірімділік	224	26,9
4	күш	174	20,9
5	адалдық	373	44,8
6	әділдік және жауапты болуы	505	60,6
7	ақылды, әділ және жауапты болу	1	0,1



Патриоттың бойындағы қасиеттерді барлық сауалнамаға қатысқан оқушылар білетіндіктері көрінеді.

4. Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	674	40
2	жоқ	43	57
3	жауап беру қиын	13,9	3



5. Сіздің патриоттық қасиеттеріңіздің қалыптасуына кім немесе не әсер етті?


№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	отбасы	495	32
2	мектеп	351	23
3	айналамдағы қоршаған адамдар	268	18
4	интернет	118	8
5	кітаптар	136	9
6	фильмдер	151	10



6. Сіз өз халқыңыздың салт-дәстүрлерін білесіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	802	96
2	жоқ	11	1
3	жауап беру қиын	20	3

6. Сіз өз халқыңыздың салт-дәстүрлерін білесіз бе?



7. Сіз қандай патриоттық бағыттағы іс-шараларға қатыстыңыз?

	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	Патриоттық клубтар мен орталықтар	121	12
2	Патриоттық бағыттағы фестивальдар мен байқаулар	222	21
3	әскери-спорттық ойындар	343	33
4	патриоттық бағыттағы көрмелер	153	15
5	ардагерлермен кездесу	198	19

7. Сіз қандай патриоттық бағыттағы іс-шараларға қатыстыңыз?



8. Патриоттық бағыттағы қандай іс-шараларға қатысқыңыз келеді?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	патриоттық клубтар мен орталықтар	204	19
2	патриоттық бағыттағы фестивальдар мен байқаулар	188	17

3	әскери-спорттық ойындар	297	28
4	патриоттық бағыттағы көрмелер	145	13
5	ҚР ардагерлермен кездесу	252	23



9. Сіз өзіңіздің аймағыңыздың тарихын білесіз бе?


№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	667	80
2	жоқ	64	8
3	жауап беру қиын	102	12



10. Сіз өз қалаңызды (ауыл) жақсы көресіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	797	96
2	жоқ	17	2
3	жауап беру қиын	19	2


10. Сіз өз қалаңызды (ауыл) жақсы көресіз бе?



11. Сіз өзіңіздің болашақ өміріңізді Қазақстанмен байланыстырасыз ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	636	76
2	жоқ	68	8
3	жауап беру қиын	129	16

11. Сіз өзіңіздің болашақ өміріңізді Қазақстанмен байланыстырасыз ба?



Баланың «мен» деп ұғуынан бастап, патриот пен азаматтың жеке қасиеттерінің дамуы өмірінің соңына дейін қалыптасады. Бірақ патриоттық қасиет туғаннан немесе өз бетімен жетіле бермейді, олар өмірдің заңдылығы бойынша қалыптасады.

Жас жеткіншек оқушыларда өздерін дұрыстығын сезіну, қоғамда дұрыс қалыптасу, болып жатқан оқиғаларды ұғу талпынысы мен интеллектуалдық эмоционалдық және азаматтық сипаты қалыптасады. Жоғары сынып оқушылары терең және толық түрде оқытудың маңыздылығын түсініп, әлеуметтік жағдайлары әр түрлі адамдар арасында қарым-қатынасын ұғып олардың орнына өзін қоюға тырысады. Тәрбиенің ең маңызды талаптарының бірі өз Отанына, халқына, тіліне, ұлттық мәдениетіне, дәстүріне деген сыйластық пен махаббатына негізделген патриоттылық пен азаматтылықтың

қалыптасуы болып табылады.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және патриоттық құндылықтар арқылы тәрбие беру оқушы бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың ата-аналарынан алынған «Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу тақырыбы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесі

Сауалнама мақсаты:

Оқушылардың, ата-аналардың, педагогтардың өз халқының дәстүрлері, мәдениеті мен тарихы туралы білімдері мен түсініктерінің болуын және оқушылардың патриотизм сияқты сапаға қатынасын анықтау

Республика бойынша 49 082 ата-ана қатысты.

1. Балаңыз қай сыныпта оқиды?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	1-4	20910	66
2	5-9	9989	32
3	9-11	18177	2



2. Балаңыздың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу қажет деп ойлайсыз ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	42720	87
2	жоқ	3044	6
3	жауап беру қиын	3312	7

Балаңыздың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу қажет деп ойлайсыз ба?



3. Сіздің отбасыңызда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, әскери қызметшілер, ұрыс қимылдарының қатысушылары бар ма?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	14453	29
2	жоқ	33667	69
3	жауап беру қиын	956	2


Сіздің отбасыңызда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, әскери қызметшілер, ұрыс қимылдарының қатысушылары бар ма?



4. Сіз балалармен бірге мұражайлар мен көрмелерге барасыз ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	24262	49
2	жоқ	23158	47
3	жауап беру қиын	1656	4


Сіз балалармен бірге мұражайлар мен көрмелерге барасыз ба?



5. Сіз Қазақстаннан басқа елге тұрақты тұру үшін барғыңыз келе ме?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	8766	18
2	жоқ	35472	72
3	жауап беру қиын	4838	10


Сіз Қазақстаннан басқа елге тұрақты тұру үшін барғыңыз келе ме?



6. Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	38600	78
2	жоқ	5249	11
3	жауап беру қиын	5227	11


Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?



7. Балаңызбен бірге сіз өмір сүріп жатқан елдегі атақты адамдар туралы фильмдер көресіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	35534	72
2	жоқ	11120	23
3	жауап беру қиын	2422	5


Балаңызбен бірге сіз өмір сүріп жатқан елдегі атақты адамдар туралы фильмдер көресіз бе?



8. Сіз балаңыздың болашақ өмірін Қазақстанмен байланыстырасыз ба ?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	38642	79
2	жоқ	3366	7
3	жауап беру қиын	7068	14


**Сіз балаңыздың болашақ өмірін Қазақстанмен
байланыстырасыз ба ?**



9. Сіз балаңызды халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары туралы үйретесіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	44443	91
2	жоқ	2973	6
3	жауап беру қиын	1660	3

**Сіз балаңызды халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары
туралы үйретесіз бе?**



Сауалнама қорытындысы:

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналар мектеп оқушыларының патриоттық тәрбиесін өзекті тақырып деп санайтыны анықталды. Патриотизм тәрбиесінде оң үлгі болу үшін мұғалімдер мен ата-аналар, ең алдымен, өз Отанын сүюі керек, оған парыз сезімін сезініп, белсенді азаматтық ұстанымға ие болуы керек. Респонденттердің көпшілігі осы жеке қасиеттердің болуын атап өтеді.

Ата-аналар балалардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін тәрбиелеуді қажетті және дұрыс деп санайды, сондай-ақ азаматтықты қалыптастыруда отбасы мен мектептің басым маңыздылығын атап өтеді.

Ата-аналар оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің басты мақсаттарын атады: азаматтық-патриоттық қатынасты және отбасына, қалаға, елге, туған өлкенің табиғатына қатыстылық сезімін қалыптастыру; өз халқының өкілі ретінде баланың өзін-өзі бағалау сезімін тәрбиелеу, басқа ұлт өкілдеріне толерантты көзқарасты тәрбиелеу, патриотизмді және өз елі үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

Сондай-ақ, ата-аналар өздерінің мәдениеті мен дәстүрлері туралы білімдерін жоғары бағалады. Бұл ретте сұралғандардың көпшілігі Қазақстан тарихы мен географиясындағы өз білімдерін толықтыруды қажет деп санайды.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысынан көбі патриоттық тәрбие мәселелері бойынша өзіне сенімді екенін, аз бөлігі бұл мәселеде өз біліміне сенімді емес екенін айтады.

Сауалнамаға қатысқан барлық мұғалімдер патриотизм тақырыбын ата-аналармен және отбасымен жұмыс жасауда толығымен немесе ішінара өзекті деп санайды.

Ұсынымдар:

Оқушыларды Қазақстанның, өз Отанының, өз қаласының тарихы мен географиясы бойынша білімдерін жетілдіруге ынталандыру.

Ата-аналарға өз білімін көтеру мақсатында тарихи әдебиеттерді оқуға, патриоттық фильмдерді көруге, өлкетану көрмелері мен мұражайларға баруға уақыт бөлу.


Топтық бөлмедегі пәндік даму ортасының бағдарламасының дұрыстығына және сәйкестігіне назар аудару (демонстрациялық материал, патриоттық тәрбие бойынша дидактикалық ойындар, материалдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес уақытында жанарту.

*Педагогтарға арналған «Патриотизм» туралы сауалнама
Қатысушы педагогтер саны: 2463*

1. Патриоттық тәрбиені неше жастан бастау керек?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	1-5 жас	1091	44,3
2	6-10 жас	1117	45,4
3	11-15 жас	211	8,6
4	16-17 жас	44	1,8


1. Патриоттық тәрбиені неше жастан бастау керек?



2. Балаларды патриоттық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу әрбір педагогтың міндеті деп білесіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	2059	83,6
2	жоқ	79	3,2
3	педагогтың емес, ата-аналардың міндеті деп білемін	287	11,7
4	маңызды деп санамаймын	38	1,5

2. Балаларды патриоттық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу әрбір педагогтың міндеті деп білесіз бе?



3. Балаларды аймақтың, қаланың, елді мекеннің мәдени-тарихи мұраларына апарып таныстыру үшін сол аймақты жақсы білесіз бе?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	1607	65,2
2	жоқ	407	16,5
3	жауап беру қиын	449	18,2


3. Балаларды аймақтың, қаланың, елді мекеннің мәдени-тарихи мұраларына апарып таныстыру үшін сол аймақты жақсы білесіз бе?



4. Білім беру бағдарламаларында патриотизм тақырыбы жеткілікті түрде қамтылған ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	1532	62,2
2	жоқ	543	22
3	жауап беру қиын	388	15,8


4. Білім беру бағдарламаларында патриотизм тақырыбы жеткілікті түрде қамтылған ба?



5. Білім алушыларға патриоттық тәрбие жұмыстарына қосымша оқу бағдарламаларына жобалар дайындауды жоспарлаған жоқсыз ба?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	Жиі	831	33,7
2	Сирек	1262	51,2
3	Ешқашан	370	15


5. Білім алушыларға патриоттық тәрбие жұмыстарына қосымша оқу бағдарламаларына жобалар дайындауды жоспарлаған жоқсыз ба?



6. Сіздің мектепте патриоттық тәрбие туралы іс шаралар жеткілікті түрде өткізіледі ме?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	2108	85,6
2	жоқ	165	6,7
3	жауап беру қиын	190	7,7

6. Сіздің мектепте патриоттық тәрбие туралы іс шаралар жеткілікті түрде өткізіледі ме?



7. Азаматтық пен патриотизмді дамытуды ынталандыратын жұмыс түрлері мен әдістерін таңдауда қиындықтар туындады ма?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	596	24,2
2	жоқ	1537	62,4
3	жауап беру қиын	330	13,4


7. Азаматтық пен патриотизмді дамытуды ынталандыратын жұмыс түрлері мен әдістерін таңдауда қиындықтар туындады ма?



8. Балаларды патриоттық тәрбиелеу тақырыбы отбасымен жұмыс жасауда өзекті ме?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	иә	2210	89,7
2	жоқ	125	5,1
3	жауап беру қиын	128	5,2


8. Балаларды патриоттық тәрбиелеу тақырыбы отбасымен жұмыс жасауда өзекті ме?



9. Сіздің ойыңызша, сіздің мектеп оқушыларының патриоттық және азаматтық даму деңгейі қандай?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	төмен	154	6,3
2	орташа	1669	67,8
3	жоғары	154	6,3


9. Сіздің ойыңызша, сіздің мектеп оқушыларының патриоттық және азаматтық даму деңгейі қандай?



10. Сіздің ойыңызша, қазіргі білім алушыда төменде көрсетілгендердің қандай құндылықтары басым?

№	Жауаптары	Қатысқан оқушылар саны	Көрсеткіші %
1	жауапкершілік	1171	47,5
2	білімділік	919	37,3
3	әділдік	732	29,7
4	тәртіптілік	794	32,2
5	дербестік	883	35,9
6	төзімділік	477	19,4
7	тәуелсіздік	948	38,5
8	жақындарға деген махаббат	930	37,8
9	Отанға деген сүйіспеншілік	947	38,4
10	басқа	308	12,5

10. Сіздің ойыңызша, қазіргі білім алушыда төменде көрсетілгендердің қандай құндылықтары басым?



Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық тәрбие және патриоттық тәрбие беру оқушы бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын патриоттық сана тұрғысынан алғанда, патриоттық тәрбие тәрбиенің идеялық-саяси, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және т.б. элементтерінсіз өмір сүре алмайды, патриоттық сана Отанды өркендету мен қорғауға ішкі даярлық пен қабілетті қалыптастыруға білгілі бір әлеуметтік- саяси бағыт береді. Патриоттық тәрбие басқа тәрбиенің барлық негізгі бағыттарымен бірге жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбиенің соңғы нәтижесі ретінде патриоттық сана өз Отанын өркендету жолындағы күресте, оны нығайту және қорғау жолындағы қызметті көрініп, өлшенеді, сөйтіп, сол арқылы тиісті ерлік, жауынгерлік және ұлттық дәстүрлер түзе отырып, олар кейіннен тәрбиелеуші факторға айналады.

Патриоттық тәрбие қоғамдық-саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болады.

3 Білім беру ұйымдарында патриоттық ұйымдардың заманауи жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бүгінгі күнде елімізде жастардың адамгершілік, эстетикалық дамуы, мәдени ұлтаралық өзара іс-қимыл, басқа конфессиялар мен ұлыстардың өкілдеріне бейбіт көзқарасты тәрбиелеу тиімді бағытқа айналууда.

Өз қызметінің ерекшеліктеріне байланысты білім беру ұйымдары ұлттың құндылық бағдарларын қалыптастыруда, толыққанды тұлғаны тәрбиелеуде және жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алуда үлкен әлеуетке ие.

Патриоттық сезімдерді тәрбиелеу қазіргі қоғамының әлеуметтік қажеттілігі екені анық. Ұлттық қадір-қасиет сезімін нығайту және қолдау – рухани-адамгершілік тәрбиені, азаматтық сана мен ұлттық сананы қалыптастыруды, бейбітшілікті, тарихи ойлауды қалыптастыруды және т.б. қамтитын кешенді жұмыс.

Білім алушыларды патриоттық сезімге тәрбиелеу оқу процесінде, сабақтан тыс жұмыстарда, мектептен тыс іс-шараларда жүзеге асырылады.

Патриотизмді тәрбиелеуге сабақтан тыс өлкетану жұмыстары да ықпал етеді. Патриотизмнің нақты істер мен әрекеттерге бағытталуы маңызды.

Осы орайда патриоттық тәрбиені жүзеге асыру мақсатында келесі міндеттер шешіледі: Қазақстан табиғатының алуан түрлілігі мен байлығын ашу, елдің табиғатына ұқыпты қарауға тәрбиелеу, отандық ғалымдармен, саяхатшылармен танысу, ұлы тұлғалармен, қазба-байлықтарды зерттеуде геологтардың жұмыстарымен және олардың Отан игілігі үшін қажырлы еңбегі, өз халқына, дәстүрлері мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтар деген сүйіспеншілік пен құрметті дамыту.

Дәстүр бойынша, тәрбие білім алушылардың азаматтық, адамгершілік, психологиялық және физикалық қасиеттерін қалыптастыру, қоғам ұсынған әдет-ғұрыптар мен талаптарға сәйкес мінез-құлық стереотиптеріне үйрету процесі ретінде қарастырылады.

Тар мағынада – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырумен байланысты қызмет.

Кең көлемде – бұл оқушының жеке басының жан-жақты дамуы, оқушылардың даралығын жүзеге асыру үшін мақсатты жағдай жасау.

Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру білім мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық тәрбие беру процесінің моделіне, яғни өз Отаны – Қазақстан Республикасының патриотын – көпұлтты мемлекеттің, әлемдік қоғамдастықтың және мәдениет тұлғасының толерантты азаматын, тәрбиелеуге сонымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, көп тілділік деңгейін арттыруға, рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалау қабілеттерін дамыту, шешім қабылдау және ол үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағдарланған.

Қоғамдық сананы жаңғырту, жалпы орта білім беру мазмұнын жаңарту тәрбиенің жаңа талаптарын айқындайды. Білім беру ұйымы оқушыларының өзін-өзі жан-жақты жүзеге асыруының, қоғамдық ортаға әлеуметтенуінің және

еңбек нарығында табысты бейімделуінің өзектілігі артады. Балалардың, жасөспірімдердің және жастардың бойында өз Отаны – Қазақстан Республикасына, ана тіліне, салт-дәстүрлер мен мәдениетке деген құрмет және сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, қазақстандық патриотизм қалыптастыру мектептің маңызды міндеті

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

✓ қоғамда, азаматтардың санасында және сезімдерінде әлеуметтік маңызы бар патриоттық құндылықтар мен көзқарастар, Қазақстанның мәдени және тарихи өткеніне құрмет сезімін қалыптастыру;

✓ әлеуметтік, мәдени, құқықтық, экологиялық және басқа да мәселелерді шешуге білім алушыларды, олардың ата-аналарын белсенді тарту үшін жағдай жасау және жолдарын ұсыну;

✓ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, қоғамдық және ұжымдық өмір нормаларын құрметтеу рухында тәрбиелеу, сонымен қатар білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға жағдай жасау;

✓ Қазақстан Республикасының символдары – Елтаңбаға, Туға, Әнұранға және Атамекеннің тарихи және киелі орындарына мақтаныш пен құрмет сезімін дарыту.

Осылайша, патриотизм тұлғаның Отанға, Атамекенге, халыққа деген көзқарасын бейнелейтін қоғамдық сана құрылымының құрамдас бөлігінің идеяларын білдіреді.

Патриотизмнің қалыптасуы білім алушыларды оқыту, әлеуметтендіру және тәрбиелеу барысында жүзеге асырылады. Бірақ патриотизмнің дамуы мектеп қабырғасындағы әлеуметтік кеңістікпен шектелмейді. Қоғамның отбасылық және басқа да, атап айтқанда бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық ұйымдардың, мәдениет және спорт, қосымша білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінің, құқық қорғау органдарының, әскери ұйымдардың, яғни әлеуметтік институттардың өзара қарым-қатынасының ықпалы зор.

Білім алушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту Бағдарламасы

Бұл бағдарлама білім алушылардың қоғам талаптарына сай бейімделу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Оны құрудың мақсаты азаматтыққа тәрбиелеу бойынша мектептегі білім беру процесі аясында барлық педагогикалық күш-жігерді біріктіру.

Азаматтық түсінікте жастардың мәдениет деңгейі, әлеуметтік құрылымның заңдылықтарын білуге, осы қоғамдастықтың білімі мен құндылықтары негізінде проблемалық өмірлік жағдайларда жауапты шешімдер қабылдауға дайындық қалыптасады.

Ұрпақтардың дәстүрі мен сабақтастығын сақтай отырып, өз Отанына деген азаматтық пен сүйіспеншілік сезімін дамытып, мектеп төмендегідей патриоттық тәрбиеге назар аударады:

- Қазақстан азаматы мен патриотын оның құқықтық және мемлекеттік жүйелерін, рәміздерін, қала мен елдің тарихын, ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметін, өз еліне деген мақтаныш сезімін дамытуға негізделген тәрбие бағыттары;

- әскери-патриоттық күндерін, апталықтарын өткізу, оның аясында жыл сайын ән мен саптық байқау, әскери, сахналанған әндер байқаулары;

- танымдық сабақтар мен ардагерлермен кездесулер, балалар суреттері, өлеңдер, эссе мен тақырыптық газеттер байқауларын өткізу.

Осы бағдарлама негізінде білім алушыларды аға буынның жауынгерлік дәстүрлері рухында тәрбиелеу, батырлардың жеңістерін құрметтеу жасөспірімдерде Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, өз Отанына деген мақтаныш сезімін қалыптастырады, әскери-патриоттық спорт түрлеріне, дене және ерік қасиеттерін дамытуға, Отанды қорғауға дайындықты артады.

Білім алушыларды азаматтық-патриоттық тәрбие беру бағдарламасы адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиенің құндылық-семантикалық сенімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Бағдарлама әр түрлі жастағы білім алушылармен жұмыс істейтін педагог мамандардың барлығына «білім беру кеңістігі» құбылысын түсінуге, жеке тұлғаның білім беру кеңістігін құруға және модельдеуге, оны мектептің әлеуметтік кеңістігіне орналастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер:

- мінез-құлық пен өмірдің жоғары этикалық нормалары;
- белсенді азаматтық ұстаным;
- рухани байытуға және дамуға ұмтылу;
- патриотизм, гуманизм және толеранттылық сезім;
- ата-аналарға құрмет;
- отбасының, мектептің, ұлттың үздік дәстүрлерін білу, құрметтеу және жалғастыру;

- салауатты өмір салтына ұмтылу;

- жыл сайынғы мектеп жобаларына қатысу.

Бағдарламаны іске асыруда:

- азаматтық-патриоттық тәрбиенің берілген сапасына қол жеткізу;
- мектептің тәрбие және дамыту жұмысының мазмұнын жаңарту;
- білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- білім алушылардың азаматтығы мен патриоттық санасын қалыптастыру;
- жасөспірімдер жасаған құқық бұзушылықтар санын тұрақтандыру және азайту үшін алғышарттар қалыптастыру.

Бағдарлама балаларда өз Отанына деген сүйіспеншілік пен адалдықты, Отанына деген мақтаныш сезімін тәрбиелейді, қоғам мен мемлекетке лайықты және жанқиярлық қызмет етуге дайындайды.

Бағдарламаның өзектілігі:

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы көбінесе азаматтық білім мен патриоттық тәрбие деңгейіне байланысты. Бүгінде Қазақстан азаматының мемлекетпен және қоғаммен қарым-қатынасы түбегейлі өзгеруде. Бұл жағдайда патриотизм әлеуметтік қана емес, рухани-адамгершілік, идеологиялық, мәдени-тарихи, әскери-патриоттық және басқа аспектілерді біріктіретін маңызды құндылыққа айналады. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында инновацияға, өз өмірі мен қызметін, қоғамның істерін басқаруға қабілетті, өз күшіне сенуге дайын, өзінің материалдық тәуелсіздігін өз еңбегімен қамтамасыз етуге қабілетті жеке тұлғаның түбегейлі жаңа, демократиялық түрін тәрбиелеуді жүзеге асыру қажет. Дамыған моральдық, құқықтық және саяси мәдениетті біріктіретін осындай азаматтық тұлғаны қалыптастыруға қазіргі мектеп айтарлықтай үлес қосуы тиіс.

Мектеп – күрделі организм бола отырып, қоғамның сипатын, проблемалары мен қайшылықтарын көрсетеді және көбінесе өзінің тәрбиелік әлеуетіне байланысты белгілі бір тұлғаның бағытын анықтайды, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне жауап береді және менталитеттің өзгеруін эволюциялық жолмен қамтамасыз етуге, азамат пен патриотты тәрбиелеуге қабілетті маңызды орта. Балалық шақ азаматтық-патриоттық тәрбие жүйесі үшін ең қолайлы, өйткені бұл өзін-өзі мойындау, әлеуметтік мүдделер мен өмірлік мұраттардың белсенді дамуы кезеңі.

Бірақ азаматтық-патриоттық тәрбиені тек білім тәсілінің көмегімен жүзеге асыру мүмкін емес. Қазіргі заман мектептен заманауи әлеуметтік-педагогикалық шындыққа сәйкес келетін азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұнын, нысандары мен әдістерін талап етеді. Азаматтық-патриоттық тәрбиенің белсенді компоненті қажет. Әлеуметтік қызметке белсенді қатысу және оған саналы түрде қатысу арқылы, мектеп климатының, ахуалының өзгеруі, өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы осы бағытта жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Мектептің қосымша білімі сыныптан тыс жұмыстардың барлық бағыттарын қамтиды және балалар мен ересектердің жеке қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуінің типтік бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Дәл осы қосымша білім беру саласында балалар мен жасөспірімдер қызметінің басым бағыттарының бірі іске асырылады:

- патриоттық сезімін;
- саяси мәдениетін;
- сыни ойлау;
- саяси таңдауын өз бетінше жасай алатын белсенді азаматтың

санасын қалыптастыру.

Қазіргі жағдайдағы азаматтық-патриоттық тәрбие – бұл өскелең ұрпақты демократиялық қоғам жағдайында жұмыс істеуге және өзара іс-қимылға, бастамашыл еңбекке, әлеуметтік құнды істерді басқаруға қатысуға, құқықтар мен міндеттерді іске асыруға, және өзінің саяси, адамгершілік және құқықтық таңдауы, жауапкершілік, адамгершілік, жетістікке жетуге деген қабілеттерінің жиынтығы. Азаматтық-патриоттық тәрбие өз елінің азаматы мен патриотының қасиеттеріне ие тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі таңда рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарға баса назар аудару қажеттілігі басымдық танытуда: тарихқа деген құрметті жоғалтпау, өскен ортасы мен туған жеріне тағзым ету, шыққан тегін ұмытпау, бұл мәселені әсіресе шетелге білім алуға, жұмыс істеуге кеткен жастарымыздың санасына құю. Бүгінде білім алушылардың шетелге ұмтылуы, өз Отанына деген құрметтің төмендеп бара жатуы алаңдатарлық жағдай.

Білім алушылар көп жағдайда «патриот» сөзінің лексикалық мағынасын дұрыс түсінбейді. Олардың кейбіреулері оны табиғатқа ұқыпты қарау, енді біреулері тек Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне құрмет ретінде ғана қарастырады.

Патриотизм – бұл Отанға сүйіспеншілік, Конституциялық парызды орындауға дайын болу, әлеуметтік толеранттылық, әлеуметтік маңызды мінез-құлық және қызмет. Патриотизм руханияттың, азаматтықтың және жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің бірлігінде көрінеді. Туған жердің тарихын, Отанымыздың шынайы тарихын, оның жауынгерлік, еңбек және мәдени дәстүрлерін, халықтың негіздерін зерттеу жасөспірімдерге нағыз патриот кім екенін түсінуге мүмкіндік береді. Өмірдің ұлттық принциптері мен негіздерін, патриотизм дәстүрлерін, Отан мұраттарына адалдықты қалпына келтіру және сақтау рухани тазаруға көмектеседі.

Тәрбие жұмысындағы басымдықтарды өзгерту қажет екені анық. Мектептің маңызды міндеті – білім алушының жеке басын дамыту, өмірлік маңызды мәселелер бойынша өздерінің адамгершілік және азаматтық ұстанымдарын көрсетуге ықпал ету, әлеуметтік-мәдени тәжірибені кеңейту. Бірақ білім алушылардың бойында өз Отанына адалдық, өзінің азаматтық борышын орындауға ұмтылу, жоғары патриоттық сана-сезімді қалыптастыру екенін ескеру қажет:

– бұл жүйелі, мақсатты, кешенді қызмет, ол жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керек. Ең бастысы, патриоттық тәрбие отбасы арқылы жүргізілуі тиіс. Ең белсенді және бей-жай қарамайтын ата-аналар бала тәрбиесінде көмекші және серіктес бола алады.

Бағдарламада:

- азаматтық-патриоттық тәрбие берудің басым бағыттары мен міндеттері;
- қойылған міндеттерді орындау бойынша мерзімдері мен іс-шаралар көрсетілген.

Бағдарламаның мақсаты:

Мұғалімдер ұжымының, білім алушылардың, мектептің ата-аналарының белсенді өмірлік ұстанымын және жеке таңдауы мен Қазақстанның болашағы

үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру процесінде білім алушылардың қалыптасуы мен жеке дамуы үшін белсенді, мазмұнды, жүйелі қызметіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- білім алушыларға тиімді патриоттық тәрбие беру үшін жағдай жасау бойынша негізделген ұйымдастырушылық қызмет жүргізу;
- әрбір жасөспірімнің Отанға деген адалдығын, қоғам мен мемлекетке пайда әкелуге дайындығын дамытудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ететін патриоттық тәрбиенің тиімді жүйесін қалыптастыру;
- білім алушылардың мәдени-тарихи құндылықтарды білу қажеттілігін дамыту, шығармашылық белсенділікті ынталандыру.

Бағдарлама құрылатын принциптер:

- жүйелілік;
- ашықтық;
- қол жетімділік;
- білім алушылардың субъективті ұстанымы;
- әлеуметтік маңызы бар қызмет арқылы тәрбиелеу;
- барлық мүдделі ұйымдар мен мекемелердің күш-жігерін біріктіру.

Бағдарлама мектептегі барлық білім алушыларға, педагогтер мен ата-аналар ұжымына бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері:

I кезең – ұйымдастырушылық (2022 ж.):

- аналитикалық-диагностикалық қызмет;
- азаматтық-патриоттық бағытты дамытудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін іздеу;
- заманауи технологияларды зерттеу.

II кезең – практикалық (2022-2022 жж.):

- азаматтық-патриоттық тәрбиені дамытудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін тәжірибеде қолдану;
- аралық бақылау.

III кезең - қорытынды-жалпылау (2026 ж.):

- деректерді өңдеу және түсіндіру;
- міндеттері мен мақсаттары бар бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің арақатынасы;
- азаматтық-патриоттық тәрбиені одан әрі дамытудың перспективалары мен жолдарын анықтау.

Кадрлық қамтамасыз ету:

- 1) азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру.
- 2) Сынып сағаттары, семинарлар, конференциялар арқылы білім алушыларға, ата-аналарға азаматтық-патриоттық білім беру.
- 3) әлеуметтік жобалау.

4) ұлы тұлғалар мен батырлар, қоғам қайраткерлері мен саясаткерлермен кездесулер ұйымдастыру.

Бағдарлама келесі бағыттарды қамтиды:

1. Мұражай бөлмесі

Мақсаты: білім алушылардың Отан тағдырына, оның өткеніне, бүгініне, болашағына қатыстылығының адамгершілік құндылығы ретінде түсінуі.

Міндеттері:

- өз Отанына, Халық Қаһармандарына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу.
- ұрпақтардың тарихи естелігін өскелең ұрпақтың жадында сақтау.
- білім алушылардың еліміздің тарихы мен болашағы үшін жауапкершілікке қатыстылығы сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Өткізу формалары: тақырыптық сынып сағаттары, ерлік сабақтары, ауызша журнал, пәндік апталар, әңгімелесулер, соғыс ардагерлерімен, интернационалист-жауынгерлермен кездесулер, конкурстар, мұражайларға бару, атаулы күндерге арналған мерекелер.

2. Қазақстан патриоты.

Мақсаты: жеке тұлғаның азаматтық және құқықтық бағытын, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Міндеттері:

- құқықтық сананы, өз құқықтарын және басқа адамның құқықтарын білу қабілетін тәрбиелеу.
- білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту.
- азаматтық ұстаным мәдениетін қалыптастыру.
- білім алушыларда мемлекеттік рәміздерге деген құрмет және қызығушылық, сенімділік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

Өткізу формалары: тақырыптық сынып сағаттары, ұжымдық шығармашылық істер, конкурстар, құқықтық тақырыптағы викториналар, Конституция күні Тәуелсіздік күні, Республика күні мерекелері, ауызша журнал, ұлы тұлғалармен кездесулер, акциялар, пікірталастар.

3. Менің туған өлкем.

Мақсаты: білім алушылардың өз Отаны ретінде туған қаласына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Міндеттері:

- туған өлкенің тарихын зерттеу.
- білім алушылардың бойында «Мен – Қазақстан азаматымын» деген ұстанымды тәрбиелеу.
- экологиялық мінез-құлықты қалыптастыру.

Өткізу формалары: экологиялық қозғалыс, таратпа үгіт-парақшалары, газеттер шығару, көгалдандыру, ойындар, марафондар, викториналар, тақырыптық сынып сағаттары, пәндік апталар, ауызша журнал.

4. Мен және отбасы.

Мақсаты: білім алушылардың отбасын аса маңызды өмірлік құндылық ретінде түсінуі.

Міндеттері:

- отбасылық қарым-қатынас мәдениетін, жағымды отбасылық құндылықтарды тәрбиелеу.

- ата-аналардың педагогикалық және психологиялық құзыреттілігін арттыру.

- ата-аналардың оқу процесіне қатысуы үшін жағдай жасау.

Өткізу формалары: әңгімелер, ата-аналар жиналыстары, ата-аналар дәрісі, жеке кеңес беру, бірлескен іс-шаралар, ойындар, сауалнамалар, отбасылық мерекелер, байланыс сағаттары.

Бұл бағыттардың барлығы бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтырады. Бағдарламалық іс-шаралар кешені оларды іске асыруды көздейді:

1. 1-ден 11-ге дейінгі сыныптардың пәндік базасында негізделген білім компоненті.

2. Тақырыптық, шығармашылық сынып сағаттары мен сыныптан тыс тәрбие іс-шараларының жүйесі.

3. Мектептегі білім алушылардың өзін-өзі басқаруы.

4. Тақырыптық конкурстарға, викториналарға, көрмелерге қатысу.

5. Қоғам мен қоғамдық ұйымдардың белсенді ынтымақтастығы.

Бағдарламаны іске асыру 5 жылға есептелген.

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Мерзімі	Іс-шара атауы	Жауаптылар
<i>I. Сабақ уақытында патриоттық тәрбиеге бағытталған іс-шараларды әзірлеу</i>			
1	Жыл бойы	Әдебиет, қоғамтану, тарих, құқық оқу курстарының әлеуетін пайдалану.	Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру	Пән бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі. Мұғалімдер, сынып жетекшілері
3	Жыл бойы	Білім беруді әлеуметтендіру	Пән бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі.
4	Жыл бойы	Кітапханада, мұражайларда сабақ өткізу.	Кітапханашы, мұғалімдер
5	Жыл бойы	Патриоттық тақырыптар бойынша тарих, әдебиет сабақтарын өткізу.	Пән бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісілері, мұғалімдер.
<i>II. Сыныптан тыс жұмыстар білім алушыларда патриотизмді тәрбиелеудің шарты ретінде ата аналармен тығыз ынтымақтастыққа негізделген</i>			

<i>2.1. Атаулы күндер, оқиғалар, мемлекеттік мерекелер, мектеп дәстүрлері арқылы азаматтық патриоттық сезімдерді тәрбиелеу</i>			
1	Қыркүйек мамыр	Республика күні, Тәуелсіздік күні, Конституция күні. Ел тарихындағы атаулы күндер.	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері
2	Ақпан	Әскери-патриоттық және қорғаныс-бұқаралық жұмыс айлығы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері, дене шынықтыру мұғалімдері
3	Сәуір мамыр	Отан қорғаушылар күніне орай іс-шаралар	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдері
4	Маусым	«Қазақстанның рәміздер күні»	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
4	Жыл бойы	Қазақстанның атаулы, мерейтой күндері	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар,
5	Қыркүйек, мамыр	«Алғашқы қоңырау»» Соңғы қоңырау»	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері
<i>2.2. Ұлы тұлғалардың өмірінен</i>			
1	Жыл бойы	Тақырыптық сынып сағаттары	Сынып жетекшілері
2	Қаңтар	Ұлы тұлғалармен кездесу	Сынып жетекшілері
3	Қыркүйек, қазан, желтоқсан, наурыз, мамыр	Шығарма, сурет, оқырмандар сұрақ-жауап. сайыстары	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері
<i>1.3. Отан – отбасынан басталады!</i>			
1	Жыл бойы	Әлеуметтік маңызы бар жобалар аясында жұмыс	Сынып жетекшілері, ата-аналар
2	Жыл бойы	Тақырыптық сынып сағаттары: «Менің тегім», «Мен және менің отбасым», «Отан – отбасынан басталады!», «Майданнан келген хаттар». «Анама хат»	Сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
3	Қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, наурыз, мамыр	Мерекелік іс-шаралар: «Республика күні», «Тәуелсіздік құрбандары» «Аналар» мейрамы, «Наурыз» мерекесі, «Жеңіс» күні	Сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
4	Қазан, қараша, желтоқсан	«Менің отаным – менің байлығым» конкурсы	Сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті
5	Ақпан	«Білім алушылардың өзін-өзі басқару» күні	Сынып жетекшілері, жоғары сынып білім алушылары
6	Жыл бойы	Конференциялар, ата-аналар жиналыстары: «Ата-ана және бала», «Отбасылық салт-дәстүр», «Біз және біздің балалар туралы»	Әкімшілік, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті

7	Мамыр	Балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері үшін, мектепке белсенді көмек көрсеткені үшін ата-аналарды құрметтеу, марапаттау.	Сынып жетекшілері
<i>2.4. «Мен Отаныма қызмет етемін!»</i>			
1	Қыркүйек, желтоқсан	Әскери-патриоттық викториналар.	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарих, АӨТД пәндерінің мұғалімдері
2	Жыл бойы	Баскетбол, мини-футбол, волейбол т.б спорттық жарыстар.	Дене шынықтыру мұғалімдері
3	Ақпан-сәуір	«Ерлігімен танылған батыр тұлғалар» оқырмандар конференциясы	Кітапханашы, сынып жетекшілері
4	Қаңтар	«Мен Отанымды қорғауға дайынмын!» тақырыптық сынып сағаттары	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері, 10-11 сынып білім алушылары.
5	Ақпан, наурыз	Әскери-спорттық ойындар	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
6	Ақпан	«Сапта жүріп ән айту» конкурсы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері.
7	Наурыз	Спорттық мерекелік іс-шаралар. Спорт түрлерінен жарыс	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
8	Мамыр	Эстафеталық ойындар	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
<i>2.5. Мектеп мұражайы</i>			
1	Жыл бойы	Тақырыптық экспозициялар: - «Қазақ елім -туған жерім» - «Ардагер ұстаздар» - «Ер есімі-ел есінде» - «Тарих беттерінен» - «Мектеп тарихынан» - «Ауылымның қарттары – асыл қазына» - «Республика күні»	Мұражай кеңесі мүшелері
2	Жыл бойы	Мектеп мұражайына саяхат	Мұражай кеңесі
3	Жыл бойы	Мұражайдағы тақырыптық сынып сағаттары	Мұражай кеңесі, сынып жетекшілері
4	Ақпан, наурыз, мамыр	Шығармалар, суреттер, оқырмандар сайысы: - «Мен Қазақстан азаматымын!»; «Мен Отанымның қорғаушысымын!»	Мұражай кеңесі
5	Наурыз	Ғылыми-практикалық конференция	10-11 сынып білім алушылары, сынып жетекшілері
6	Жыл бойы	Жоба « Менің мектебім...».	Сынып жетекшілері, 1-11 сынып білім алушылары.
<i>2.6. «Болашақ бүгіннен басталады»: білім алушылардың өзін-өзі басқаруы арқылы азаматтық ұстанымды қалыптастыру</i>			

1	Жыл бойы	Мектеп көшбасшысы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, өзін-өзі басқару кеңесі
2	Қыркүйек	«Мен Қазақстан азаматымын!». Мектеп көшбасшысын сайлау	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері.
3	Қазан	«Мен мекенім»	Сынып жетекшілері
4	Қараша	«Болашаққа қадам...» эссе	Сынып жетекшілері
6	Декабрь	«Салауатты өмір салтын ұстанамыз! Дұрыс тамақтану, дұрыс демалу т.б.	Сынып жетекшілері
7	Қаңтар	«Алтын ұя мектебім» жобалар сайысы	Мұражай кеңесі мүшелері, сынып жетекшілері
8	Ақпан	«Мен – патриотпын» эссе	Сынып жетекшілері.
10	Наурыз	Әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысу	Сынып жетекшілері, ата-аналар
11	Сәуір	«Мен – көшбасшымын!» мектеп ішілік сайыстар	Білім алушылардың өзін-өзі басқару кеңесі
12	Мамыр	Мұражайларға, ескерткіш алаңдарына танымдық саяхат	Сынып жетекшілері

Жұмысты ұйымдастыру формалары:

Әскери даңқ күндерінде Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен танымдық сабақтар мен кездесулер. Ерлік сабақтарында деректі және көркем фильмдерді қолдану.

Әлеуметтік маңызы бар жобалар. Мектеп мұражай бөлмесінің жұмысы.

Білім алушылардың патриоттық тақырыпта патриоттық баяндамалары мен ғылыми жұмыстарымен Тарихи конференциялар өткізу.

Патриоттық бағыттағы интеграцияланған сабақтар. Патриоттық бағыттағы тақырыптар бойынша сабақ жүйелері.

Танымдық сабақтар.

Кітапхана сабақтары, «оқушыға заң туралы» жаңа әдебиеттер көрмесі

Байқаулар: атаулы күндерге арналған шығармалар, суреттер, оқырмандар, әскери-патриоттық әндер.

Мерекелер: «Саптағы ән», «Көңілді старт», «Әкем, анам, біз спорттық отбасымыз».

Фестивальдар, концерттер.

Жарыстар, спорттық ойындар, эстафеталар. Көрмелер, экспозициялар, марафондар.

Жұмысты ұйымдастыру әдістері

- патриоттық және азаматтық борышты түсіндіру әдісі
- Отанға деген сүйіспеншілік және оның құндылықтарын өмірлік мысалдар арқылы беру әдісі.
- ұлы батыр тұлғалармен экскурсиялар мен кездесулер ұйымдастыру;
- өлкетану жұмысын ұйымдастыру;
- әлеуметтік жобалау.

Мектеп мұражай бөлмесі базасында патриоттық сабақтар өткізу.
Запастағы жауынгерлерді, соғыс ардагерлерін сабаққа қатысуға шақыру.

«Біз саған сенеміз, жас сарбаз!» жастардың Отанды қорғауға және Қазақстан армиясында қызмет етуге дайындығын қалыптастыру мақсатында ерлік сағаттарын ұйымдастыру.

Запастағы жауынгерлерді, Ауған соғысының ардагерлерін, Қарулы күштер әскері батырларымен кездесе отырып, әскери-спорттық ойындар өткізу.

«Саптағы ән» патриоттық әндерден музыкалық фестивальдер өткізу.

Осы бағыттағы жүйелі тәсілдер:

1 сынып – моральдық-эстетикалық тәрбие бағыты. Негізі: мемлекеттік және ұлттық мерекелер, мектеп ішілік дәстүрлер арқылы патриоттық сезімді ояту.

2 – сынып – рухани-адамгершілік тәрбие бағыты. Негізі: білім мен мінез-құлықты түзету, бекіту, тереңдету, кеңейту.

3-4 сынып – патриоттық тәрбие бағыты. Негізі: экология, тарихтың өткен, бүгіні, болашағы. Ерлік сабақтары, экскурсиялар, мұражайларға, кітапханаларға бару, отбасылық дәстүрлерді зерттеу, Мерекелер, көрмелер, байқаулар, эстафеталар – баланың азаматтық ұстанымы үшін қажетті формалар.

5-сынып – отбасылық және адамгершіліктәрбие бағыты: Негізі: отбасылық альбом, отбасылық мерекелер мен жарыстар, жылнамалар. Міндеті баланың отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға, өз қаласы мен елінің иесінің позициясына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

5 – сынып – зияткерлік тәрбие бағыты. Негізі: интеллект, шығармашылық қабілеттерге және практикалық дағдыларға ие рухани тұлғаны тәрбиелеу. Формалары: зияткерлік ойындар, мерекелер.

7-сынып – мәдени бағыт. Негізі: шығармашылық қабілеті бар рухани тұлғаны тәрбиелеу.

8-сынып – экологиялық-өлкетану және мәдениеттану бағыты: өзінің туған Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

9-сынып – кәсіби өзін-өзі анықтау бағыты. Негізі: балалардың өзін-өзі дамытуы, жеке бастамасын тәрбиелеу, ересектер мен балалардың бірлескен әлеуметтік маңызды қызметін ұйымдастыру. «Біз өз әлемімізді өзіміз құрамыз». (жобалар, шығармашылық жұмыстар).

10-11 сынып – азаматтық-патриоттық бағыт. Негізі: белсенді ынтымақтастыққа, белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, Отанға деген шынайы сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу, жас Қазақстан азаматтарын Отанға лайықты азамат етіп қалыптастыру: ғылыми-шығармашылық жобаларды қорғау.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс

«Азаматтық-патриоттық тәрбие қызметінің негізгі мазмұны» Мектепте бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыс және іс-қимыл жоспарының құрылымын әзірлеп, іске асырылу.

Білім берудің әр кезеңіндегі білім алушылардың жеке дамуының нәтижелері адамның қоғамдағы болашақ өміріндегі азаматтық ұстанымының негізін құрайды. Сонымен қатар, азаматтық ұстанымның мазмұны мектеп өмірінің негізінде жатқан құндылықтарға, мектепті дамытудың жетекші идеяларына және мектеп өміріндегі ұстанымға тікелей байланысты.

Нәтижесінде:

Бастауыш сыныпта: сауалнамалар, шағын эсселер, суреттер – білім алушылардың тәрбие деңгейінің, азаматтық ұстанымының өсуін көрсетеді.

5-7 сынып білім алушыларының іс-әрекеті мен белсенділігі олардың мектеп қоғамдастығы шеңберінде және қаланың қоғамдық-саяси өмірінде азаматтық қызмет тәжірибесін алуындағы сапалы өзгерістерді растайды: білім алушылардың тәрбие деңгейі жоғарылайды, жасөспірімдердің қоғамдық белсенділігі артады, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар азаяды.

8-9 сынып білім алушылары азаматтық-патриоттық жетілуін растайды: бұл өмірлік құндылықтар мен өмір жолын дұрыс таңдауға жетелейді.

10-11 сынып білім алушыларының белсенді ұстанымы олардың түрлі бағыттағы шығармашылық конкурстарға қатысуынан көрінеді: «мен Қазақстан азаматымын» эссе конкурстары, «Ұлы тұлғаларға тағзым етеміз» мектеп оқырмандары конкурсы, «Саптағы ән байқауы» мектеп конкурсы, аудандық, қалалық конкурстар т.б.

Азамат пен патриоттың жеке қасиеттерін қалыптастыру бойынша күнделікті, мақсатты жүйелі жұмыс бүкіл оқу процесіне енеді. Демократиялық қоғамның құндылықтарын түсіну, толеранттылық, азаматтық ұстаным, патриотизм сияқты жеке қасиеттерді түсіну, оларды білім алушылар әлеуметтік ғылымдарды игеру арқылы ала алады.

Білім алушыларға өздерінің азаматтық ұстанымдарын жүзеге асыруға олардың мектептегі өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қосылуы, ересектердің әлеуметтік-экономикалық өзара ынтымақтастық моделі, білім алушыларға саяси пікірталастар тәжірибесін ұсынуға көмектеседі. Мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқаруын жүйелі жүргізу, нәтижесінде қоғамдық істерде білім алушылардың белсенділігінің жағымды динамикасы байқалып, өзін-өзі басқарумен айналысатын білім алушыларды қамту деңгейі өседі.

«Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады». Жыл сайынғы ата-аналармен кездесулер, жиналыстар, ата-аналар мерекелері, білім алушылар мен ата-аналар, мұғалімдердің үш жақты ынтымақтастығын дамытады. Ата-аналар балалармен түрлі тақырыптарда іс-шаралар өткізу кезінде белсенді қатысты: «Күзгі жәрмеңке», «Әліппемен қоштасу», «Мен ата-анаммен, ата-әжеммен мақтанамын», «Наурыз-жыл басы» театрлық қойылым кеші, ата-аналар жиналыстары, «Жол ережелері», «Бастауыш мектеппен қоштасу», «Салауатты отбасы – ұлттың негізі» және т. б.

Қорытындылай келе, балалар мен жастарға азаматтық-патриоттық тәрбие беру бағдарламасы мектептегі жұмыстардың тиімділігін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1. *Күтілетін нәтижелер:*

Мектеп оқушыларының азаматтық-патриоттық жетілуі:

- мінез-құлық пен өмірдің жоғары этикалық нормалары;
- белсенді азаматтық ұстаным;
- рухани баюға және дамуға ұмтылу;
- патриотизм, гуманизм және толеранттық сезім;
- ата-аналарға деген құрмет;
- отбасының, мектептің, ұлттың үздік дәстүрлерін білу, құрметтеу және оларды жалғастыру;
- салауатты өмір салтына ұмтылу;
- жыл сайынғы мектеп жобаларына қатысу.

Бағдарламаны іске асыру мүмкіндіктері:

- азаматтық-патриоттық тәрбиенің берілген сапасына қол жеткізу;
- мектептің тәрбие және дамыту жұмысының мазмұнын жаңарту;
- білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.

5. Даму перспективалары

Мектеп балаларды, жасөспірімдерді, жастарды азаматтық-патриоттық тәрбиелеудің үздік дәстүрлерін сақтайды және со бағытта жұмыс жасайды. Бірақ нағыз патриот болу үшін тек моральдық-психологиялық қасиеттерге ғана емес, сонымен қатар арнайы қолданбалы білімге, дағдылар мен икемділікке ие болу қажет. Мысалы, әскери-спорттық ойындардың үздік дәстүрлерін жандандырып, оларды жаңа мазмұнмен толықтыру.

Әскери-спорттық ойын – бұл білім алушының үлкен өмірге шығуы, оның арманын жүзеге асыруға септігін тигізеді және оларға жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге көмектеседі..

Рухани-адамгершілік тәрбиеден басқа, бұл жүйе мыналарды қамтиды:

- ✓ әскери дайындық;
- ✓ әскери-спорттық ойын негізі арқылы даярлау;
- ✓ қолданбалы дене шынықтыру.

Әскери-патриоттық жұмыс нысандарын енгізу қажет.

Олар:

- ✓ Қорғаныс-бұқаралық және әскери-патриоттық жұмыстар айлығы;
- ✓ «Жауынгерлік даңқ» атты көрме;
- ✓ Әскери-спорттық мереке;
- ✓ «Жеңіс» күні;
- ✓ Мектеп мұражай бөлмесінің экспозициясын толықтыру;
- ✓ Әскери-тарихи және әскери-спорттық ойындар, аралас эстафеталар;
- ✓ Сапта жүріп ән шырқау;
- ✓ Ескерткіш орындарына тазалық жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Гүл шоқтарын қою.

Білім беру ұйымдарындағы патриоттық ұйымдардың жұмысы бүгінгі жастардың отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, өмірде өз орындарын

табуға, бағыт-бағдарын пайымдауға көмектесетін бірден бір ұйым. Білім алушыларды жинақылыққа, тәртіптілікке, адалдық пен төзімділікке жетелейді. Бүгінгі күнде республиканың бірқатар мектептерінде патриоттық ұйымдар жүйелі қызмет атқарып келеді.

***Білім беру ұйымдарында патриоттық ұйымдардың заманауи жұмысы
бойынша үйірмелер үлгісі***

**Шымкент қаласы №68 жалпы орта мектебіндегі
«Жас сарбаз» атты әскери-патриоттық
үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына арналған
жоспары**

1. Жалпы ережелер

1.1. Әскери патриоттық үйірме – дене тәрбиесін және спортты дамытуға, оқушылардың бойында жоғары әскери-патриоттық сезімді тәрбиелеуге бағытталған мектептегі ерекше ұйым.

1.2. Үйірме мүшелері үйірменің атын, ұранын, туын, төсбелгісін таңдайды.

1.3. Үйірме жарғысын мектеп басшысы бекітеді.

1.4. Үйірме жұмысына АӘТД пәні ұйымдастырушы-оқушысы жетекшілік етеді.

1.5. Үйірме өз жұмысына қалалық білім беру бөлімі, спорт және туризм бөлімі қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен тығыз байланыста атқарады.

2. Үйірмеге қабылдау шарты

2.1. Үйірмеге мүшелікке дене тәрбиесі және спортпен шұғылданатын, сабақ үлгерімі жақсы, тәртібі үлгілі мектеп оқушылары қабылданады.

2.2. Үйірмеге қабылданған оқушылардан салтанатты ант қабылданады.

3. Үйірме мүшелерінің құқықтары

2.3. Үйірме мүшелері мектепте, қала көлемінде өткізілетін әскери спорттық жарыстарға, патриоттық бағытта өткізілетін сайыстар, конкурстарға қатыса алады.

2.4. Үйірме мүшелеріне үйірменің белгілері бар арнайы үлгімен киім киюге рұқсат етіледі.

3.3. Үйірме мүшелеріне арнайы төлқұжат беріледі.

4. Үйірме мүшелерінің міндеттері

4.1 Үйірме мүшелері тәртіпті болуға, сабақтан қалмауға, барлық пәндерден үлгеруге міндетті.

4.2. Дене тәрбиесі және спортпен үнемі шұғылдануға, салауатты өмір салтын насихаттауға;

4.3. Үйірменің барлық іс-шараларына үнемі қатысуға;

4.4. Мектепте, үйде, қоғамдық орындарда жоғары мәдениеттілік үлгісін көрсетуге;

4.5. Антта айтылған барлық талаптарды қатаң орындауға;

4.6. Үйірме мүшелері қала көлемінде өткізілетін сайыстарда мектеп намысын әрдайым қорғауға міндетті.

4.7. Мектептің мүлкін ұқыпты қарап, оқу-материалдық базаны жетілдіру үшін оқытушыға көмектесуге;

4.8. Өз командасының атын жоғары ұстауға міндетті.

5. Рота командирінің міндеті

5.1. Өзін еңбекте де, сабақта да үлгілі тұтуға;

5.2. Барлық взводтың құрамымен мүшелерін толық білуге;

5.3. АӨТД пәні оқытушысымен бірге клуб мүшелеріне түрлі сабақтар мен жаттығулар өткізуге;

5.4. Барлық жарысқа қатысқан оқушылардың есебін алып отыруға міндетті.

6. Үйірме жетекшісінің міндеті

6.1. Үйірме жетекшісі үйірме жұмысын ұйымдастырып басқарады.

6.2. Үйірме мүшелерінің өмір қауіпсіздігіне жауап береді.

6.3. Үйірме мүшелерімен жаттығулар, әскери-патриоттық бағыттағы сабақтар, кездесулер өткізеді.

6.4. Мектепте, қала көлемінде өткізілетін сайыстарға қатысуға командалар дайындайды.

6.5. Балалар ұйымдарымен, басқа әскери патриоттық үйірмелермен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жүргізеді.

6.6. Үйірменің жұмысы, атқарылған жұмыстар туралы мәліметтерді қалалық білім беру бөліміне өткізеді.

7. Үйірме жұмысының негізгі бағыттары

7.1. Қарулы Күштердің даму тарихын, әскери жарғыларды оқып үйрену, ұлттық және қазіргі заманғы ұрыс техникаларымен таныстыру.

7.2. Саптық және атыс дайындығына үйрету.

7.3. Топографиялық картамен жұмыс жасау және бағдарлануға үйрету.

7.4. Өмір қауіпсіздік негіздеріне, алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.

8. Үйірме мүшелерін көтермелеу тәртібі

8.1. Алғыс айту және жеке карточкасына енгізу;

8.2. Мақтау қағазымен және түрлі сыйлықтармен марапаттау;

8.3. Мектеп туының жанында түскен фотосуретімен марапаттау;

8.4. Үйірменің құрмет кітабына енгізу;

8.5. Аудандық газеттерге жариялау.

9. Үйірме мүшелеріне жаза қолдану тәртібі

9.1. Ескерту;

9.2. Сөгіс беру;

9.3. Сенімсіздік білдіріп қатаң сөгіс беру;

9.4. Үйірме мүшелігінен бір ай мерзімге шеттеу;

9.4. Үйірме мүшелігінен шығару.

**«Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірме
мүшелерінің салтанатты анты**

Мен, (аты-жөні) өз ерік- жігеріммен әскери патриоттық «Жас сарбаз» үйірмесіне кіре отырып, ант қабылдаймын.

Өзімнің жолдастарымның алдында мектептің сақталып келе жатқан дәстүрлеріне сай, Қазақстан халқына және оның заңды түрде сайланған мемлекет басшысына салтанатты түрде ант етемін.

Мектепте өтілетін барлық жұмыстарға белсене араласуға, үлкендерді сыйлауға, тәртіпті сақтауға, «Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірмесінің атына кір келтірмеуге ант беремін.

Өз Отанымның ержүрек, әрі батыл қорғаушысы болуға дайындалумен қатар, әрдайым ізденуге, еңбекте озат, сабақты үздік және жақсы оқуға, Отанымның патриоты ретінде өзімді үлгі тұтуға ант етемін.

Егер мен өз қабылдаған антымды бұзсам, онда әскери патриоттық «Жас сарбаз» үйірмесінің мүшелігінен шығарылатындығымды білемін.

**Шымкент қаласы №68 жалпы орта мектебіндегі
«Жас сарбаз» атты әскери-патриоттық үйірмесінің 2022 -
2023 оқу жылына арналған жеке жоспары
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы
А.Т.Иманқұловтың тәжірибесінен**

№	Атқарылатын іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
Қыркүйек			
1	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
2	Үйірме мүшелерін жылдық жоспармен таныстыру		Әскери жетекші
3	Үйірме мүшелерінен рота командирін сайлау		Әскери жетекші
4	Үйірме мүшелерімен саптық дайындық өткізу		Әскери жетекші
5	Байланыс әскерлері күніне арнап газета шығару		Әскери жетекші
6	Саптық жаттығулар: орында бұрылыстар жасау, саптан шығу және сапқа қайта тұру		Әскери жетекші
7	Материалдық базаны нығайту		Әскери жетекші
Қазан			
1	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
2	Үйірме мүшелерімен саптық дайындық өткізу		Әскери жетекші
3	Қарулы Күштер егемендік күзетінде		Әскери жетекші
4	АӨТД журналына шолу жасау		Әскери жетекші
5	25 қазан Республика күніне арналған газета шығару		Әскери жетекші
6	Саптық жаттығулар: қозғалыста бұрылыстар жасау		Әскери жетекші
7	Пневматикалық қарудан оқ атуды жаттықтыру		Әскери жетекші
Қараша			
1	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
2	Күзгі каникул кезінде материалдық базаны нығайту		Әскери жетекші
3	АКМ оқ жарағына оқ жабдықтау әдістерін үйрену		Әскери жетекші
4	Қазақстан сарбазы газетіне шолу жасау		Әскери жетекші

5	Қалалық жарыстарға дайындалу		Әскери жетекші
6	Саптық жаттығулар: бір қатардан екі қатарға тұру және керісінше		Әскери жетекші
Желтоқсан			
1	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
2	Қарумен саптық дайындық өткізу		Әскери жетекші
3	Тәуелсіздік күніне арнап газета шығару		Әскери жетекші
4	Тәуелсіздік күніне арнап пневматикалық қарудан оқ атудан жарыс өткізу		Әскери жетекші
5	«Шетел әскерлерінің атыс қарулары» танымдық дәріс		Әскери жетекші
6	Саптық жаттығулар: бөлімше құрамында қозғалыс жасау		Әскери жетекші
Қаңтар			
1	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
2	ҚРҚМ жарғы әскери оқу орындарына түсу шарттары		Әскери жетекші
3	ЖӨОО курсанттарымен кездесу өткізу		Әскери жетекші
4	Саптық жаттығу: қарумен саптық тәсілдер орындау		Әскери жетекші
Ақпан			
	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
	Саптық дайындық		Әскери жетекші
	Ауған соғысына қатысқан ардагерлер күніне арналған жарыс өткізу		Әскери жетекші
	Ерлерге тағзым атты газета шығару		Әскери жетекші
Наурыз			
	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
	Газтұмылдырық және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану әдістері		Әскери жетекші
	Саптық дайындық. Бөлімше құрамында сапта жүру және саптық өлең		Әскери жетекші
	Ракета әскерлерінің күні		Әскери жетекші
	Көктем демалыста материалдық базаны жетілдіруге көмектесу		Әскери жетекші
Сәуір			
	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
	Саптық дайындық. Қозғалыстағы бұрылыстарды жасау		Әскери жетекші
	Қоян қолтық ұрыс әдістерін үйрету. Өзін-өзі қорғау		Әскери жетекші
	Үйірмесінің салтанатты түрде жаңа мүшелер қабылдау		Әскери жетекші
	Үйірменің құрылған күнін өткізу іс- шараларына дайындалу		Әскери жетекші
	Үйірменің құрылған күнін арнап мергендер сайысын өткізу		Әскери жетекші
Мамыр			
	Үйірме мүшелерінің отырысы		Әскери жетекші
	Саптық дайындық. Қарумен сапта тәсілдер орындау		Әскери жетекші
	7 мамыр Қарулы Күштер күніне арнап мергендер сайысын өткізу		Әскери жетекші
	Пневматикалық қарудан оқ атуды жаттықтыру		Әскери жетекші

*«Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірме мүшелерінің
жеке іс-қағазы*

Аты-жөні: _____

Туған жері: _____

Сыныбы: _____

Шұғылданатын спорт түрі: _____

Мекен жайы: _____

Мадақтаулар: _____

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірме мүшесінің мақсаты мен міндеттері:

*«Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесінің
жылдық іс-жоспары*

№	Өткізілетін сабақ тақырыптары	Өтілетін күні	Жауапты
1	Оқушыларды сабақ кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	05.09.2022	Әскери жетекші
2	Үйірме мүшелерінің отырысы	05.09.2022	Әскери жетекші
3	Оқушыларды өз міндеттеріне тағайындау	19.09.2022	Әскери жетекші
4	Үйірменің мақсаты мен жоспарын танысу	19.09.2022	Әскери жетекші
5	Пневматикалық мылтықпен атыс жүргізу	10.10.2022	Әскери жетекші
6	Түзу ату және оның практикалық маңызы	24.10.2022	Әскери жетекші
7	Автоматтың ұрыстық қасиетті	24.10.2022	Әскери жетекші
8	АК-74 туралы түсінік	18.11.2022	Әскери жетекші
9	МР-512 пневматикалық винтовкамен атыс жүргізу	25.11.2022	Әскери жетекші
10	Қалалық жарыстарға қатысу	Жыл бойы	Әскери жетекші
11	АК-74 автоматын бөлшектеу	05.12.2022	Әскери жетекші
12	АК-74 автоматын жинақтау	19.12.2022	Әскери жетекші
13	Пневматикалық винтовкамен атыс жүргізу	26.12.2022	Әскери жетекші
14	Пневматикалық винтовкамен атыс жүргізу	27.01.2023	Әскери жетекші
15	Оқжатардың құрылысы мен сиымдылығы	29.01.2023	Әскери жетекші
16	Жоғары әскери орындарына түсу шарттарымен таныстыру үгіт насихат жүргізу	30.01.2023	Әскери жетекші
17	Пневматикалық винтовкамен атыс жүргізу	30.01.2023	Әскери жетекші
18	Газтұмалдыдықты киюге жаттықтыру	06.02.2023	Әскери жетекші
19	Пневматикалық винтовкамен атыс жүргізу	13.02.2023	Әскери жетекші
20	Ауған соғысына қатысқан ардагерлер күніне арналған жарыс өткізу	20.02.2023	Әскери жетекші

21	Пневматикалық қарумен атыс жүргізу	24.02.2023	Әскери жетекші
22	Гранатаның құрылысы және түрлері	03.03.2023	Әскери жетекші
23	Материалдық базаны жетілдіру	10.03.2023	Әскери жетекші
24	Пневматикалық қарумен атыс жүргізу	17.03.2023	Әскери жетекші
25	Гранатаның ұрыстық қасиеттері	07.04.2023	Әскери жетекші
26	Пневматикалық қарумен атыс жүргізу	27.04.2023	Әскери жетекші
27	ҰОС ардагерлерімен кездесу	05.05.2023	Әскери жетекші
28	Қалалық әскери шеруге қатысу	09.05.2023	Әскери жетекші

Шымкент қаласында оқушылардың бойында әскери-патриотизм ояту, азаматтық жауапкершілікті нығайту, сонымен қатар әскер ісі дағдыларын оқушылар ойына дамыту мақсатында облыстық әскери прокуратураның тапсырысы, қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен 13 мектепте «Жас сарбаз» сыныбы ашылды.

Осыған орай Шымкент қаласының №68 Жас сарбаз сыныбына 29 оқушы Қазақстан тарихы, орыс тілі, математика және дене шынықтыру пәндерінен емтихан тапсырып, «Жас сарбаз» сыныбына қабылданды.

Жас сарбаз сыныбын патриоттық рухтарын көтеру, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында қаланың әскери бөліміне «Ашық есік» күн ұйымдастырылып, оқушылар сарбаздармен кездесіп, әскердің бір күнімен танысты.

Жас сарбаз сыныбының сабағы таңғы 08¹⁵ –те басталып, 12⁰⁰ -13⁰⁰ – да түскі ас мәзіріне шығады. 13⁰⁰ -16³⁰ арасында ағылшын тілі, орыс тілі, логикалық математика, қолданбалы әскери спорт, музыка, би, хор және т.б пәндерінен қосымша сабақтар өткізіледі.

ҚР «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №68 жалпы орта білім беретін мектебінде 6 «Ә» «Жас сарбаз» сыныбының ант беру салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға Қалалық білім басқармасының әдіскерлері, Шымкент қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тәрбие идеологиялық және әскери патриоттық қызметінің бас маманы, Шымкент қаласы Еңбекші және Қаратау аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма бастығының әскери көмекшісі, Ауған соғысының және Тәжік-ауған шекарасының ұрыстарына қатысушысы ардагерлер, Қарулы күштер ардагерлері, Қамқоршылық кеңесі мүшелері және ата-аналар қатысты.



«Жас сарбаз» қатарына қабылданған 29 оқушы ант беріп, оларға үйірме куәлігі салтанатты түрде тапсырылды.



«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өскелең ұрпақты Отан қорғауға дайындауға, Қазақстан Республикасының Егемендігі мәңгі сақтауға, ел патриоты болуға, елдің жерін, Отанын қорғауға аянбай еңбек ету мақсатында «Мен өз Отанымның батыл қорғаушысымын» және «Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алу» ауыспалы кубогын жеңіп алу үшін әскери-спорттық сайысы ұйымдастырылды.



Білім басқармасының ұйымдастыруымен негізінде 11 сынып бітірушілерге Кадет корпусы оқуының шарттары туралы үгіт насихат жүргізілді.

Төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында су тасқыны, жер сілкінісі және өрт сөндіру мақсатында және терроризм экстремизм болдырмау мақсатында мектебімізде оқушыларға дайындық жұмыстары және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Әскери-патриоттық тәрбие беру аясында Республикалық «Айбын-2021» әскери –патриоттық жастар жиынына, 5-«Жас смарт сарбаз» сыныбы, 6- «Жас құтқарушы» сыныбы, 8-«Жас сарбаз» сыныптары және 10-11-сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Осы мақсатта «Саламатты Жас сарбаз», «Тоғызқұмалақ» сайысы, «Мейірімділік біріктіреді» челленж және «Жас сарбаз – жас тілшісі» байқаулары өткізіліп отырады.



Білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие беру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Мұның бәрін мұғалімдер білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесінде ескерулері тиіс.

Патриоттық тәрбиені жалпы орта білім беретін мектептердің тәрбие жұмысының «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу» бағытын – дербес бағыт ретінде қарастыра отырып, оның ««Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің» «рухани-танымдық тәрбие», «ұлттық тәрбие», «отбасылық тәрбие», «еңбек, экономика және экологиялық тәрбие», «көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие», «зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу», «дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағыттарымен тығыз қарым-қатынасын атап өту қажет. Патриоттық тәрбие мектептің жалпы тәрбие жұмысының басқа бағыттарымен өзара тығыз қарым-қатынаста бола отырып, оларды біріктіреді және біртұтас педагогикалық процесте, яғни:

- пән сабақтарында
- сабақтан тыс іс-әрекеттер;
- дәстүрлі іс-шаралар өткізу;
- мұражайды білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу орталығы ретінде сақтау;
- мектептің орналасқан жеріне байланысты ғылыми-зерттеу және іздестіру жұмыстарын жалғастыру;
- патриоттық тәрбиеге байланысты мерекелер мен сайыстар өткізу барысында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, патриоттық тәрбие беру жұмыстарын бірнеше бағытта жүргізуге болады, мысалы:

1-бағыт: «Тарихи-өлкетану жұмысы».

Өз жерінің тарихын білу тұлғаны рухани байытып, патриоттық сезімін дамытады. Бұл бағыт бойынша келесідей іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылады:

- өлкетану мұражайына экскурсиялар, мектеп мұражайында сабақтар

өткізу.

Музей тек мектептің ерекше түрдегі оқу кабинеті ғана болып қоймай, ашық білім беру кеңістігіндегі басты тәрбие орталығына айналу қажет. Мектеп музейінің негізгі мақсаты – жас буынның отбасы, ата-ана, мектеп, қоғам, отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйрету, еліміздің өткені мен бүгініне құрметпен қарау, адамгершілік-эстетикалық мәдениеті жоғары, ой-өрісі биік азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету. Музей жұмысы негізінде білім алушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді. Мектеп музейлері ашық білім беру кеңістігінің бір бөлігі ретінде мектеп пен мәдениет мекемелері, қоғамдық бірлестіктер арасындағы байланыстың дәнекері және білім беру мекемесінің азаматтық-патриоттық қызметінің үйлестірушісі қызметін атқарады.

Мектеп музейлерінде білім алушылар туған өлке тарихы, мәдениеті, табиғаты, түрлі жәдігерлермен құжаттардың түпнұсқасын табумен және т.б. мәліметтер мен деректерді іздестіру-жинақтау жұмыстарымен, оларды сақтаумен, зерттеу істерімен айналысады;

- өлкенің тарихи және табиғи ескерткіштерімен таныстыру сабақтары;
- өлкеде өмір сүретін халықтардың сәндік-қолданбалы өнерімен: ұлттық киімдермен, салт-дәстүрлермен, мерекелермен танысу.

Білім беру ұйымдарының патриоттық тәрбие беру қызметінің басым бағыттарының бірі өлкетану болып табылады. Өлкетану жұмыстарын қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, биология, химия, физика т.б. оқу пәндеріне кіріктіруге болады.

Өлкетану сабақтары – мектеп оқушыларын туған ауылында, қаласында өмір сүріп, еңбек етуге дайын болуға, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңғыруға атсалысуда әлеуметтік бейімдеу проблемаларын шешуге ықпал етеді. Бұл біздің заманымыздың өзекті әлеуметтік-педагогикалық міндеттерінің бірі [1].

Ұлттық дәстүр мен ұлттық бірегейлікті сақтау үшін, ең алдымен, өмір бойы білім беру процесінде рухани-адамгершілік тәрбиеге ерекше назар аудару қажет. Ұлттың дәстүрін, мәдениетін, дінін және ұлттық бірегейлігін сақтауда шешуші рөл рухани-адамгершілік тәрбиесі екені белгілі.

Олай болса, жас ұрпақтың, еліміздің тағдырына бей-жай қарамайтын барлық ұстаздар мен тәрбиешілердің мақсаты – білім алушылардың жеке қасиеттерін (құндылық-мағыналық бағдар, білім, дағды, көркемдік, әдеби қабілеттер), белгілі бір әлеуметтік және тұлғалық маңызды саладағы іс-әрекет тәжірибесінің арқасында сананың бейбітшілік көзқарасын қалыптастыру.

Бейбіт сананы қалыптастырудың негізгі міндеттері жеке тұлғаны әлемдік және ұлттық мәдениеттің байлығын бейнелейтін мәдени құндылықтар жүйесімен таныстыру, оларға деген көзқарасты дамыту; ұлттық мақтаныш сезімі, азаматтық қадір-қасиет, Отанға, өз ұлтына деген сүйіспеншілікке ие Қазақстан патриоттарын, құқықтық демократиялық мемлекеттің азаматтарын тәрбиелеу; тарихи құндылықтар мен Қазақстанның әлем тағдырындағы рөлі

негізінде Отанға, оның өткеніне, бүгініне және болашағына саналы көзқарасты қалыптастыру; білім алушылардың азаматтық және ұлттық санасын дамыту; өзін-өзі басқару органдарының қызметі арқылы әрбір білім алушының өзінің азаматтық ұстанымын жүзеге асыруына жағдай жасау; туған өлкенің тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін дамыту және тереңдету.

Патриоттық сезімді тәрбиелеу қазіргі қоғамының әлеуметтік қажеттілігі екені анық. Ұлттық ізеттілік сезімін нығайту және қолдау – рухани-адамгершілік тәрбиесін, азаматтық сана мен ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру, татулықты, тарихи ойлауды қалыптастыру және т.б. қамтитын кешенді жұмыс.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру оқу процесінде, сыныптан тыс жұмыстарда жүзеге асады.

Отансүйгіштікке тәрбиелеуге сыныптан тыс өлкетану жұмыстары ықпал етеді. Патриотизмнің нақты істер мен тәжірибеге бағытталғаны маңызды.

Патриоттық тәрбиені жүзеге асыру үшін келесі міндеттер шешіледі: табиғатының алуан түрлілігі мен байлығын ашу, еліміздің табиғатына қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу, отандық ғалымдармен, саяхатшылармен, олардың ел үшін жанқиярлық еңбегімен танысу. Отан игілігіне, өз халқына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтары мен киелі жерлеріне деген сүйіспеншілік пен құрметті дамыту.

Дәстүр бойынша білім беру қоғам жүктеген әдет-ғұрыптар мен талаптарға сай білім алушылардың азаматтық, адамгершілік, психологиялық және физикалық қасиеттерін қалыптастыру, мінез-құлық стереотиптеріне үйрету және адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерін, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырумен байланысты қызмет ретінде қарастырылады.

Осы мақсатта білім алушы тұлғасын жан-жақты дамытуға, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау.

- Даму – объективті процесс және адамның физикалық және рухани күштерінің ішкі, дәйекті сандық және сапалық өзгерістерінің нәтижесі.

- Рухани даму – адамның өзінің өмірлік мақсатын түсінуі, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігінің пайда болуы, ғаламның күрделі табиғатын түсінуі және өзін-өзі үнемі адамгершілік жағынан жетілдіруге ұмтылуы.

Рухани мәдениеттің негізгі аспектілері:

- Танымдық мәдениет (білім мәдениеті, дүниетаным, интеллект, білім тұтастығы, жеке тұлғаның дүниетанымы, ойлау мәдениеті, т.б.).

- Адамгершілік мәдениеті (тұлға қасиеттері: жауапкершілік, сыйластық, кешіре білу, мейірімділік, жанашырлық, қуану, т.б.).

- Ұлттық мәдениет (ұлттық болмыс, өзін-өзі тану, ар-ождан, патриотизм, ар-намыс, абырой).

- Бейбітшілік мәдениеті (азаматтық, бейбітшілік, адам құқықтары мен міндеттері, борыш, жауапкершілік, белсенді өмірлік ұстаным, ұжымшылдық және т.б.).

- Салауатты өмір салты мәдениеті (экологиялық мәдениет, жеке бас экологиясы, санитарлық-гигиеналық нормалар, сауықтырудың дәстүрлі түрлері, зиянды әдеттерден бас тарту, дене шынықтыру, спорт және т.б.).

- Дүниетаным мәдениеті (ғылыми, діни таным, дүниені тану, дүниені түсіну).

Функционалды сауатты тұлға бұл:

- әлемде бағдарланған және қоғамдық құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін;

- өз іс-әрекетін басқа адамдардың іс-әрекеттерімен байланыстыра және үйлестіре білетін;

- жалпы адамзат алдында тұрған міндеттерге сәйкес өз іс-әрекетінің шарттарын түсіне білетін;

- оңтайлы шарттарды таңдай отырып, норматив шегінде саналы түрде әрекет ете алатын;

- таңдау және шешім қабылдау жағдайында тәуелсіз бола алатын;

- өз шешімдеріне қалай жауап беру керектігін білетін;

- өзіне, жақындарына жауапты бола алатын тұлға.

Сонымен, қоғам дамуының қазіргі жағдайындағы білім беру тұлғаның қоғам дамуының қазіргі жағдайындағы тәрбие – бұл тұлғаның дамуын педагогикалық басқарудың тәсілі.

Тәрбие жұмысындағы басты тұлға – сынып жетекшісі. Ол «педагог – педагогтер», «педагог – ата-аналар», «педагог-білім алушылар» арасында барынша тығыз өзара ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Біздің елімізде азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы көбінесе азаматтық білім мен патриоттық тәрбие деңгейіне байланысты. Бүгінде Қазақстан азаматының мемлекетпен және қоғаммен қарым-қатынасы түбегейлі өзгеруде. Ол өзін өмірдің түрлі салаларында тәуелсіз тұлға ретінде жүзеге асырудың үлкен мүмкіндіктеріне ие және оның басқа адамдардың тағдыры үшін жауапкершілік артты. Бұл жағдайда патриотизм әлеуметтік қана емес, рухани-адамгершілік, идеологиялық, мәдени-тарихи, азаматтық-патриоттық және басқа аспектілерді біріктіретін маңызды құндылыққа айналуға.

Балалық шақ азаматтық-патриоттық тәрбие жүйесі үшін өте тиімді, өйткені бұл өзін-өзі растау, әлеуметтік мүдделер мен өмірлік мұраттардың белсенді дамуы кезеңі.

Қазіргі заман білім беру ұйымдарынан қазіргі әлеуметтік-педагогикалық шындыққа сәйкес келетін азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұнын, нысандары мен әдістерін талап етеді. Азаматтық-патриоттық тәрбиенің белсенді компоненті қажет. Әлеуметтік қызметке белсенді қатысу және оған саналы түрде қатысу арқылы, мектеп климатының өзгеруі, өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы ғана осы бағытта жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Қазіргі жағдайдағы азаматтық-патриоттық тәрбие-бұл өскелең ұрпақты демократиялық қоғам жағдайында жұмыс істеуге және өзара іс-қимылға, бастамашыл еңбекке, әлеуметтік құнды істерді басқаруға қатысуға, құқықтар

мен міндеттерді іске асыруға, сондай-ақ өзінің саяси, адамгершілік және құқықтық таңдауы үшін, өзінің барынша дамуы үшін жауапкершілікті нығайтуға дайындаудың мақсатты, адамгершілікке негізделген процесі өмірлік жетістікке жету үшін қабілеттер. Азаматтық-патриоттық тәрбие өз елінің азаматы мен патриотының қасиеттеріне ие тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

Мектеп мұражайлары

Мектеп мұражайларының жастарды патриотизм мен бейбітшілік қағидаты рухында тәрбиелеу жөніндегі қызметі, әдетте, екі негізгі бағытта жүзеге асырылады:

а) экспозициялық жұмыс:

- жергілікті ұлттардың этнографиясы, түрлі конфессиялар, ұлттық-мәдени қоғамдар мен автономиялар тарихы бойынша тақырыптық көрмелер құру;
- әр түрлі ұлттардың мәдениетін бейнелейтін бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер бойынша көрмелер ұйымдастыру;
- мектепішілік жылжымалы тақырыптық көрмелер ұйымдастыру;
- стационарлық экспозицияларда жеке тақырыптық кешендер немесе бөлімдер құру;
- ұлттық қоғаммен және ұлттық-мәдени орталықтармен бірлескен көрмелер ұйымдастыру.

б) мәдени-білім беру қызметі:

- мектептегі білім алушыларға бағытталған бейбітшілік пен келісім қағидаттары рухында патриоттық тәрбие бойынша тақырыптық экскурсиялар, мұражай сабақтары мен бағдарламаларын әзірлеу және өткізу;
- мұражайлар базасында білім беру мекемелерінің, ұлттық қоғамдар, жастар ұйымдары өкілдерімен бірлесіп дөңгелек үстелдер, семинарлар мен іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- мұражайда бар материалдар мен заттарға сүйене отырып, тарихи және өлкетану көздері негізінде осы мәселе бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеген сөздері мен жарияланымдары;
- білім беру ұйымдарында бейбіт сананы дамытудың жаңа түрі – музейдегі оқу сабақтары, сынып сағаттары – мұражайдың білім беру әлеуетін анағұрлым толық және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Кітапхана қызметі

Білім беру ұйымдарында кітапхана бағдарламаларын жүзеге асыру үшін әр түрлі жұмыс түрлерін қолдануға болады: әдеби әңгімелер, кітапхана сабақтары, викториналар мен ойындар, кітаптарға шолулар мен презентациялар, зияткерлік ойындар, саяхат ойындары, кітап көрмелері, мерекелер, фестивальдар, театрландырылған қойылымдар, ұлттық әдебиет күндері (кітаптар).

Кітапханада жүргізілетін негізгі тақырыптар мен мәселелер:

- Қазақстанның өткен тарихи (тарихи оқиғалар мен көрнекті қайраткерлер);
- Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мен рәміздері;
- Ұлттық құндылықтар;
- Ұлттық мерекелер мен рәсімдер;
- Қазақстанның әдебиеті мен өнері;
- Қазақстанның табиғаты және экологиясы;
- Өлкетану;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әдебиеттер мен шығармаларды, ертегілер мен жыр-дастандарды талдау.

Отанды сүйуге және оған апаратын жол адамдар мен мәдениет әлемінің алуан түрлілігін түсіну арқылы болатындығын ескеру қажет.

Мектептегі бейбітшілік сабақтарын (сынып сағаттарын) ұйымдастыру бейбіт тұлғаны қалыптастыру. «Бейбітшілік сабақтары» нені сипаттайды және ол қалай ұйымдастырылады?

Біріншіден, бейбіт сананы қалыптастыру мұғалімнің күнделікті жұмысында жүйелі түрде жүргізіліп отыруы тиіс. Өйткені, мұғалімнің «бейбітшілік» терминін қолданбағаны білім алушылардың бойында осы сөзбен белгілейтін жеке қасиеттерді тәрбиелеуге тырыспағанын елестету мүмкін емес. Бұған толық енген жағдайда бұл екі маңызды нәтижеге әкеледі:

- білім алушының проблеманы ойлауы және анықтауы (бастапқы немесе тереңірек);
- мұғалімдердің бейбітшілікке тәрбиелеу жұмысын жалғастыру және жоспарлау. Бейбітшілік қайдан басталады? Ол біздің күнделікті өмірімізде қалай көрініс табады?

Екіншіден, «Бейбітшілік сабақтары» тәрбие процесінің түрлі субъектілерінің күш-жігерін тиімді біріктіруге мүмкіндік береді: өзін-өзі әлеуметтендіру арнасы арқылы жұмыстың сәттілігін анықтайтын білім алушылар, мұғалімдер, ата-аналар, мемлекеттік билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар, діни конфессиялар, ғылыми қызметкерлер және т. б.

Үшіншіден, күтілетін нәтижесі – сабақ барысында білім алушыларды тәрбиелеуде жүйелілік дамиды, бұл тақырып сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің оқу сабақтарымен де тығыз байланысып, ұштасып жатады.

Сабақтың мазмұнын анықтаған кезде келесі негізгі ұстанымдарға назар аударған жөн:

- Білім алушылармен тәрбие жұмысының кезеңі ретінде іс-шараларды қарастыру, оның тәрбиелік мақсаттарын бірінші орынға қою;
- Білім алушылардың алдыңғы оқу тәжірибесіне сүйену, олардың тарих, әлеуметтік зерттеулер, әдебиет курстарында және басқа да мектеп пәндерінде, сынып сағаттарында және басқа да іс-шараларда көтерілген мәселелерді зерттеу;

- Білім алушылардың әлеуметтенудің түрлі арналары, соның ішінде отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алатын тақырып бойынша білімдерін есепке алу;

- Білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесіне, қарастырылып отырған мәселелер бойынша олардың пікірін қалыптастыруға әсер ететін әлеуметтік процестерге сүйену қажеттілігі;

- Таңдалған мәселе бойынша жағымды және жағымсыз, теріс ақпаратты ақылға қонымды мөлшерлеу;

- Білім алушылардың біздің еліміздегі бірлігімізді, аймақтағы бірлігімізді нығайтуға, мәдениеттің алуан түрлілігін дамытуға және әртүрлі этникалық тектегі адамдар, конфессиялар, мәдениет аралық қарым-қатынастардағы жағымсыз құбылыстарға қарсы тұруға қызмет ететін процестерге жеке қатысуына баса назар аударылады;

- Бұл білім алушыны сабаққа белсенді қатысуына, сабақты дайындау мен өткізуге белсенді көзқарасты жүзеге асыру арқылы оның мұғаліммен, ортаман, қоғаммен бірлескен іс-әрекетіне айналдыру.

Сабақтың мазмұны мен формаларын таңдағанда мұғалім ескеруі керек:

- осы немесе басқа іс-шара өтетін балалар ұжымының ерекшеліктері: білім алушының жасы; білім алушылардың жеке ерекшеліктері; сыныптың, мектептің этникалық құрамы; оның әлеуметтік және материалдық жағдайы бойынша құрамы; балалардың дінге қатынасы; білім алушы мен мектеп ұжымындағы қалыптасқан дәстүрлер; ондағы жанжалды қатынастардың болуы және оның дәрежесі;

- осы білім алушылармен сабақта және сыныптан тыс іс шаралар барысында бейбітшілікке тәрбиелеу бойынша сабаққа дейінгі жұмыс;

- мектеп орналасқан және білім алушылар тұратын жердің мәдени-тарихи контексті, олардың отбасылары мен отандастарының тарихы;

- тақырыптың мазмұнын ашудағы, ұсынылған тізімнен қарау үшін сұрақтарды таңдау немесе талқылау, мазмұнды таңдау үшін басқа тақырыптарды тұжырымдаудағы өзіндік мүмкіндіктерге ие болу.

Сабақты өткізу формалары:

- дәстүрлі сабақ – мұғалімнің әңгімесі, білім алушыларға сұрақтар қою және олардың жауаптарын бірлесіп талқылау арқылы жүзеге асады;

- конференция сабақ – онда білім алушылардың шағын баяндамалары тыңдалады және талқыланады (егер сабақ тақырыбы бойынша тиісті жұмыс жүргізілген болса, мұны жасаған дұрыс);

- пікірталас сабағы – жақсы дайындалған сыныптарда қолданылатын;

- кездесу сабақ – билік өкілдерімен, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерімен, ғалымдармен, діни конфессиялар, этномәдени қауымдастықтар өкілдерімен және т.б. кездесу;

- практикум сабақ – құжаттарды, статистикалық деректерді және басқа материалдарды талдау;

- викторина сабағы;

- ауызша журнал сабағы;
- диалог алаңы сабағы.

Сабақта қарастыратын сұрақтар үлгісі:

- Бейбітшіліктің мәні
- Достықты қадірлейтін және жанжал тудырушы тұлға.
- Адамзат тарихындағы бейбітшілік пен төзбеушілік.
- Бейбітшілік – қазіргі әлемнің басты міндеті.
- Халықаралық құқық жүйесі және бейбітшілік құндылықтары.
- Ұлттық мәдениеттің әртүрлілігін түсіну.
- Бейбітшілік пен бейбітшілік мәдениеті.
- Елдегі патриотизм мен отансүйгіштік рухты дамыту саясаты.
- Төзімсіздік неден көрінеді?
- Төзімсіздікке қалай қарсы тұруға болады.
- Менің айналамадағы ынтымақтастық пен төзімсіздік.
- Мен қаншалықты бейбіт адаммын.
- Ынтымақтастық және біз.
- Тыныштық, татулықты үйренуге бола ма?
- Жанжалдағы мінез-құлық стратегиясы.
- Біз әртүрліміз, бірақ біз бәріміз біргеміз.
- Өзіңізбен және басқалармен бейбіт өмір сүру.

Әсіресе, білім алушылардың пікірталас жұмысын көздейтін және жақсы дайындалған білім алушыларға бағытталған тақырыптарды атап өтуге болады.

Бейбітшілік күнін ұйымдастыру

Бейбітшілік күнін өткізудің тақырыптық аспектілері:

- бір-біріне деген достық (жанжалсыз қарым-қатынас, сізге ұқсамайтын адамға төзімділік, эмпатия, мейірімділік, қамқорлық, қарым-қатынас мәдениеті);
- Отбасындағы татулық (ата-аналарды құрметтеу, отбасылық қатынастар этикасы және т.б.);
- мәдени-ұлттық кеңістік (фольклорлық дәстүрлер, менталитет, дәстүрлер, ұлттық ойындар);
- ұлттық мәдениет мен дәстүр (ұлттың шығу тегі туралы этнографиялық білім, ұлттық этикет, салт-дәстүр, тұрмыс, киім, көркем қолөнер, мерекелер, дін тарихы, мәдениет диалогы және т.б.).

Бейбітшілік күнін өткізудің нысандары (мақсатты аудитория – білім алушылар):

- сабақ/оқу сабақтары (дәстүрлі түрдегі сабақ, конференция-сабақ, пікірталас сабақ және т.б.);
- тақырыптық сынып сағаттары («Біз біргеміз», «Бейбітшілік және біз», «Өзін және басқаларды сүй», «Бейбітшілік кілті», «Менің елімнің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», «әр ұлттың балалары» «Өзара түсіністік қозғалысы» және т.б.);
- семинарлар;

-дөңгелек үстелдер, оның ішінде сюжеттік-рөлдік міндеттермен және проблемалық сұрақтармен («Өзіңмен және басқалармен бейбіт өмір сүру», «Бейбітшілік үйлесімі», «Ұлттық және діни төзімсіздік неге әкеледі?», «Басқаны құрметтеу нені білдіреді», «Бейбітшілік заңдары» т. б.);

- конференциялар;

- пікір-таластар;

- білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының конкурстары: бейбітшілік мәселелеріне арналған эссе, қабырға газеттері, плакаттар, журналдар, бейнематериалдар және т. б.;

- викториналар;

- әр ұлттың өнер көрсетуі, көркемөнерпаздар концерттері;

- этно-конфессиялық қатынастар мәселелерін зерделеу саласында жұмыс істейтін мамандармен кездесулер;

- билік, бұқаралық ақпарат құралдары, діни конфессиялар, этномәдени қауымдастықтар өкілдерімен өткізілетін әңгімелер;

- мұражайларға, мәдени орталықтарға, көрмелерге және т.б. саяхат;

- білім беру ұйымдарының кітапханаларында тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру;

- танымдық-ойын бағдарламалары;

- диалог алаңдары;

- кинолекториялар, құқықтық ағарту бойынша ток-шоу;

- мерекелер, ұлттық мәдениет фестивалі, халықтар достығы фестивалі;

- қайырымдылық акциялары;

- түрлі конкурстар өткізу.

Бейбітшілік күніне қатысушылар: педагогикалық ұжым, ата-аналар, тартылған мамандар болуы мүмкін.

Ересектерге арналған бейбітшілік, татулық күнін өткізудің формалары төмендегідей болуы мүмкін:

- педагогикалық кеңестер;

- педагогикалық семинарлар;

- дөңгелек үстелдер,

- конференциялар;

- диалог алаңдары;

- педагогикалық оқулар;

- тәрбие жобалары мен бағдарламаларының конкурстары;

- жанжал деңгейін, тәрбие деңгейін анықтау бойынша білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға сауалнама жүргізу;

- бейбітшілік тақырыбы бойынша ата-аналар жиналыстарын, ата-аналарды жалпыға бірдей оқыту семинарларын өткізу.

Бейбітшілік апталығын ұйымдастыру

Бейбітшілік апталығын өткізу үшін білім беру ұйымдарында қолданылатын жұмыс түрлерінің заманауи әдіс-тәсілдерін қолданған жөн:

- заманауи тәсілдегі сабақтар мен сынып сағаттары;

- семинарлар;
- дөңгелек үстелдер, оның ішінде сюжеттік-рөлдік проблемалық мәселелер мен міндеттерді шешу;
- білім алушылар конференциялары;
- пікір-таластар;
- білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының конкурстары: бейбітшілік мәселелеріне арналған эссе, қабырға газеттері, плакаттар, радиожурналдар, бейнематериалдар және т.б.;
- викториналар;
- әр ұлттың өнер көрсетуі, көркемөнерпаздар концерттері;
- этно-конфессиялық қатынастар мәселелерін зерделеу саласында жұмыс істейтін мамандармен кездесулер;
- билік, діни конфессиялар, этномәдени қауымдастықтар өкілдері өткізетін әңгімелер;
- мұражайларға, мәдени орталықтарға, көрмелерге және т.б. бару, көрген, естіген естеліктерімен бөлісу;
- білім беру ұйымдарының кітапханаларында «бейбітшілік апталығына» арналған тақырыптық кітап көрмелерін, кітапхана сабақтарын ұйымдастыру;
- «Мен өмір сүрген әлем» әлеуметтік жобалар конкурсын өткізу.

Бейбітшілік, достық, татулық мәселелерін қарастырудың жоғарыда келтірілген үлгілік тақырыптарының ішінде білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңестерін, педагогтердің семинарлары мен конференцияларын өткізу үшін негіз ретінде пайдалануға болатын көптеген тақырыптарды ұсынуға болады.

- Білім алушылардың бейбіт санасын қалыптастыру.
- Бейбітшілік кеңістігі – даму кеңістігі.
- Бейбітшілікті сүйетін педагог ғана бейбіт саналы тұлғаны тәрбиелей алады.

«Бейбітшілік апталығы» барысында педагогтерге арнайы жұмыс түрлерін ұсынуға болады, мысалы:

- «Білім беру ұйымдарында ынтымақтастық көзқарастарды қалыптастыру», «Мектеп пәнін оқу барысында бейбітшілік, татулық, мәселелері», «Білім алушылардың бейбіт санасын қалыптастыру деңгейін талдау және оқу-тәрбие жұмысы барысында оның нәтижелерін пайдалану» және т.б. тақырыптар бойынша тәрбие жобалары мен бағдарламаларының конкурсын өткізу.
- білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтерге бейбітшілік мәселелері бойынша сауалнама жүргізу.
- сауалнама нәтижелерін талдау және оларды талқылау.
- бейбітшілік тақырыбы бойынша ата-аналар жиналыстарын, ата-аналарды жалпыға бірдей оқыту семинарларын өткізу.

Алдын алу шаралары

Білім алушылармен жұмыс формалары:

- 1) сынып сағаты;
 - 2) дәріс;
 - 3) әңгіме;
 - 4) семинар;
 - 5) конференция;
 - 6) тренинг;
 - 7) рөлдік және іскерлік ойын;
 - 8) миға шабуыл әдісі;
 - 9) дөңгелек үстел;
 - 10) пікірталас;
 - 11) шығармашылық жұмыстар конкурсы (суреттер, қабырға газеттері конкурсы және көрмесі, кітап көрмесі);
 - 12) флешмоб;
 - 13) әлеуметтік жобалар құру;
 - 14) бейнематериалдарды көрсету.
- Іс-шараларды әзірлеу кезінде білім алушылардың даму деңгейін, олардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет:

Білім беру ұйымдары басшысының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына әдістемелік ұсынымдар

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға патриоттық тәрбие беру
«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу»

Бағдарламаның өзектілігі

«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу» бағдарламасы кәмелетке толмағандарға патриоттық тәрбие беру бағдарламасы, білім алушыларға патриоттық тәрбие беруде Қазақстан азаматы – өз Отанының патриотына тән қасиеттерге ие, азаматтық міндеттерді нақты орындай алатын тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Бүгінгі таңда патриотизмнің идеясы маңызды. Патриотизм – бұл, ең алдымен, рухтың, жанның күйі. Білім алушылар отбасылық ар-намыс, ата-бабалардың, батыр аналардың, әкелердің патриоттық істері туралы, Отанының өткен тарихы туралы мағлұматтар алуда және оны бойларына сіңіруде мұғалімдердің, ата-аналардың еңбегі зор болуы керек. Бұл өскелең ұрпақ үшін жақсы батылдық, ерлік сабақтары. Қазіргі уақытта бұл мәселе өте өзекті.

Бүгінгі күнде болып жатқан көптеген келеңсіз оқиғалар мектептегі білім алушылардың патриоттық тәрбие мәселесі нақты жолға қойылмаған күйде екенін байқатады. Немқұрайлылық, өзімшілдік, агрессивтілік, буллинг, кибербуллинг және әлеуметтік желідегі жағымсыз ақпараттармен сусындауы олардың бойында жағымсыз қасиеттердің кеңінен таралуына әсер етіп жатыр. Осының салдарынан ұлтымыздың ғасырлар бойғы дәстүрлері ұмытылады, жастар Қазақстанның өткен тарихы мен Отанына деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін, қадір-қасиетін жоғалтады. Жасөспірімдердің салауатты өмір

салтына, Отанын, елін, жерін қорғауға деген көзқарастарының дұрыс қалыптаспауы ерекше алаңдаушылық тудыруда. Олардың арасында алкогольизм, жағымсыз әрекеттер, буллинг, кибербуллинг, аутодиструктивті мінез-құлықтың көрініс беруі артып келеді. Мұндай жағдайда осындай келеңсіз «аурулардың» таралуын тоқтата алатын негізгі құрал білім алушының бойында жағымды қасиеттерді сіңіріп, патриоттық тәрбиеге баулу, өскен ортасына, отбасына, Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру мектептің басты міндеті болып қала береді.

Бағдарламаның мақсаты:

✓ Ұлттық мақтаныш, азаматтық қадір-қасиет, Отанға, өз ұлтына деген сүйіспеншілік сезімі бар азамат пен патриоттың әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыру үшін мектепте патриоттық тәрбие жүйесін құру және жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

- ✓ Білім алушыларда кіші Отан мен Отанға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.
- ✓ Өскелең ұрпақтың рухани және адамгершілік мәдениетінің өрлеуі.
- ✓ Білім алушылардың шығармашылығына, олардың азаматтық қалыптасуына жағдай жасау және салауатты өмір салтын сақтау мен насихаттауға негізделген белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.
- ✓ Білім алушыларды Отанның қаһармандық тарихын, өлкетану және ізденіс-зерттеу қызметін зерттеуге баулу.
- ✓ Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерттеу және насихаттау.
- ✓ Мектепте патриоттық тәрбие сапасын арттыру.

Бұл бағдарлама 1-11 сынып білім алушылар мен олардың ата-аналарына арналған, кешенді сипатта болады.

Бұл мақсат бүкіл педагогикалық процесті қамтиды, барлық құрылымдарға енеді, білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін, әртүрлі қызмет түрлерін біріктіреді. Міндеттерге сүйене отырып, білім беру ортасының мүмкіндігінше әртүрлі, өзгермелі болуына ықпал ету қажеттілігін атап өтуге болады.

«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу» тәрбие бағдарламасы балаға мектеп бітіргеннен кейін де өз өмірін құруға көмектеседі. Бағдарламаны іске асыру адамгершілік құндылықтарды игеру және білім алушылардың өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Ол үшін білім алушыны осы салалардың әрқайсысына ендіру үшін мүмкіндіктер жасау қажет. Бағдарламаның әртүрлі білім беру бағыттары дәл осы мәселені шешеді:

- оқу қызметі;
- тәрбие жұмысы;
- сабақтан тыс жұмыстар (үйірмелер мен секциялар);
- әлеуметтік маңызы бар істер мен акциялар;
- кездесулер мен акциялар;
- ата-аналармен қарым-қатынас.

Ұсынылған бағдарлама бойынша жұмыс барысында балалар әртүрлі іс-әрекеттерді игереді: проблемалық, ғылыми-зерттеу, ізденіс, коммуникативті, шығармашылық.

Мектептегі білім алушыларға патриоттық тәрбие беру бағдарламасы оқу процесі кезінде, сыныптан тыс іс-шараларды өткізу кезінде, қоғамда қалыптасқан дәстүрлерде жүзеге асырылады.

Бағдарлама жүйелілік, ғылыми, қол жетімділік, толеранттылық принциптері негізінде құрастырылып және үш жылға арналады. Бұл тәрбие бағдарламасының құрылымы мен ұйымдастырылуы әр түрлі мектеп жасындағы білім алушылардың рухани адамгершілік және физикалық дамуының ерекшеліктері мен міндеттеріне байланысты білім алушылардың әр түрлі жас санаттарын ескере отырып құрылады және білім алушылардың ұжымдағы өмір мен іс-әрекетке дайындық дәрежесі, олардың шешім қабылдау және өз бетінше әрекет ету қабілеті ескеріледі.

I санат – бастауыш білім беру: 1-4 сынып білім алушылары. Бастауыш сынып білім алушыларында Отанды қорғауға дайындықты қалыптастыру, отанға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу процесі олардың әлі де шектеулі өмірлік тәжірибесін, алған білімінің сипаты мен көлемін, оқыту мен тәрбиелеудің жалпы міндеттерін ескере отырып құрылады. Оның осы кезеңдегі тиімділігі, ең алдымен, оқу, жалпы білім беру міндеттерін орындаумен тығыз байланысты. Патриоттық тәрбиенің барлық түрлерінің тәрбиелік әсері балалардың өз Отаны туралы, жақын жерде тұратын адамдар туралы білімдері, жақындарын қорғау жөніндегі іс-әрекетке моральдық, эмоционалды-ерікті көзқарастары қаншалықты жүйелі түрде қалыптасатынына байланысты болады.

Міндеті – жоғары эмоционалдылыққа, әсерлілікке және сезімталдыққа сүйене отырып, бастауыш сынып білім алушыларының ауылдастарына, сыныптастарына, туған жерінде тұратын адамдарға деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін дамыту.

II санат – негізгі орта білім беру: 5-9 сынып оқушылары. Жасөспірімдерде шындықтың фактілері мен құбылыстарын талдау және жалпылау, қоршаған ортаға, моральдық талаптар мен бағалауға өз көзқарастарын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Жасөспірімдерде құндылық бағдарларын қалыптастыруда ең маңыздысы білім алушылардың әскери-патриоттық қызметтің әртүрлі түрлеріне, конкурстарға, мектепте ұйымдастырылатын жарыстарға қатысуы.

III санат – жалпы орта білім беру: 10-11 сынып оқушылары. Бұл адамның ғылыми дүниетанымын, интеллектуалды және физикалық дамуын, оның кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру кезеңі. Сондықтан мектепте білім алушыларды саналы түрде мамандық таңдауға дайындауы керек. Оқу-тәрбие процесінде білім алушыларға әртүрлі кәсіптер, елдегі оқиғалар, оның тарихи дамуы туралы білім беріп қана қоймай, олардың болашағы үшін жауапкершілікті қалыптастырып, өз Отанын қорғаудың әлеуметтік құнды тәжірибесін сіңіру қажет.

Негізгі принциптері:

1. Қол жетімділік.

Қол жетімділік принципі оқу материалының мазмұнын, сипаты мен көлемін балалардың даму деңгейімен, дайындығымен байланыстыруды қамтиды.

2. Сабақтастық.

Қазіргі кезеңде білім беру өскелең ұрпақтың зияткерлік, білім байлығын үнемі толықтыруға және адамгершілік сезімдерін жетілдіруге тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға арналған.

3. Ғылыми.

Бағдарламаның маңызды принциптерінің бірі – оның ғылымилығы, туған өлкенің тарихы мен мәдениеті туралы мәліметтер негізінде.

4. Жүйелілік.

Патриоттық тәрбиенің әртүрлі бағыттарының өзара әрекеттесуін талдауды қамтитын жүйелі принципі. Бұл қағида баланың әртүрлі іс-әрекеттердегі патриоттық сезімдер туралы идеяларын және оны қоршаған әлемге тиімді көзқарасын өзара байланыстыру процесінде жүзеге асырылады.

5. Сабақтастық.

Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу бастауыш сыныптан бастып жоғары сыныпқа дейін жалғасуда.

6. Мәдени әртүрлілік.

Бұл қағида бағдарламаның мазмұнын осы негізде құндылық бағдарларын дәйекті игеру және дамыту ретінде қалыптастырады.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

- ✓ оқу қызметі (пәндер арқылы);
- ✓ тәрбие іс-шараларының жүйесі (сынып, жалпы мектеп, аудандық);
- ✓ әлеуметтік маңызы бар істер мен акциялар (мектептің өзін-өзі басқаруы, еріктілер қозғалысы арқылы);
- ✓ сабақтан тыс жұмыстар (үйірмелер мен секциялар);
- ✓ кездесулер, экскурсиялар және акциялар;
- ✓ ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- ✓ қоғамдық патриоттық ұйымдармен ынтымақтастық.

Бағдарламаны іске асыру шарттары

Мектепте азаматтық-патриоттық тәрбиені ұйымдастыру бойынша оқу, тәрбие және әдістемелік жұмыс нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес құрылады, оның ішінде білім алушыларға патриоттық тәрбие беру бағдарламасы.

Кадр шарттары:

- педагогтер;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- мектептің медицина қызметкері;

Материалдық-техникалық шарттар:

- оқу кеңістігі
- спорт кеңістігі
- еңбек кеңістігі
- компьютерлік сынып
- алғашқы әскери дайындық кабинеті

Акт залы

Ұйымдастырушылық шарттар:

- Қазақстанның құқықтық жүйесі, құқықтың негізгі салалары мен нормалары, азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтары туралы ақпаратты тарату арқылы білім беру процесінің субъектілерінің құқықтық сауатсыздығын төмендету;

- Заңсыз мінез-құлықтың алдын алу;
- әр білім алушының өзін-өзі тануы үшін жағдай жасау;
- мектеп қоғамдастығының өміріндегі демократиялық көзқарастарды

өзектендіру;

- көшбасшылық қасиеттерді дамыту және мектеп балалар ұйымдарының мүшелерін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге тарту;

- қоғаммен ынтымақтастық;
- білім алушыларды нақты әлеуметтік маңызы бар істерге қосу.

Әдістемелік қамтамасыз ету:

- осы мәселе бойынша педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату;

- теориялық (пәндік) және психологиялық-педагогикалық даярлық деңгейін арттыру;

- азаматтық-патриоттық тәрбие беру саласындағы педагогтер;

- жаңа педагогикалық технологиялармен, азаматтық-патриоттық тәрбие нысандары мен әдістерімен байыту;

- балалар мен жастарды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша жаңа нормативтік құжаттарды, нұсқаулық-әдістемелік материалдарды зерделеу бойынша жұмыс.

Іске асыру механизмі

Бағдарламаның іске асырылуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік басшылары, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері жүзеге асырады.

Мектептегі патриоттық тәрбиені ұйымдастырудың мазмұнды жетілуінің маңызды жағы оның негізгі қызметі оқу, әдістемелік, тәрбиелік түрлеріне енгізілуі.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Ақпараттық-мотивациялық қамтамасыз ету.			
1	Педагогтерді патриоттық тәрбие мәселесі бойынша ғылыми әдістемелік ақпаратпен таныстыру.	2022-2023жж	Мектеп
2	Қызметтің осы бағыты бойынша мәліметтер базасын құру.	2022-2023жж	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
3	«Азаматтық пен патриоттық тұлғаны тәрбиелеу	2022 ж.	Тәрбие ісі

	жағдайлары» мәселесі бойынша педагогикалық кеңес, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырыстарын ұйымдастыру.		жөніндегі орынбасар
Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі			
1	Патриоттық тәрбие бойынша көрмелер ұйымдастыру және жаңа әдебиеттерге шолу.	Қыркүйек-желтоқсан 2022 ж.	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы
2	Әдістемелік әдебиеттерді, мақалалар мен жарияланымдарды талдау.	2022 ж.	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
3	Әлеуметтік педагогикалық кешен құру арқылы адамгершілік – патриоттық тәрбие бойынша жадынама-ұсынымдар әзірлеу.	2022-2023 жж	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Әдістемелік бірлестік жетекшілері, сынып жетекшілері
4	Патриоттық тәрбие бойынша әдістемелік жинақ	Жыл бойы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Педагогикалық кадрлармен жұмыс			
1	Педагогикалық кеңес: (тақырыптық) «Жалпы білім беретін ұйымдарда патриоттық тәрбиені ұйымдастырудың тұжырымдамалық тәсілдемелері»	2022-2023жж	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырыстары: - «Білім алушыларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу мәселесі бойынша жұмысты жоспарлау» - «Білім алушыларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу шеңберінде қосымша білім беру сабақтарын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» - Білім алушыларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша мектеп конкурстарын дайындау және өткізу бойынша мектептегі балалар ұйымдарының жұмысы. - Демалыс уақытында мектепте дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын және спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру. - Жазғы кезеңдегі мектеп пен қоғамның ынтымақтастығы	2015–2016 жж	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері, сынып жетекшілері Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері
Мұғалімдердің, ата-аналардың, жұртшылықтың педагогикалық ынтымақтастығына жағдай жасау			
1	Жалпы мектеп ішілік ата-аналар жиналыстары	2022-2023 жж	Сынып жетекшілері
2	Ата-аналарға арналған дәрістер: «Отбасындағы рухани өмір», «Баланың демалысын қалай ұйымдастыруға болады», «Бала құқықтары», «Азаматтық-құқықтық білім берудегі толеранттылық»	2022-2023жж	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті,

3	Ата-аналар комитетінің отырысы	Мерзім бойынша	Ата-аналар комитеті,
Бағдарламаны бақылау, талдау және реттеу			
1	Тәрбие процесін ұйымдастыруға қойылатын нормативтік санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау мақсатында сабақтарға қатысу. Іс-шаралардың, ойындардың мазмұнын, білімалушылардың іс-әрекетін қадағалау. Шығармашылық қызмет нәтижелерін талдау	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, медицина қызметкері
Бағдарламаны материалдық-техникалық және қаржылық қолдау			
1	Мектептің материалдық-техникалық базасын түгіндеу: оқу кабинеттері, акт залы, спорт залы, спорт алаңы, спорт жабдықтары, кеңсе тауарлары, музыкалық аппаратура, үйірмелердің, сабақтардың, сынып сағаттарының, дәрістердің және т.б. жұмысын қамтамасыз етуге арналған қолданбалы материалдар. Бағдарламаны қаржыландыру көзін іздеу мәселесіне басқарушы кеңесті тарту. Демеушілік қаражатты тарту.	Мерзім барысында	Әкімшілік, кабинет меңгерушілері, мектептің басқарушы кеңесі. мектеп әкімшілігі.

Бағдарламаны іске асыру тиімділігін бағалау

Бағдарламаны іске асырудың нәтижелілігін бағалау адамгершілік-рухани және сандық параметрлермен ұсынылған объективті критерийлер жүйесін пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Жүргізілетін жұмыстар: сауалнама, бақылау, әңгімелесу, мектеп ішілік бақылау арқылы құжаттаманы зерделеу және мектептің тәрбие жүйесін мониторингілеу.

Рухани -моральдық өлшемдер

1. Азаматтық дағдыларды қалыптастыру:

- жеке және ұжымда жұмыс істеу және әрекет ету қабілеті;
- өз құқықтары мен міндеттерін білу және оларды қолдана білу;
- өз шешімдерін қабылдай және қорғай білу;
- қоғамдық істерге қатысуға дайындық;
- білім беруге дайындық;

2. Негізгі құндылықтарға саналы көзқарасты қалыптастыру:

- патриотизм және Отанға деген сүйіспеншілік;
- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары;
- Қазақстан республикасының рәміздері;
- ұлттық сана;
- басқа азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- азаматтық.

Сандық өлшемдер:

1. Әр оқушының тәрбиелік жағдайға қосылуы;
2. Мектеп қатынастарының сапасы (балалардың мектеп өмірінің шындығына, мектепке, мұғалімге, сыныпқа, бірлескен істерге қатынасы);
3. Девиантты мінез-құлықты балалар санының төмендеуі;

4. Балалар ұйымының, еріктілер жасағының және басқа да бірлестіктердің қызметі;

5. Азаматтық-патриоттық тақырыптар бойынша конкурстарға қатысу;

6. Іс-шараларды өткізу.

*Күтілетін нәтижелер, олардың әлеуметтік және тәрбиелік маңызы
Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:*

1. Мектепте білім беру жүйесі ретінде:

- азаматтық-патриоттық тәрбие жүйесін құру;

- азаматтық-патриоттық тәрбие мазмұнын байыту;

- азаматтық-патриоттық тәрбие жүйесіне білім беру қызметінің барлық субъектілерінің өкілдерін тарту.

2. Түлек бейнесінде:

- танымдық салада: шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- тарихи-өлкетану: ел тағдыры үшін жауапкершілікті сезіну, ұрпақтар сабақтастығы, мақтаныш сезімін қалыптастыру

- әлеуметтік: қоғам кеңістігінде өзін-өзі жүзеге асыру қабілеті, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;

- білім және құқықтық мемлекет нормаларын сақтау;

- рухани-адамгершілік салада: білім алушылардың жоғары құндылықтар, идеалдар, бағдарлар, практикалық қызметте оларды басшылыққа алу қабілеті.

Бағдарлама қоғам мен мемлекетке өз Отанының азаматын, белсенді өмірлік ұстанымы бар патриотты тәрбиелеуге қажетті әлеуметтік тапсырысты көрсетеді бағдарламаны іске асырудың түпкілікті нәтижесі болашақ Қазақстан азаматының жеке басының негізі ретінде білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымы мен патриоттық санасы болуы керек.

Бағдарлама негізінде қол жеткізілген жұмыс нәтижелері:

- Патриоттық тәрбие бойынша жалпы мектеп ішілік бағдарламаны, сондай-ақ білім алушылар үшін азаматтық-патриоттық бағыттағы үйірмелердің бағдарламаларын әзірлеу.

- Азаматтық-патриоттық бағыттағы іс-шаралар (жоспарға сәйкес).

- Азаматтық-патриоттық жұмысты жүзеге асыратын аудандық ұйымдармен ынтымақтастық.

- Ауылдық кітапханамен ынтымақтастық: туған өлкенің, ұлттың тарихын зерттеу (сабақ циклі – 2022-2023 оқу жылы).

- Еріктілер отрядының жұмысы: акциялар, кездесулер мен экскурсиялар және т. б.

- Клуб бірлестіктері мен іс-шараларына, патриоттық тәрбие бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу.

Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру бюджет қаражаты, демеушілік көмек есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу» бағдарламасын іске асыру 3 жылға есептелген.

I кезең: жобалық – 2022-2023 оқу жылы.

Мақсаты: патриоттық тәрбие жүйесін құру шарттарын әзірлеу.

Тапсырмалар:

Нормативтік базаны зерттеу.

Патриоттық тәрбие беру бағдарламасын әзірлеу, талқылау және бекіту.

Бағдарламаны іске асырудың материалдық-техникалық, педагогикалық шарттарын талдау.

Бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша диагностикалық әдістерді таңдау.

II кезең: практикалық – 2023-2024 оқу жылдары.

Мақсаты: патриоттық тәрбие бағдарламасын іске асыру

Тапсырмалар:

1. Іс-әрекеттің мазмұнын, тәрбиелік әсердің ең тиімді формалары мен әдістерін пысықтау.

2. Патриоттық тәрбиенің мазмұнын байыту.

3. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын, еріктілер қозғалысын дамыту.

4. Патриоттық тәрбие бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

5. Білім беру ұйымдары және мәдениет мекемелерімен, ауданның спорт мекемелерімен байланыстары мен қатынастарын кеңейту және нығайту.

6. Патриоттық тәрбие жүйесіне білім беру қызметінің барлық субъектілерінің өкілдерін тарту.

7. Бағдарламаны іске асыру мониторингін жүргізу.

8. Патриоттық тәрбие бойынша конкурстарға қатысу.

III кезең: аналитикалық-2024-2025 оқу жылы.

Мақсаты: бағдарламаны іске асыру қорытындыларын талдау.

Тапсырмалар:

Мектеп жұмысының нәтижелерін қорытындылау.

Бағдарламаны іске асырудағы қиындықтарды түзету.

Келесі кезеңге жұмысты жоспарлау.

Бағдарламаның мазмұны

«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу» бағдарламасы келесі бағыттарды қамтиды:

«Ұрпақтар сабақтастығы».

Мақсаты: білім алушылардың Отан тағдырына, оның өткеніне, бүгініне, болашағына қатыстылығының адамгершілік құндылығы ретінде түсінуі. Білім алушылардың туған өлкесіне өзінің сүйікті Отаны ретінде сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Тапсырмалар:

1. Өз Отанына, Халық Қаһармандарына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

2. Ұрпақтардың тарихын өскелең ұрпақтың жадында сақтау.

3. Туған өлкенің тарихын зерттеу.

4. Білім алушыларда рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

5. Экологиялық мінез-құлықты қалыптастыру.

Нысандары: тақырыптық сынып сағаттары, батылдық сабақтары, ауызша журнал, пәндік апталар, әңгімелер, байқаулар, мұражайларға бару, атаулы мерейтой күндеріне арналған мерекелер, парақшалар, газеттер шығару, көгалдандыру, ойындар, марафондар, викториналар.

«Біз Қазақстанның патриоты мен азаматын тәрбиелейміз».

Мақсаты: жеке тұлғаның азаматтық және құқықтық бағытын, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Құқықтық сананы, өз құқықтарын және басқа адамның құқықтарын білу қабілетін тәрбиелеу.

2. Білім алушылардың өзін-өзі басқаруын, еріктілер қозғалысын дамыту.

3. Азаматтық ұстанымның көріну мәдениетін қалыптастыру.

4. Білім алушыларда Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне білім, құрмет және қызығушылық жүйесін қалыптастыру.

Нысандары: тақырыптық сынып сағаттары, ұжымдық шығармашылық істер, конкурстар, құқықтық тақырыптағы викториналар, Конституция күні мерекесі, Республика күні, Тәуелсіздік мерекесі, ауызша журнал, Ұлы тұлғалармен кездесулер, акциялар, пікірталастар.

«Салауатты ұлт».

Мақсаты: білім алушылардың спортқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Білім алушыларды спортқа және салауатты өмір салтына баулу.

2. Білім алушылардың өз денсаулығына саналы көзқарасын және дене дамуының қажеттілігін тәрбиелеу.

3. Денсаулықты сақтау және салауатты мінез-құлқын қалыптастыру.

Нысандары: спартакиадалар мен жарыстар, денсаулық күндері, парақшалар, газеттер шығару, конкурстар, ойындар, марафондар, викториналар, тақырыптық сынып сағаттары, пәндік апталар, ауызша журнал.

«Мен және менің отбасым».

Мақсаты: білім алушылардың отбасын аса маңызды өмірлік құндылық ретінде түсінуі.

Тапсырмалар:

1. Отбасылық қарым-қатынас мәдениетін, жағымды отбасылық құндылықтарды тәрбиелеу.

2. Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық құзыреттілігін арттыру.

3. Ата-аналардың оқу процесіне қатысуы үшін жағдай жасау.

Формалары: әңгімелер, ата-аналар жиналыстары, ата-аналар дәрісі, жеке кеңес беру, бірлескен іс-шаралар, ойындар, сауалнамалар, отбасылық мерекелер және байланыс сағаттары.

*Патриоттық тәрбие процесінің нәтижелілігін және тиімділігін
айқындау деңгейлері*

Жоғарғы деңгей	Патриоттық тәрбие процесі белсенділікпен, мақсатқа бағытталумен, ұйымның жоғары дәрежесімен, оның субъектілерінің өзара іс-қимылымен және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін құралдарды, нысандарды, әдістерді, технологияларды теңгерімді пайдаланумен сипатталады. Субъективті-объективті қатынастар оңтайлы, білім алушылар мен мұғалімдердің мүдделері сәйкес келеді, қарым-қатынастар өте үйлесімді, бірлескен іс-әрекет процесінде мотивация жағымды және тұрақты. Күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болады.
Ортаңғы деңгей	Патриоттық тәрбие процесі салыстырмалы ұйымшылдықпен, минималды белсенділікпен, теңгерімсіз, жақын арадағы міндеттерге қол жеткізу үшін нысандарды, әдістер мен құралдарды пайдаланумен сипатталады. Қызметтің перспективалық және инновациялық бағыттары жоқ. Субъективті-объективті қатынастар тұрақсыз, білім алушылар мен мұғалімдердің мүдделері мен ұмтылыстары тек ішінара сәйкес келеді, қатынастар тұрақсыз, маңызды негіздері жоқ. Бірлескен іс-әрекет процесінде жағымды мотивация тұрақты емес және жағымсыз сәттермен қатар көрінеді. Күтілетін нәтижеге толық қол жеткізілмейді, яғни ішінара.
Төменгі деңгей	Процесс аз басқарылатын, ұйымдастырылмаған, стихиялық сипатқа ие. Оның субъектілері арасында өзара әрекеттесу жоқ. Субъективті-объективті қатынастар ресми немесе мүлдем жоқ. Қызмет процесінде жағымды бағдарланған мотивация көрінбейді. Нәтижесінде күтілетін нәтижеге қол жеткізілмейді.

*«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу»
бағдарламасы қызмет бағыттары*

<i>Ұрпақтар сабақтастығы</i>	<i>Қазақстан азаматы мен патриотын өсіреміз</i>	<i>Салауатты ұлт</i>	<i>Мен және менің отбасым</i>
- еңбек тәрбиесі; - рухани-адамгершілік тәрбиесі; - экологиялық тәрбие.	- оқу әрекеті; - сыныптан тыс жұмыстар; - тәрбие жұмысы.	- спортпен шұғылдану; - салауатты өмір салтын құру; - денсаулық сақтау технологиясы	- отбасы құндылықтарын қалыптастыру; - ата-аналармен байланыс.

*«Қазақстан азаматын және өз Отанының патриотын тәрбиелеу»
бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары
2022-2025 жж*

1 бағыт: «Ұрпақтар сабақтастығы»

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
---	------------------	---------	------------

Еңбек тәрбиесі			
1	Еңбек акциялары, сенбіліктер	1-4 тоқсан	Сынып жетекшілері
2	Сынып сағаттары: «Еңбек түбі береке» (1-4 сынып) «Мамандыққа бейімделу» (5-9 сынып) «Мен Отанымға адал қызмет етемін» (10-11 сынып)	Қыркүйек - қазан	Сынып жетекшілері
3	Мектеп ауласын және сынып бөлмелерін көгалдандыру	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
4	Шығармашылық шеберханалардың жұмысы (жалпы мектептік іс-шараларды дайындау кезінде)	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
5	Сынып бұрыштарын безендіру (мамандыққа қатысты)	Қыркүйек	Сынып жетекшілері
6	Сынып бөлмесіне тазалық жұмыстарын жүргізу	Тоқсанына 1 рет	Сынып жетекшілері
Рухани -адамгершілік тәрбиесі			
7	- Дәстүрлі мерекелер - Атаулы мерекелер - Ұлттық мерекелер	Жыл бойы	Сынып жетекшілері Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
8	Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша сынып сағаттары, әңгімелер, тренингтер	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
9	Ақпараттық-ағарту жұмыстары (ақпараттық тақта, плакаттар, презентациялар)	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
10	Жобалық жұмыстар: - Демалыс бұрыштарын құру (бастауыш сынып) - Ұлттық бұйымдар бөлмесін құру	Қыркүйек Қараша	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері
11	Акции: «Менің Отаным» «Мен елімнің патриотымын» және т.б..	Жыл бойы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, пән мұғалімдері
Экологиялық тәрбие			
12	Экологиялық бағыт бойынша таңдау курсы	1-4 тоқсан	Пән мұғалімдері
13	Экологические акции: «Таза мектеп ауласы» «Жасыл қала!» «Таза қала «Менің мекенім-туған жерім «Мектептегі бау-бақша»	1-4 тоқсан	Пән мұғалімдері
14	Ақпараттық-ағарту жұмыстары (мектеп қабырғаларындағы ақпараттық тақта, оқу-тәрбие презентациялары, мектеп ауласындағы практикалық жұмыстар)	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
15	«Жасыл ел»жазғы еңбек бригадалары	Маусым-шілде	Әкімшілік
16	Жалпы мектеп ішкілік іс-шаралар: - Экологиялық суреттер байқауы «Киелі табиғат» эссе - Экологиялық ертегілер байқауы (2- 4 сынып) «Жасыл бұрыш» байқауы	2-4 тоқсан	Пән мұғалімдері

17	Табиғат аясына саяхат, жылдың әр мезгілінде табиғаттың өзгерістерін бақылау	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
18	Ұлттық бұйымдар бөлмені безендіру	1 тоқсан	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар

2- бағыт: «Қазақстан азаматы мен патриотын өсіреміз»

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Тарихи күндер мен оқиғалар	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
2	Атаулы және дәстүрлі мерекелер - Халықтар достығы күні - Тәуелсіздік күні - Республика күні - Отан қорғаушылар күні - Жеңіс күні - Конституция күні - Рәміздер күні	Жыл бойы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
3	Жалпы мектеп ішілік іс-шаралар - Саптағы ән байқауы - Ескерткіштер басына бару, оларға күтім жасау	Наурыз-мамыр	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
4	«Жас патриот» клубының жұмысы (жоспар бойынша)	Жыл бойы	Клуб жетекшісі
5	Ақпараттық-ағарту жұмыстары (тақырыптық қабырғаларды безендіру, мерекелік-тақырыптық газеттер шығару)	Жыл бойы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар,
6	Акциялар: «Туған жерге тағзым» «Мен елімнің патриотымын»	Мамыр	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар,
7	Тақырыптық-зияткерлік ойындар «Не? Қайда? Қаша?»	Ә тоқсанда бір рет	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар,
8	Қазақстан-еліміздің тарихы туралы деректі фильмдер көру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері

3-

бағыт: «Салауатты ұлт»

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
<i>Денсаулық сақтау және спортпен шұғылдану</i>			
1	Гиподинамиямен күресу: - дене шынықтыру минуттары; - қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
2	Жаман әдеттерді жою бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу	Ай сайын	Сынып жетекшілері
3	Салауатты өмір салтын насихаттау: газеттер, плакаттар, суреттерді ресімдеу, бейнефильмдерді қарау	Жыл бойы	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері
4	Денсаулық мектебі: - денсаулық күні; - спорттық іс-шаралар; - спорттық алаңдар; - спорттық ойындар	Жыл бойы	Әкімшілік дене шынықтыру мұғалімдері

5	Жеке жұмыс: · диагностика; · түзету жұмыстары; · білім алушыларға кеңес, көмек беру	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, әкімшілік
6	Білім алушыларға еңбекті, денсаулықты және өмірді қорғау бойынша нормативтік нұсқау беру	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, әкімшілік, Пән мұғалімдері
7	Салауатты өмір салты бойынша білім беру және білімді насихаттау, ауызша және көрнекі ақпарат құралдары, (әңгімелер, пікір-таластар және т. б.)	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Пән мұғалімдері
Салауатты өмір салтын қалыптастыру және әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу			
8	Білім алушылармен салауатты өмір салты туралы әңгіме жүргізу	Жыл бойы	Сынып жетекшілері медбике
9	Жасөспірімдерді бос уақытын ұйымдастыру мақсатында кешкі уақытта рейдтер өткізу	Демалыс, каникул кезінде	Жергілікті құқық қорғау қызметкері, әкімшілік, сынып жетекшілері
10	Тақырып бойынша бейнефильмдер қарау, оны талқылау	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар,
11	Профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу	Қыркүйек, қазан	Медициналық байқау
12	Салауатты өмір салты мәселелері бойынша мерзімді баспасөзден материалды іріктеу, ақпараттық қабырғаларды безендіру	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
13	Білім алушылардың жеке мәліметтерін жүргізу және картотека жасау	Қажет болған жағдайда	Сынып жетекшілері,
14	Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру (білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру)	Жыл бойы	Әкімшілік, сынып жетекшілері
15	Есепте тұрған білім алушылармен жеке әңгімелер.	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
16	Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен білім алушыларға қолдау көрсету	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, әкімшілік
17	Білім алушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
18	Полиция қызметкерлерімен мектептің орта және жоғары буын білім алушыларымен кездесу ұйымдастыру және өткізу	Оқу жылында	Әкімшілік
19	Білім алушылардың мінездемелік ерекшеліктерін және жеке басының ауытқуларын анықтау, компьютерлік диагностика жүргізу	Сұраныс бойынша	Әкімшілік
20	Демалыс және жазғы кезеңде білім алушылардың бос уақытын қадағалау, ұйымдастыру	Каникул кезінде	Әкімшілік

4 – бағыт: «Мен және менің отбасым»

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата-аналарға арналған жиналыстар, тақырыптық дәрістер	Тоқсан сайын	Әкімшілік, сынып жетекшілері
2	Білім алушылардың ата-аналарымен жеке әңгімелер (олардың баласының қандай да бір жетістіктері немесе сәтсіздіктері бойынша)	Жыл бойы	Сынып жетекші

3	Ата-аналарға кеңес беру, тест және сауалнама жүргізу	Жыл бойы	Сынып жетекшісі
4	Білім алушылар мен ата-аналардың бірлескен кездесулері, демалыс кештерін, мектеп және онкүндік мерекелерді ұйымдастыру:	Жоспар бойынша	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілері
5	Ата-аналарды мектеп аумағын абаттандыруға және көгалдандыруға көмекке тарту (еңбек десанты)	Жазғы мезгілде	Сынып жетекшілері
6	Тақырыптық сынып сағаттары: - «Менің отбасым» (1-4 класс) - «Отбасылық құндылықтар» (5-9 класс) - «Отбасы-шағын мемлекет» (10-11 класс)	Жоспар бойынша	Сынып жетекшілері

Білім алушыларға патриоттық тәрбие беруде мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне әдістемелік ұсынымдар

Патриотизмге тәрбиелеу

Тарихи құндылықтар мен Қазақстанның бейбітшілік тағдырындағы рөлі негізінде азаматтардың патриоттық сезімдері мен санасын қалыптастыру, өз еліне деген мақтаныш сезімін сақтау және тәрбиелеу, азаматтың жеке басын тәрбиелеу міндеттері – елдің мемлекеттік мүдделерін қорғауға қабілетті Отанның патриотын оқу процесінде зерттеу кезінде де, әлеуметтік-гуманитарлық бағытта да, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылады (қоғамдық мұражайлар, әскери-тарихи және мәдени-тарихи, әскери-техникалық клубтардың қызметін ұйымдастыру, зерттеу, ізденіс жұмыстары, жорықтар, саяхаттар, әскери-спорттық ойындар және т.б.).

Жасөспірімдік кезең – бұл сана, рефлексия негізінде жүзеге асырылатын идеологиялық таңдау мен өзін-өзі анықтау кезеңі, оны жүзеге асырудың шарты формальды-логикалық интеллекттің қалыптасуы, білім беру процесінде патриоттық сананы қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі болуы мүмкін. Патриотизм мәселесін анықтауда тарихи-философиялық ойды дамытудың ұйымдастырылған рефлексиясы, білім алушылардың патриотизмнің әлеуметтік-мәдени тарихи табиғатын түсінуі.

Қолданылатын әдістер мен тәсілдер, топтық пікірталас, фокус-топтар, эссе жазу, түпнұсқа құжаттармен т.б әрекеттерді бірнеше формада ұйымдастыруға болады.

Төменде сабақтарды ұйымдастыруда қолдануға болатын тапсырмалардың үлгілері келтірілген.

Пікірталас формасы

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекет, ел деген ұғымдар сіздің ойыңызша бірдей ме?
2. Патриоттық сезімді сақтай отырып, өз елін, мемлекетін, халқын

қоғамдық сынға алуға бола ма?

3. Патриотизмге қарсы жағымсыз нәрселер және оны қалай болдырмауға болады?

Мәлімдемелерді талқылау (ұлағатты сөздер экранда берілген)

- «Патриотизм – бүкіл халыққа, мемлекетке, Отанға жақсылық тілеу... Бірақ Отанның игілігі неде? Патриотизмнің өзі жақсылық пен жамандықтың қайнар көзі бола алады... Отанның шынайы игілігін жалғаннан ажырататын патриоттық сана да қажет»

- *«Патриотизм дегеніміз – әке-шешенді құрметтей білуің, ауыл-аймағыңды ардақтай білуің, өз ұлтыңды сүюің, ана тіліңді ардақтауың, өз халқыңның өткен жолы мен тарихын құрметтеп, оған тіл тигізбеуің мен өз Отаныңды жсаудан қорғауың» Бауыржан Момышұлы.*

- Отан алдындағы борыш дегеніміз не және оны жүгінбей-ақ орындауға бола ма?

4. Патриотизм қоғамдық игіліктің жеке игіліктен басымдығын тануды талап ете ме?

«Отан – өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі, өзімізді қадірлей білу»
Ахмет Байтұрсынұлы

«Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»
Дінмұхамед Қонаев

1. Патриотизмнің себептері. Патриотизм прагматикалық мотивтерге негізделуі мүмкін бе? Отанды қалай жақсы көру керек?

«Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сеннен үркер күшім жоқ – деп ер қайратыңа мін дағы, өрге бас» Мұхтар Әуезов

7. Адамдардың санасында қандай патриоттық бейнелер болуы керек және ол дамуы тиіс?

Жалпы талқылау уақыты: 30 минут.

«Патриоттық фильм түсіру» рөлдік ойыны.

Міндеттері:

- «патриотизм» ұғымын түсіну және сезіну деңгейін арттыру;
- патриотизмге тәрбиелеу мақсатында жас ұрпаққа психологиялық әсер ету тәсілдері туралы түсініктерді қалыптастыру.

Жұмыс барысы: тренингке қатысушылар 2 командаға бөлінеді. Әр команда үшін жүргізуші қатысушыларды патриоттық тақырыптағы фильм продюсері рөліне тағайындайды.

Продюсер фильмнің жазушыларын, режиссерін, актерлерін таңдайды. Оның міндеті – «фильм түсіру», яғни қандай да бір көріністі көрсетуді ұйымдастыру.

Оның өзі тек жалпы басшылықпен шектелуі керек: режиссерді таңдап, оған жалпы міндет қою: қызықты фильм түсіру, жақсы сценарист, жақсы актерлер және т.б. «фильм түсіруге» шамамен 15 минут кетеді.

Соңында қорытынды талқылау. Командалардың әрқайсысы өз фильмін ұсынуға мүмкіндік алады: тақырып беру, идея туралы айту, сюжет туралы қысқаша айту және қысқа (5 минутқа дейін) көріністі көрсету. Әр команданы

ұсыну уақыты – 10 мин. Ойын уақыты – 40 мин.

Білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес сауалнама үлгісі
2-4 сынып білім алушыларына арналған сауалнама:

1. «Отан» деген сөзді қалай түсінесіз?
2. Отанды сүю нені білдіреді?
3. Отанымыздың қандай батырларын білесіз?
4. Отан туралы естігенде, сөйлескенде, ойлағанда нені елестетесіз?
5. Сіз елдегі қандай тарихи оқиғалар туралы білесіз?
6. Мен (мектеп оқушысы ретінде) ел үшін не істей аламын?

5-7 сынып білім алушыларына арналған сауалнама:

1. «Отан» деген сөзді қалай түсінесіз?
2. Отанды сүю нені білдіреді?
3. Отанымыздың қандай батырларын білесіз?
4. Отан туралы естігенде, сөйлескенде, ойлағанда нені елестетесіз?
5. Өз еліңіз, жеріңіз, Отаныңыз туралы әңгімелер, оқиғалар, кітаптар, телешоулар, фильмдер сіз үшін қызықты ма?
6. Елде не өзгертіңіз келеді?
7. Сіз үшін Қазақстанда не қызықты, нені бағалайсыз?
8. Сіз бірінші кезекте өмірде нені бағалайсыз?
а) _____
б) _____
в) _____
9. Сіз елдегі қандай тарихи оқиғалар туралы білесіз?
10. Мен (мектеп оқушысы ретінде) ел үшін не істей аламын?
11. Менің елім немен мақтана алады?
12. Егер сізде (отбасыңызбен бірге, жалғыз) басқа елге кетуге мүмкіндігіңіз болса, кетер ме едіңіз?
Иә _____ Жоқ _____
- Неліктен? _____
- Қайда? Қай елге? _____
13. Патриотизм – бұл _____
14. Азамат – бұл _____

8-9 сынып білім алушыларына арналған сауалнама:

1. Патриотизм дегеніміз не? Неліктен сіз осылай ойлайсыз?
- Отанға деген сүйіспеншілік
- өзін-өзі сүю
2. Отан дегеніміз не?
3. Отанды неліктен бағалау керек?
4. «Қазақстан патриоты» деген атқа лайық адамдарды атаңыз?

5. Қазақстандағы батырлар туралы қандай тарихи ескерткіштерді атай аласыз?
6. Соңғы уақытта қандай тарихи орындарға бардыңыз?
7. Патриот қандай қасиеттерге ие болуы керек?
8. Сіз Отаныңыздан кеткіңіз келе ме?
9. Сіз патриоттық әрекеттер жасадыңыз ба?
10. Сіз еліңіз, Отаныңыз туралы кітаптар оқыдыңыз ба?
11. Қазақстандағы спорт, мәдениет, саясат саласындағы қандай жетістіктерді атауға болады?
12. Сіз өзіңіздің Отаныңыз туралы не білгіңіз келеді?
13. Мемлекеттік рәміздер (Елтаңба, Ән ұран, Ту) туралы не білесіз?
14. Сіз өзіңізді мектептің патриоты деп санайсыз ба?
15. Сіз өзіңіздің Отаныңыз үшін не істей аласыз?

10-11 сынып білім алушыларына арналған сауалнама:

1. *Сіздің ойыңызша, патриотизм дегеніміз не?*
- а) Отанға деген сүйіспеншілік
 - б) өз отбасына, жақындарына деген сүйіспеншілік
 - в) халыққа деген сүйіспеншілік
 - г) Отан жеңістерін дәріптеу
 - д) туған қалаға, ауылға, үйге деген сүйіспеншілік
2. *Сөйлемдерді аяқтаңыз.*
- а) әрқайсымыз сенеміз...
 - б) әрқайсымызда бар...
 - в) әрқайсымыз дайынбыз...
 - г) батырлардың ерліктері бізді ойландырды...
 - д) Отанды тек қолыңдағы қарумен ғана емес, сонымен бірге қалай қорғауға болады?
 - е) мен өз елімнің болашағы туралы ойлағанда...
 - ж) өз елінің лайықты азаматы болу – бұл ...
3. *Сіздің сыныбыңызда, ұжымда, достарыңыздың ортасында ең жоғары бағаланатын не?*
- а) шынайы достықты бағалай білу;
 - б) қиын уақытта досыңызға көмектесуге дайын болу;
 - в) өзара түсіністік;
 - г) адалдық, әдептілік, ұстаным;
 - д) жағымды көрініс;
 - е) әдептілік;
 - ж) сәнді киіну;
 - з) ерік күш және батылдық;
 - к) шешім шығара алу;
 - л) қызығушылық, әдебиетті білу, өнер, музыка;
 - м) саясатқа қызығушылық;

- н) фирмалық, бағалы заттар, дискілердің және т.б. болуы;
- о) ақшалы болу;
- р) қабілеттер.

4) Егер сіз өзіңіз үшін «патриотизм» ұғымын анықтай алмасаңыз, оны түсінбеуіңіздің себебі неде деп ойлайсыз?

- а) ниетім жоқ;
- б) мүмкіндік жоқ;
- в) менің ойымша, бұл қажет емес.

5) Сіздің таныстарыңыздың арасында патриот деп атауға болатын адамдар бар ма? Бұл неден көрінеді? (Еркін сұрақ). Өз ойыңызды жазыңыз.

6) Әнұранның авторларын атаңыз:

музыкасы _____

сөзі _____

7) Қазақ батырлары мен көрнекті қайраткерлерін атаңыз?

8) Сіз өзіңізді патриот деп санайсыз ба?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) ішінара;
- г) білмеймін

Соңғы сауалнамаға түсініктеме:

1) Бірінші сұрақ – «патриотизм» ұғымын базалық түсінік деңгейін анықтауға көмектеседі.

2) Екінші сұрақ – «патриотизм» ұғымын түсіну деңгейін кеңірек анықтауға көмектеседі, өзін «патриотпен» салыстыруға, баланың көз алдында «патриот» деген ұғымның не екенін түсінуге көмектеседі.

3) Үшінші сұрақ – адамгершілік құндылықтар мен қоршаған ортаны анықтауға көмектеседі.

4) Төртінші сұрақ – «Патриот», «Патриотизм» ұғымдарын түсінудегі қиындықтарды анықтауға көмектеседі.

5) Бесінші сұрақ – баланың өзін, даму деңгейін көрсетеді. Ол арқылы қоғамдағы патриотизм, өзін-өзі тану, адамгершілік және азаматтық жауапкершілік деңгейін нақты анықтауға болады.

6) Алтыншы сұрақ – білім алушының азаматтық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

7) Жетінші сұрақ – бізге патриотизм құрылатын негізгі тақырыптардың бірі ретінде өз елінің ежелгі тарихын білу деңгейі туралы түсінік береді.

8) Сегізінші сұрақ – қорытынды сұрақ. Білім алушының таңдауы, бұл оның адалдығы туралы түсінік береді және оған «Мен патриотпын» тұжырымдамасын дамытуға мүмкіндік береді.

***Бастауыш сынып білім алушыларына патриоттық тәрбие
берубойынша әдістемелік ұсынымдар***

Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылар эмоционалды саланы,

өзінің құндылығы мен өз құқықтары және міндеттерінің құндылығын білуге байланысты сезімдерді қалыптастырудың ең сезімтал кезеңі екенін ескере отырып, басты міндет – адамның бүкіл саналы өмірінен өтетін тұлғаның эмпатия, парасаттылық, бейбітшілік, төзімділік сияқты жағымды қасиеттерін дамыту керек. Бұл кезеңде білім алушылар үйренетін негізгі ұғымдар – жақсылық пен жамандық, әдептілік, құрмет, жеке тұлғаның бірегейлігі, сенімділік және т.б. адамдар арасындағы айырмашылықтарды құрметтеу.

Бастауыш сынып білім алушыларымен өткізілетін іс-шаралартақырыптарының үлгісі:

«Халықтар достығы»

«Мен және басқалар»

«Бірлік түбі – береке»

«Болашақ біз үшін»

«Дос бола біл!»

«Ертегі – әлемі»

«Достық мекенім»

«Біз бәріміз біргеміз»

«Қазақстан менің мекенім – сүйікті елім!»

Бастауыш сыныпта сабақ ойын формасында өтілген дұрыс. Оқытудағы тиімділік – иллюстрациялармен жұмыс, сурет салу. Балалар іс жүзінде басқаларға деген құрмет пен төзімділіктің не екенін түсінуі үшін жеке және топтық жұмысты біріктіру маңызды. Бастауыш сыныпта оқу процесінде білім алушыларды патриоттық тәрбие беруде пән сабақтарының мәні зор.

Бастауыш сыныпта патриоттық тәрбиені білім алушылардың сабақтан тыс іс-шараларды заманауи әдіс-тәсілдермен, ойын әдісін қолдана отырып, жүзеге асырған дұрыс. Берілетін материал бала үшін көрнекі және қол жетімді, қызықты және мағыналы болуы керек.

Патриоттық тәрбиедегі алғашқы педагогикалық шарт бастауыш сынып оқушысының өз Отанының мүддесіне деген сүйіспеншілігі мен қызметіне бағдарлануы, өз Отанының тағдыры үшін жауапкершілік сезімін оятуы, ұлт тарихы мен оның батырларына, өз елінің құндылықтарына құрмет көрсетуі, осы құндылықтарды сақтауға деген ұмтылысы болуы тиіс.

Патриоттық тәрбиеде эмоционалды-мотивациялық компонентті қалыптастыру кезеңінде педагог өз жұмысында төмендегі педагогикалық міндеттерге назар аудару қажет:

- бастауыш сыныпта білім алушыларға арналған әңгімелер, мысалдар келтіру және т.б. арқылы Отанға деген көзқарасының сипатын өз бетінше ашуға мүмкіндік беру;

- білім алушыларды басқалардың іс-әрекеттеріне, сондай-ақ өз іс-әрекеттеріне қатысты бағалау мүмкіндіктерін арттыру;

- теориялық іс-әрекеттен патриоттық мінез-құлық мотивациясын дамытуға көшу үздіксіздігі, бұл бастауыш сынып білім алушысында тиімді патриотизмнің көрінісін анықтайды.

Сондай-ақ, патриоттық сипаттағы тәрбие жұмысының барлық бағыттары тиісті білім беру бағдарламаларын құру кезінде мазмұнды нұсқаулық ретінде қарастырылуы керек екенін атап өткен жөн. Бастауыш сынып білім алушыларының сабақтан тыс іс-әрекетінің нақты формаларын әзірлеу және жүзеге асыру әр түрлі қызмет түрлеріне негізделуі шарт. Педагог ел тарихындағы батырлар мен Отанымызға деген адалдықты куәландыратын мысалдарға үнемі сүйенуі керек.

Қазіргі уақытта тек өткен тарихи тәжірибеге назар аударып қана қоймай заманауи жағдайдағы іс-әрекеттерге де көңіл аударып отырған жөн. Бұл жаһандану процесіне бейімделген қазіргі әлемде құндылық бағдарларының тез өзгеруі, әлеуметтік негіздердің өзгеру процесі, сана мен өмір салтының әдеттегі формаларының өзгеруі, адамдардың қабылдау процесіне де байланысты.

Бүгінгі күнде барлық жауапкершілік өсіп келе жатқан тікелей жеке тұлғаға жүктеледі. Осыған байланысты, педагог адамгершілікті сіңіруші тәлімгер ретінде отбасындағы рухани бағыттардың қайнар көзі бола білуі керек, соның арқасында бастауыш сынып білім алушысы бүгінгі қоғамда өзінің лайықты орнын таба алады.

Патриоттық тәрбиенің жүзеге асырылу бағыттары:

- мәдени-патриоттық;
- азаматтық-патриоттық;
- спорттық-патриоттық;
- әскери-патриоттық.

Мәдени-патриоттық тәрбиенің орталығы мұражай, әдеби немесе музыкалық қонақ бөлме, қызығушылық клубтары.

Мақсаты – білім алушыларды рухани және мәдени құндылықтарға, ұлттық дәстүрлерге баулу, елдің, аймақтың, қаланың тілі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты ояту.

Мақсатқа жету үшін келесі әрекеттерді орындауға болады:

- туған өлкеге экскурсиялар;
- көрмелерге, мұражайларға бару;
- көркем, сәндік-қолданбалы шығармашылық үйірмелер;
- көркемөнерпаздар байқауы;
- өнер және мәдениет қайраткерлерімен кездесулер;
- тақырыптық тәрбие сағаттары, кештер.
- ұлттық салт-дәстүрлер;
- ұлттық құндылықтар;
- ұлттық мерекелер т.б.

Азаматтық-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – азаматтық сананы, Отанға және өз ұлтына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Азаматтық тәрбиенің міндеттері:

- мемлекеттік билікті құрметтеуге тәрбиелеу;
- Отанға деген сүйіспеншілік пен бейбітшілікке деген ұмтылысты тәрбиелеу;
- азаматтың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде тәртіпке тәрбиелеу;

- патриоттық сезімдерді тәрбиелеу;
- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;
- ұлтын, салт-дәстүрлерін, ғұрпын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру.

Балаларды патриоттық тәрбиелеудегі маңызды кезеңі ардагерлермен кездесу.

Білім алушыларды ардагерлердің, әскери адамдардың ерліктерімен нақты, жарқын фактілерімен таныстыру, ескерткіштерге гүл шоқтарын қоюға қатысу маңызды.

Спорттық-патриоттық және әскери-патриоттық бағытта әскери-патриоттық ойындар өткізуге болады.

Патриотизм өзінің бастауын өткен тарихтан алады. Ұлттық эпостан бастап, бүгінгі күнге дейінгі азаматтық, батырлық, Отанға деген сүйіспеншілік әрекеттерді бойына сіңіреді және осы байлықты сақтау маңызды мәртебе деп санайды.

	арттыруға үлес қосатын саналы тұлға. 3-оқушы:Туған елі үшін үнемі тер төге қызмет ететін. Табиғатын қорғайтын жан ашыр адам. 3-тұрақ: <table> <tr> <td>Қаласы</td><td>бар,</td><td>елі</td><td>жоқ,</td></tr> <tr> <td>Даласы</td><td>бар,</td><td>шөбі</td><td>жоқ.</td></tr> <tr> <td>Мұхиты</td><td>бар,</td><td>суы</td><td>жоқ,</td></tr> <tr> <td>Орманы</td><td>бар,</td><td>нуы</td><td>жоқ.</td></tr> <tr> <td>Шыңдары</td><td>да</td><td>теп</td><td>- тегіс,</td></tr> <tr> <td>Кең</td><td>жазықтан</td><td>әр</td><td>түсті,</td></tr> <tr> <td>Шығыс</td><td>пенен</td><td>батысты</td><td>—</td></tr> <tr> <td>Бар</td><td>әлемді</td><td>табасың,</td><td></td></tr> </table> Өзің таң боп қаласың! Оқушылар, жұмбақтың шешуін табыңыздар. Шешуі: карта. -Дұрыс. Патриоттық ең алдымен туған елінің тарихын білуден, бабаларымыз өткен қилы замандардан сабақ алудан басталады. Елінің өткеніне құрметпен қарап, қазіргі замандағы даму барысына үлес қосып, болашағына үмітпен қарап, өз елінің перзенті ретінде азаматтық парызын адал атқарған адамды отаншыл адам деуге болады. Қазақ халқының арасынан шыққан атақты, бүкіл елге танымал тұлғалар аз емес. Әр топтың алдында жасыл түсті конверттерде Ұлы тұлғалар жайлы мәліметтер бар. Оқып, танысыңыздар. Содан кейін әр топтан бір – екі оқушы шығып, тобы оқыған тұлға жайлы мәліметтермен бөлісесіздер. оқушы: -Жамбыл Жабаев 1846 жылдың ақпан айының соңғы жұлдыздарында дүние есігін ашқан. Туған топырағы — Қазіргі Жамбыл тауының етегінде. Жамбыл Жабаев дүниеге келгенде Жетісу Қоқан хандығының қол астында еді. ақын ықтырма күркеде дүниеге келеді. Жамбыл бала күнінен бетті болып еркін өседі. 8-9 жасқа келген соң-ақ қойшылармен, жылқышылармен бірге жүріп, солардан неше алуан аңыз әңгіме, өлең-жыр естиді. Өзі де жыр айта бастайды. Асау тай үйретіп, бас білдіруді де өзінің ең сүйікті, қызықты әдетіне айналдырады. Сөйтіп, жарқын жүзді, көпшіл, өр мінезді қайсар Жамбыл Жабаев ел ішіне тез танылады. Оның көргенділігі де елге қатты ұнайды. 2-оқушы: -Абай Құнанбайұлы 1845 жылы 10 тамызда Семей уезінде дүниеге келген. Абай	Қаласы	бар,	елі	жоқ,	Даласы	бар,	шөбі	жоқ.	Мұхиты	бар,	суы	жоқ,	Орманы	бар,	нуы	жоқ.	Шыңдары	да	теп	- тегіс,	Кең	жазықтан	әр	түсті,	Шығыс	пенен	батысты	—	Бар	әлемді	табасың,			
Қаласы	бар,	елі	жоқ,																																
Даласы	бар,	шөбі	жоқ.																																
Мұхиты	бар,	суы	жоқ,																																
Орманы	бар,	нуы	жоқ.																																
Шыңдары	да	теп	- тегіс,																																
Кең	жазықтан	әр	түсті,																																
Шығыс	пенен	батысты	—																																
Бар	әлемді	табасың,																																	

«4 сурет- 1 сөз» ойыныны	Құнанбайұлы - ұстаз, ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер, аудармашы, саяси қайраткер, либералдықөзқарасын исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. оқушы: - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1866 жылы 5 наурыз <u>Қарқаралы</u> уезі, Семей облысында дүниеге келген. Әлихан Бөкейхан - қазақтың мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. 4-тұрақ: <i>Ілулі тұр кең алаң, Керегімді мен одан. Жазып алам көшіріп, Сүртем сосын өшіріп.</i> Оқушылар, жұмбақтың шешуін табыңыздар. Шешуі: тақта. Дұрыс. Суретті пазлды дұрыс құрастырып, тақтаға іліп, қорғайсыздар. Табиғат, Рәміздер, достық жайлы суреттер. 5-тұрақ: Балалар, «4 сурет- 1 сөз» ойынын ойнайық. Слайдқа назар аударайық. осы 4 суреттен қандай бір сөз шығаруға болады? -«Жетістік», «Жеңіс» деп, 1 сөзбен айтуға болады. - Ал оқушылар, еліміздегі өнер, білім, спорт саласының дамуына шамаларың келгенше қандай үлес қосып жүрсіздер? - Қандай жетістіктеріңіз бар? -Өздеріңіздің жетістіктеріңізді айтып берсеңіздер. Әр оқушы /алдын-ала алып келген/ өзінің медаль, диплом, мақтау қағаздарын қандай салада алғаны жайлы әңгімелеп айтып береді. 1-оқушы: Өз жетістіктерімізбен елімізге үлес қосуымыз керекпіз. 2-оқушы: Біз халқымыздың гүлденуі мен қуатының жарқын белгісі ретінде әрқашан мақтан тұтатын боламыз.		
--	--	--	--

Ә. Бөкейханов атындағы Vinom school мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі, мектеп басшысының тәрбие ісінің орынбасары Асқарова Дидар Асқарқызының тәжірибесінен

Сыныптан тыс тәрбиелік іс – шара тақырыбы	Қазақ қолөнері – біздің мақтанышымыз	
Сыныптар	4 сыныптар, ата-аналар, ұстаздар	
Тәрбие жетекшісі:	Асқарова Дидар Асқарқызы Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі	
Тәрбиелік іс-шара мақсаты	Қазақ қолөнері, оның түрлері, қолөнер бұйымдарын таныту, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу отырып, патриотизмді қалыптастыру, ұлттық рухты көтеру, үлгі-өнеге беру.	
Құндылықтарды дарыту	Сүйіспеншілік, құрмет, патриотизм, жауапкершілік, ұлтжандылық	
Жүргізу формасы	Танымдық көрме	
Күтілетін нәтиже	Ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, бағалайтын, жасайтын жасампаз және шығармашыл, патриот оқушы.	
Тәрбие әдістері	үлгі-өнеге, әңгімелеу, түсіндіру, мадақтау, жаттықтыру, сендіру. «Бес саусақ» стратегиясы, индукция, дедукция әдістері, «Мозайка» әдісі, Әуенді өрімдер әдісі.	
Тәрбие сағаты барысы		
<i>Жоспарлы кезеңдер</i>	<i>Жұмыс мазмұны және іс-әрекет</i>	<i>Ресурстар</i>
Басы 3 минут	(жайлы әуен ойналып тұрады) - Қайырлы күн, ардақты ата-аналар, оқушылар! Алдымен назарымызды бейнетаспаға аударайық. Бейне материал: «Қазақ ұлттық қолөнері» - Бүгінгі тәрбиелік шарамыз неге арналатынын түсінген боларсыздар (балалардың жауаптары). - Ия, қазақ қолөнеріне арналады, танымдық көрмені аралай отырып сіздер ұлтымыздың қолөнер туындылармен және оны өздерінің кішкентай қолдарымен жасаған кішкентай шеберлеріміз жайлы білетін боласыздар. Бұл көрме сіздердің ұлттық рухтарыңызды көтеруге ықпал етеді деген сенімдеміз. <u>1 жүргізуші:</u> - Пай-пай шіркін, менің қазағым – ай, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де ғажайып қолөнер туындыларын өмірге әкеліп, мәдени мұра қалдырған шебер ғой! <u>2 жүргізуші:</u> – Сен білесің бе, біз қазақ болып туғаннан соң бізге бауырмалдық, қонақжайлылық, әр қазақты жалғызым деу қажет екенін. Ол үшін біз өз жанымызды азықтандырып отыруымыз керек. Сондай азықтың бірі – халқымыздың өнер туындылары, біз	Интерактивті тақта, Power Point бағдарламасындағы презентация. Бейнематериалға сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=qn1tteK_kuc&ab_channel=OryngulTanbayeva (1.50 минут)

	оларды көріп шаттанамыз, қуанамыз, мақтанамыз, өз қолымызбен жасағымыз да келіп кетеді. <u>1 жүргізуші:</u> - ия, дұрыс айтасың, қазақ қолөнері астарында үлкен еңбек, еңбек адамдарына деген құрмет, ұлттымызға деген мақтаныш жатыр. Қымбатты көрермендер, сіздерді ұлттық қолөнер бұйымдарының танымдық көрмесін көруге шақырамыз.	
Ортасы 45 минут «Мозайка» әдісі	<u>1 жүргізуші:</u> - Қазақ халқының қолөнері - халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығы. <u>2 жүргізуші:</u> - танымдық көрмені жасау барысында біздің мектебіміздің 4 сынып оқушылары алдын-ала мозайка арқылы (сурет бойынша мозайка құрастыру) шығармашылық топтарға бөлініп, жұмыс жасаған болатын, қазір сол топтар өз кезектерінде жасаған жұмыстарымен таныстырып өтетін болады. (топтарға бөлінгендері туралы бейнематериал көрсетіледі) <i>Осылай топтар мозайкалық топтарға бөлінеді және оларға тақырып бойынша материалды бірнеше бөліктерге бөліп, қажетті мәліметтер беріледі, осылай әр топ өз тақырыбы бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізеді.</i> 1 топ: «Иірушілер» тобы 1 қолөнер залы. «Жүннен жасалатын заттар» <u>1 оқушы:</u> - төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарған және оны ұқсатуды ел бұрыннан білген. Мал жүнінен бұйымдар жасауға: түйе, қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, жылқының жал-құйрығы пайдаланылған. (көрмеге жылқы, түйе, қой, ешкі, құс жүндерінен жасалған заттар қойылған, онымен таныстырып өтеді және көрменің бұл бөлігі жартылай шеңбер киіз үй үлгісінде жабдықталады) - Жылқы жүнінен не жасалатынын айтады (қылынан арқан еседі, тұзаққа, қобызға тағады т.б.). - Түйе жүнінен не жасалатыны туралы айтады (кілем, «Шертер» аспабына шек т.б.). - Қой жүнінен не жасалатыны туралы айтады (байпақ, киіз т.б.). - Ешкі жүнінен не жасалатынын айтады (түбіт шәлі, жіп т.б.). - Құстың жүнінен не жасалатынын айтады (жастық, құс төсек т.б.). <u>2 оқушы:</u> – Құстың қауырсындарын жебеге таққан. Тымақтың маңдайына, найзаның ұшына, салт атты адамның атына тағылған құс қауырсыны «өте	Қазақтың жүннен жасалған бұйымдары, мультимедия, музыка ұлттық киім

	асығыс» деген белгіні білдірген. Үкінің жүні әсемдіктің белгісі болған. «Үкілі қыз-сүйкімді» деген сөз осыдан қалса керек. қараңыздаршы біздің үкі таққан Нұрайымыз қандай әдемі! <i>(үкі тағып, қазақтың ұлттық киімін киген қыз бала ортада)</i> <u>3 оқушы:</u> - мына тұрған киіз үй малдың жүнінен жасалған ол - көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын баспанасы болған. <i>(оның ішінде тұрған заттарды (сандық, түс киіз, төсеніштер, бау-басқұр т.б.) атап, танысытырп өтеді)</i> <u>4 оқушы:</u> - қазақ үйінің әрбір бұйымына шебердің маңдай тері, көз майы, қол еңбегі сіңген. «Өнерлінің қолы алтын» деген сөз осыдан қалса керек. біздер де осы өнерді жалғастыратын ұрпақ боламыз. <i>Би «Киіз басу».</i>	
	2 «Зергерлер» тобы 2 қолөнер залы. «Зергерлік өнер» <u>1 оқушы:</u> – Зергерлік - сәндік қолөнер түрі. Назарларыңызға ұсынылып отырған зергерлік бұйымдар <i>(айтып, көрсетеді)</i> қазақ зергерлерінің қолынан шыққан. <u>2 оқушы:</u> - қару-жарақ,, сауыт-сайманды, ер тұрманды және үй іші мүліктерін, аңшылық жабдықтарды, музыка аспаптарын зерлеген. <i>(қойылған заттарды айтып, көрсетіп тұрады)</i> Жантақтан ине, жаңқадан түйме жасаған шеберлердің өнерлері. <u>3 оқушы:</u> - алтын, күміс, сүйекті пайдаланып, қыз-келіншектердің сәндік бұйымдарын: сырға, жүзік, сақина, шолпы, алқа, қаптырма, белбеу т.б..... жасаған. <i>(айтып, көрсетіп тұрады)</i> <i>(ортаға шолпы таққан 2 қыз шығады)</i> <u>1 оқушы:</u> - осындай өнерлі халықтың ұрпағы екенімізді мақтан тұтамыз. <u>Ұл бала:</u> Сылдыр, сылдыр, сылдыр, Қанымды қайнатты құрғыр, Шық-шық жүрекке тиеді, Күлпара талқан боп сыңғыр. Сылдыр, сылдыр, сылдыр, Өзекті өртеді құрғыр, Әдейі іргеден жүреді, Сұлу қыз санадан солғыр! Сылдыр, сылдыр, сылдыр,-деп акын Мағжан Жұмабаев «Шолпы» өлеңінде жырлағандай қазақ қыздары шолпы таққан. Шолпыны кестелі бауға тағып, шашпен бірге өріп қойған. «Әуенді өрімдер» әдісі. Домбырада ән. «Шашбаулым».	Зергерлік бұйымдар, мультимедия, музыка ұлттық киім т.б.

		
	3 «Ою-өрнек» тобы. 3 қолөнер залы. «Ою-өрнек» <i>(оқушылар өздері оюланған ұлттық киімде тұрады)</i> <u>1 оқушы</u> - «Ою-өрнек» залына кош келдіңіздер. Ою-өрнек сөзінің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау не екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. <u>2 оқушы:</u> - Ою-өрнек ісі әсіресе сырмақ, текемет, тұскиіз, сандыққап, киіз үй сияқты киізден ойылып алынатын заттарға, ұлттық киімдерге салынған. Ою-өрнектердің мынадай түрлері бар. <i>(ортаға оқушылар ою-өрнек салынған плакаттарды ұстап, алып шығып отырады, көрсетеді)</i> 1. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер: «Гүл», «Жапырақ», «Жауқазын» т.б. 2. Құстарға байланысты өрнектер: «Қазмойын», «Туырлықаз», «Құсқанат», «Құстандай» т.б. 3. Аңға байланысты өрнектер: «Қосмүйіз», «Сынық мүйіз», «Табан», «Өркеш» т.б. 4. Көк әлеміне байланысты өрнектер: «Күн», «Айшық», «Айбалта», «Құсжолы» т.б. 5. Малға байланысты өрнектер: «Мүйіз», «Табан», «Омыртқа», «Қосмүйіз», т.б. 6. Геометриялық фигура тектес өрнектер: «Шынжыра», «Шиыршық», «Қос дөңгелек»  <u>3 оқушы</u> – ал мына оюларды біздің сыныптың кішкентай оюшылары ойған. <i>(әркім өз оюларын ұстап тұрып, көрсетеді)</i> Ою-өрнек оюшы қазағымның жас ұрпағына қошемет көрсетейік.	Ою-өрнек салынған плакаттар, ою салынған заттар, музыка ұлттық киім т.б.
	4 «Тоқымашылар» тобы 4 қолөнер залы. «Тоқыма және кесте өнері» <u>1 оқушы:</u> - Халық қолөнерінің тоқу ісінде	Тоқыма және кесте бұйымдары,

	өрмек арқылы тоқитын болған. Өрмек арқылы кілем, қоржын, төсеніштер тоқылған. <u>2 оқушы:-</u> назарларыңызға қолмен тоқылған заттармен танысуға шақырамыз: шәлі, шалма, қолғап, байпақ, шілтер, өсімдік сабақтарынан сөмкелер, қамыстан жасалған нан салғыш, шиден тоқылған құрт жаюға арналған өре т.б. <u>1 оқушы:</u> - халқымыз киімдерге, төсек-орындарға, дастарханға кестелеп тіккен. Алдарыңызда өз қолдарымен тігіп, кестелік және тоқу өнерін жалғастырушы, қыздарымыз. <i>(қыздар ортаға өз қолдарымен тіккен кестелерін, тоқымаларын алып шығып, көрсетеді)</i>	мультимедия, музыка ұлттық киім
	6 топ. «Шеберлер» 5 қолөнер залы. «Мал терілері» <u>1 оқушы:</u> - Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты болғандықтан мал терілерін ұқсата білген. Назарларыңызға теріден жасалған заттар: - Қой-ешкі терілері. Мына тұрған тон. Ол қырықпа теріден жасалған, қырықпа тері- жабағы жүн мен күзем жүндері қырқылғаннан кейін сойылған малдың сұйық жүнді терісі. <u>2 оқушы:</u> Жүнді терілерден: мес, дорба, шарқай сынды заттар тігілсе, ал құрымға салынып ысқа ұсталған: саба, торсық, көнек істеледі. <u>3 оқушы:</u> Иленген теріден: таспа, қайыс, қапшық, жүген, етік, мәсі, ертұрман, тақия, белдік, шалбар, тіпті тұс киіз сияқты көлемді заттар да жасалады. <u>4 оқушы:</u> Былғарыдан саптама, шоңқайма, мықшима сынды етіктер, мәсі, кебіс және ұлтарак, қамшы, тұсамыс, тізгін сынды заттар тігілген. <u>5 оқушы:</u> Аң терілерінен: қасқыр ішік, түлкі ішік, сусар бөрік, құндыз бөрік, қоян ішік, түлкі тымақ сынды киімдер тігілген. <i>(көрмеге қойылған заттар көрсетіліп, таныстырылып тұрады)</i>  1 оқушы: - мынау менің атамның түлкі бөрігі, оны әжем тігіп берген. Атам маған «өскенде осы бөрікті киіп жүресің» деп берді. <i>(көрсетеді)</i>	қазақ халқының мал терілерінен жасаған бұйымдары, мультимедия, музыка
	6 топ «Ұлттық киімдер» тобы 6 қолөнер залы. «Қазақтың ұлттық киімдері»	музыка ұлттық киім

	<u>1 оқушы:-</u> Қазақты танытатын - ол ұлттық киімдер. Ол көбінесе көшіп-қонуға, жергілікті ерекшеліктерге сай тігілген. Ол қыздар киетін - ашық түсті көйлек, камзол, үкілі тақия, сәукеле, бөрік сияқты әсем де көрікті киімдер және ер балалар киетін киімдер. <i>(киім түрлерін айтады)</i> Зер салып қараған адамға қазақтың ұлттық киімдері өте әдемі және ол барлық қыздар мен ұлдарға жарасады. Қараңыздаршы, неткен әдемі! <i>(Ортаға ұлттық киім үлгісіндегі қыздар шығады) Ән. «Үкілі камшат»</i>	
	7 «Сүйекті өңдеушілер» тобы. 7 қолөнер залы. «Сүйек пен мүйізді ұқсату өнері» <u>1 оқушы:</u> - назарларыңызға сүйектен, мүйізден жасалған заттарды ұсынамыз: шүмек, алқа, бесік, бәкі сап, ине, қамшы сап, табақ т.б. <u>2 оқушы</u> – білесіздер ме, заттар жасауға семіз малдың сүйегі пайдаланылған себебі, ол шытынамайтын май сіңген, майысқақ келеді, кесуге де тесуге де ыңғайлы болған. <u>3 оқушы:-</u> мүйізден: пышаққа сап, асадал, қасық, білезік, ожау, ер, ыдыс-аяқ сынды заттар жасалған. <i>(көрсетеді)</i> <u>4 оқушы:</u> - аққудың мойынындай иілген сары мүйіз сәнді ожаумен немесе ыс сіңіп, сарғыш тартқан мүйіз ожаумен үйеңкі тегенеден қымыз сапырғанда, оны ерекше дәмдендіріп тұрғандай сезінесің. <i>(қымыз сапырылып, көрсетеді)</i> <u>1 оқушы :</u> - ия, бұлар біздің ата-бабаларымыз қалдырған ғажайып ескерткіштер. Сондықтан олар ешқашан ұмытылмайды. 	Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар,, мультимедия, музыка ұлттық киім т.б.
	8 «Ұсталар» тобы 8 қолөнер залы. «Ағаш бұйымдары» <u>1 оқушы:</u> – қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Ағаш ұстасы сандық, кебеже, ыдыс-аяқтар: тостаған, астау, табақ, келі-келсап, саба, тоқпақ жасайды. <i>(қыздар қолдарына ағаш заттарды ұстап шығып көрсетеді, орнына қояды)</i> <u>2 оқушы:</u> - Ағаш бұйымдарының ең көрнекті үлгісі- киіз үй болып табылады. Сондай-ақ халық музыка аспаптары: домбыра, қобыз, сазсырнай, сыбызғы, жетіген, сылдырмақ та ағаштан жасалады. <i>(көрсету)</i> <i>Күй. С. Тұрысбеков «Көңіл толқыны»</i>	Қазақтың ағаштан жасалатын бұйымдары, ұлт аспаптары, мультимедия, музыка ұлттық киім т.б.

		
	9 қолөнер залы. «Аталар мұрасы» деп аталады. <u>1 Жүргізуші:</u> - «Ел іші-өнер кеніші» демекші халық арасынан шығып, өз өнерлерімен танымал болғандар қаншама. Қазақ халқы баласын «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат етіп тәрбиелеуді көздеген. Ер баланы 5 жастан бастап ат жалын тартынып азамат болғанға дейін тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауға, яғни қолөнерлік шеберлікке баулыған. <u>2 Жүргізуші:</u> - Иә, дұрыс айтасың, біздің сыныптардың ішінде де өнерімен еліне танымал болған ата-әжелер өнері де баршылық. «Ата өнері-балаға мұра» дегендей осындай ата-әжелеріміздің өнері біздердің жанымызда, қанымызда. Олардан біз үлгі аламыз және оны жасауға үйренеміз. <i>Ортаға оқушылар ата-әже немесе ата-аналарымен шығып, өзінің отбасындағы ата-әжелерінің жасаған өнер туындыларын көрсетеді, айтып, таныстырады.</i>	қазақ қолөнер бұйымдары, музыка ұлттық киім т.б.
	<u>1 жүргізуші:-</u> Танымдық көрмені аралап халық қолөнер туындыларымен таныстыңыздар. «Адамды өнер танытады» демекші осы көріп тамашалаған заттарыңыздың көбін өзіміздің сыныптың оқушылары және олардың ата-аналары өз қолдарымен жасаған. Қолөнер туындыларын жасаған шеберлерімізді ортаға шақырайық: (ортаға балалар шығады) 1..... 2..... 3..... <u>2 Жүргізуші:-</u> Осындай кең байтақ өнері бар, артында осындай өнерлі ұрпағы бар, қазақ халқының қолөнері ешқашан жойылмайды! Балалар, бүгінгі айтылған қолөнер туындыларын болашақта жасайтындар кімдер? <u>Бәрі:</u> - біз! <u>2 Жүргізуші:-</u> осындай шебер халықтың ұрпағы болғанымызға... <u>Бәрі:</u> - Мақтанамыз! Мақтанамыз! Мақтанамыз!	қазақ қолөнер бұйымдары, мультимедия, музыка ұлттық киім т.б.
Соңы 12 минут	<i>Рефлексия. «Бес саусақ» стратегиясы</i> Бас бармақ – Не үйрендім? Балан үйрек – Неге көңіл аудару керек? Ортан терек – Кімге көмектестім? Шылдыр шүмек – Алған әсерім, Көңіл-күйім?	Музыка, аудио-материал


	Кішкене бөбек – Неден қиналдым? <u>Мұғалім:</u> Қолөнер- халық қазынасы, ғасырлар мұрасы. Өнегелі орны бар қазақ қол өнеріндегі ұлттық рух – жанымызды, жүрегімізді нұрландырсын, осы жолда баршаңызға: «Өнерлінің қолын ұста, өнегелінің жолын ұста» дей отырып, бүгінгі тәрбиелік іс-шарамызды аяқтайтын да уақыт жеткен сияқты. Осы танымдылық көрмеге қатысқан әрбір сыныптың оқушыларына, олардың ата-аналарына ізденістеріңіз бен еңбектеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Ұлтымыздың сендер сияқты «Елім, Отаным» деп соққан жүрегі бар, кішкентай патриот бүлдіршіндерінің қатары көбейе берсін. Ат салысып қатысқандарыңызға рахмет, дей отырып, шарамызды әдемі әнмен аяқтасақ. <i>Ән. «Жаным қазақ» Т. Төрәлі</i> Егемен елмін ерлерімменен, Еңбегім ерен, тарихым тереңТаңым ғажап! Тау, асу, белім, дала, су, көлім, Сүйемін сені, жанашыр елім! Жаным қазақ! Қайырмасы: Бір-біріне қорған қалың қазақ! Бәрің абыройлы, бәрі ғажап! Баянды болсын бағың, қазақ! Дүние тұрғанша, жаным қазақ, жаным қазақ! Мерген көзіммен, зергер тіліммен Ұлы даланың перзентімін мен, Қаным қазақ! Жасай бер, жаса, елім ержүрек, Көгіңде байрақ тұрсын желбіреп! Жаным қазақ!	
Кері байланыс:	Белгіленген тәрбие мақсатына жетті ма?	
Жалпы бағалау	Тәрбиелік іс-шараның қандай аспектілері жақсы жүзеге асты? 1. 2. Өмірмен байланысы бар ма? 1. Тәрбиелік шараны жақсартуға не ықпал етер еді? 1. 2. Тәрбиелік іс-шара барысында сыныптар, оқушылардың жетістіктері туралы не білдім? 1. 2. Келесі осындай тәрбиелік шараны ұйымдастыруда нені ескеру керек? 1. 2.	

Ә. Бөкейханов атындағы Vinom school мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Берикханова Гулмекен Назарбековнаның тәжірибесінен

Тәрбие сағаты тақырыбы	Әз Наурыз мерекесі	
Сынып	Әлихан Бөкейхан атындағы Vinom school мектеп-лицейі 3 «Д» сынып	
Тәрбие жетекшісі:	Г.Н. Берикханова	
Тәрбие сағаты мақсаты	Наурыз мерекесі, сипаты мен мәні туралы білімдерін тереңдете отырып, ұлттық құндылық дәстүрлерін қалыптастыру, ұлттық патриотизм мен бірлікке шақыру, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насихаттау.	
Құндылықтарды дарыту	Құрмет, сыйластық, ұлтжандылық, имандылық, қайырымдылық, қонақжайлылық	
Жүргізу формасы	Мерекелік кеш	
Күтілетін нәтиже	Ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтейтін, сақтайтын, жалғастыратын ұлтжанды, белсенді оқушы.	
Тәрбие әдістері Оқытудың белсенді әдістері	Әңгіме, әңгімелесу, үлгі-өнеге, жаттықтыру әдістері «Екі әріп», «Қара жәшік», «Кемпірқосақ» ойындары, «Стоп-кадр» әдісі.	
Сынып ішінің безендірілуі	Плакаттар: «Әз Наурыз мерекесі құтты болсын», «Ақ мол болсын, қайда барсаң жолың болсын», «Наурыз құт-береке әкелсін»	
Тәрбие сағаты барысы		
Жоспарлы кезеңдер	Жұмыс мазмұны және іс-әрекет	Ресурстар
Тәрбие сағаты басы 5 минут	- Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендерге бір аңыз айтып берсем деймін. Халық аңызында күн мен түннің дәлме-дәл теңелер сәтінде көкті жарып ерекше бір гуіл өтуге тиіс екен. Оны «әз» деп атайды. Көшпенді қазақ халқы "Оны қой ғана біледі. Егер күндіз өтсе, қой арқылы қойшы ғана аңғаруы мүмкін" деп жорамалдаған. Бұл ерекше гуіл көктемнің алғашқы айының 19 нан- 22-не дейін үш күннің ішінде естіледі-міс. Сондықтан халық арасында «Әз болмай, мәз болмайды» деген сөз қалған. Үш күннің ішінде тырнақ пен шаш алуға болмайды. Әз өткенде жеркөктеп, гүлдер бүршік жарып, күллі тіршіліктің тұла бойына жан бітеді <u>Сұрақ:</u> 1. Қалай ойлайсыңдар, бұл қай күн? (22наурыз) 2. Сендер ондай гуілді естіп көрдіңдер ма? - Ия, бұл 22 наурыз, ескі ай аяқталып, жаңа ай туатын Наурыздағы өліарада қыс аяқталып, жаз басталады. Күн мен Түн теңеліп өліара өткен соң, күндізгі уақыт ұзарады. Осы сәттен бастап бүкіл жер бетіндегі тіршілікке жан бітіп, өсімдіктер өсіп, ағаш бүр	Презентация материалы
		Аудио-материалға

	жарып, мал-жануарлар туып, қар еріп, қыста індерінде жатқан аңдар шығып, адамдар бой жазып қуанышқа кенеледі. Сондықтан Наурыз айын халқымыз ежелден «Ұлыстың Ұлы күні» деп атаған. Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз Наурыз мерекесіне арналады. - Аудио-материал. «Наурыз-думан» (3 мин) Р. Рымбаева	сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=UiR2KfxFRfA&ab_channel=StoPesen
Тәрбие сағаты ортасы 30 минут	- Балалар, әр халықтың Жыл басы – жаңа жылды тойлауда өз ерекшеліктері бар, мысалы, жапон халқы жаңа жылды сакура ағашы гүлдегенде гүл шоқтарымен тойлайды. Ал бізде Наурыз мерекесі кезінде қазақ жерінде алғаш гүлдейтін - бәйшешек гүлін халқымыз Наурыздың нышаны деп атаған. Мен сіздерге осы бәйшешек гүлінің бірнеше түрлерін (ақ, қызыл, сары, ақшылтым, ақшыл көк) ұсынып тұрмын. Кімге қай түрі ұнайды соны келіп алыңыздар. Бұл сіздерге сыйлаған Наурыздың сыйлығы болсын, осы гүлмен наурызды қарсы алайық. <i>(оқушылар келіп түрлі-түсті гүлдерді алады)</i>  Енді осы түстерге байланысты топ құрамыз, алған гүлдеріңізді гүл шоғыры етіп жинақтап, үстелдеріңнің ортасына қоюларыңызға болады. <i>(гүл түстеріне қарай топқа бөлініп отырады. Балалар үстеріне ұлттық киім киеді немесе ұлттық оюлы киім элементтері болуы тиіс)</i> - Наурыз қандай мереке деген сұраққа Наурыздың артықшылықтары презентация материалында көрсетіліп отырылады, соған орай жұмыстар жасайтын боламыз. 1. «Наурыз – теңдік мерекесі» Слайд: Бұл күні ел мен ел, адам мен адам, күн мен түн теңеседі. Адамдар бай, кедей болмай бір-бірін тең ұстайды. Мысалы, ежелде Түркі патшасы Ұлыс тойында жамбыны бірінші болып атып түсірген адамға бір күн елді билеуге ерік берсе, қазақта Ұлыстың Ұлы күні тойда сәйгүлігі бәйгеден келген жігітке сүйген қызын қалың малсыз беру ғұрпы болған.	Қызғалдақ гүлдер (балалар санына қарай)

Енді барлығымыз ортаға шығып, «*Көрісу дәстүрін*» жасайық. Бір-бірімізге қарсы қарап тұрып, құшақтасып, қауышып, төс қағыстырып осы жылға жақсы тілек айтайық. («Бір жас қосуыңмен», «Жас құтты болсын!»)



2. «Наурыз – жаңару, өсу, түлеудің басы»

Слайд: Наурызда қардың астынан алғаш қызғалдақ бүр жарып, қар еріп, өзендерден су ағады, мал туады, ағаш бүр жарады, адамдар қуанады, жіберген қателіктері болса бір-бірінен кешірім сұрайды.

Әр топтың алдында Наурызда ойналатын ойын түрлері жазылған парақтар жатыр. Ойын шарты бойынша әр топ сол ойынды ойнату керек.

Ойындар: «Көршім-көршім», «Орамал тастау», «Ұшты-ұшты», «Көршіңмен татусың ба?», «Мыршым-мыршым»

(әр топ бір ойын түрін ұйымдастырып, ойнатады.

Кемпірқосақ ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

3. «Наурыз – имандылық мерекесі»

Слайд: «Қағбаның қара тасы», «Самарқанның көк тасы» жібіп, жер иіп көк құт (өсімдік) көзін ашқан Наурыз күні «Алдыңа келсе атаңның құны болса да кеш», «Жақсылыққа жақсылық-әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі», «Таспен атқанды аспен ат» дейтін болған. Мереке құрметіне қарттарға «Бел көтерер» атты қуатты ас әзірлеп, бұқара халыққа «Шүлен тарту» (тегін ас тарту) шарасы жүзеге асырылатын дәстүр орындалған. Наурыз тойынан кейін шешілмеген дау, ел арасын бөлетін жік, реніш өкпе қалмаған.

- Ас беру, ас тарату – тоқшылықтың белгісі болған осыған орай «Наурыз көже» жасайтын болған. Наурыз көжеге 7 түрлі тағам салынатынын білесіздер, ендеше олар қандай тағам екенін анықтаңыздар.

(топтарға түрлі тағам түрлерінің атаулары жазылған парақшалар беріледі, олар соның ішінен «Наурыз көжеге» қосатын 7 түрлі тағамды тауып, тақтаға ілінген қазан суретіне апарып жапсыруы керек. әр топқа 7 қазан ілінеді)



Презентация

Баяу музыка

Орамал т.б.
ойынға
қажетті заттар

Арпа, сәбіз, аскөк, бұрыш, құс еті, мейіз, өрік, қырыққабат, қымыз, бидай, ет, картоп, кеспе, тартылған ет, тұз, сүт, жүгері, су. 1. Су - бұның да астарында - өмір өзен, ұрпақ-өріс судай асып-тасысын деп құйған. 2. Ет - қазақы дастарханның берекесін ет келтіреді, сақталған сүрі етті қазан толсын, ас мол болсын деп салған. 3. Арпа - көптеген ауруларға шипалы емдік қасиеті бар деп қосады. 4. Арпамен қоса, тары, күріш қосылады - дәнді дақыл қосудың мағынасы бір тамырдан өсіп-өнген дәндей ұрпағымыз көп болсын деген тілек. 5. Бидай – нан өнімінің бастауы, тағамның басы деп санаған. 6. Айран немесе ақ құяды, құрт салады - сүттей ұйып отырайық, ақ мол болсын деген ниет. 7. Тұз – тағамның дәмін келтіреді. <i>«Стоп-кадр» әдісі.</i> 4. «Наурыз – Еңбек мерекесі, ырыс, молшылық бастауы» Слайд: Бұл күні «Бұлақ көрсен, көзін аш», «бір тал кессен, Наурыз күні он тал ек» десіп, құдық, бұлақ, бастаудың көзін ашып, арық, атызды тазартып, егілген шыбыққа, шыққан көкке ақ бүркіп, «Құтаю» рәсімін жасайтын болған. - Қазір «Құтаю» рәсімін жасайық. Ортаға әр топтан бір баладан шығып, ортада тұрған жасыл желекке «Құтаю» рәсімі бойынша «Көк қаулап өссін, ақ мол болсын» деп ақ бүркеді. - Пәле-жала, ауру-сырқау, реніш-қайғы өткен жылда қалсын, отпен жанып кетсін деп «Аластау» рәсімін жасайды. Наурызда «Наурыз-жұмбақ» жасырған. Наурыз- жұмбақ - табиғатқа, аспан әлеміне, ауа райына, жерге, күн мен түнге байланысты айтылатын жұмбақтар осындай атпен аталған. (әр топ өзара топта ақылдасып, жұмбақтар жасырады, оны басқа топтар табуы тиіс, көп жұмбақ шешкен топ-жеңімпаз). 5. «Наурыз мерекесі мейірімділік, қайырымдылық мейрамы» Слайд: Бұл күні асар жасап, бір-біріне көмекке кететін болған. Ауру-сырқау, мүгедек жандарға көмектескен, қамқорлыққа алған. Осындай игілікті істер мен ынтымақтың берекенің арқасында халық арасында бірлік болған. Топтарға тапсырма. Наурызда ұйымдастырылатын «Қолыңды бер, бауырым» атты қайырымдылық акциясының үлгі- жобасын жасау. - Халқымыздың түсінігі бойынша 21-нен 22	Әр топқа таратпа материалдар Сүт ыдысымен Су ыдысымен
--	--

	сіне караған түні Қызыр баба даланы аралап, әр елге, отбасына жаңа жылды әкеледі деп санаған. Сондықтан бұл түн «Қызыр түні» деп аталған. «Қызыр баба»-адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, жақсылықтың жаршысы, жаңа шыққан Күн нұрының символы. - Қызыр түнінде бойжеткендер өзі ұнатқан адамына негізі сүрі етпен уыздан пісірілген «ұйқы ашар» дәмін дайындап, ас-суын ұсынған. - Ер азаматтар құрамында сүлгі, айна, тарақ, далап, опа сырға, шолпы, сақина, жүзік, қапсырма сияқты заттары бар «Селт еткізер» сый-сияпатын бойжеткендерге, жас келіншектерге тапсырған. Топтарға тапсырма: «Селт еткізер» сый – сияпатын қолдан жасау. (түрлі-түсті қағаздар, маркерлер, клей, скотч беріледі) - «Қызыр түнінде» ойындар ойналып, ән-жыр, өнегелі әңгімелер айтылған. Жұмбақ шешісіп, жаңылтпаш айтысып, күй жарыстырып, би орындаған. Осылай таңның қалай атқанын да білмей қалатын болған. <u>Оқушы:</u> Ұлыстың Ұлы күнінде Бай шығады балбырап, Қасында жас жеткіншек Тұлымшағы салбырап, Бәйбіше шығар балпиып, Сәукелесі саудырап, Қыз шығады қылмиып, Екі көзі жаудырап, Бозбала шығар бұрқырап, Ақ бөкендей сырқырап, Құл құтылар құрықтан Күң құтылар сырықтан Кетік ыдыс, шөміштің Түтіні шығар бұрқырап. (әр топтан оқушылар шығып Наурызға арнаған өлеңдер оқиды) «Екі әріп» ойыны. Әр топтан оқушылар ортаға шығады. Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді атайды. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әріпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әріпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды. «Қара жәшік» ойын. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік,	А4 парақтары, маркерлер Түрлі-түсті қағаздар, маркерлер, клей, скотч
--	---	--

	түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданылатынын сипаттап айту керек. Қарсы топ олардың жасырып отырған затын айтқан сөздеріне байланысты табуы керек. - «Наурыз жыры» (Әр топ өздерінің дайындаған өлеңдерін орындап, билерін билейді). -Наурыздың алғашқы таңы атып, күн шыққанда Қызыр баба келгенде таң ата азан шақырылып, жарапазан айтылып, жаршылар жар салып, көпшілік биіктеу белеңге шығып, таза жерде тұрып, күн шұғыласына маңдайын тосып, оны қарсы алған. Жаңа күнді қарсы алу салты бойынша Әйел адамдар Күнге тәу етіп, «Армысың қайырымды Күн-Ана», «Армысың, кеудесі түкті жер-Ана, құт дарыт, жарылқа» деп күнге тәу еткен. Ер адамдар күнге басын иіп, қолын кеудесіне қойып, сәлемдесіп: «Жаңа жыл жарылқа» деп бата жасаған. (Жаңа жылды қарсы алуды, адамдардың өзара сәлемдесуін көрсету) Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Жаңа жыл құт әкелсін! Пәле-жала жерге енсін! Ұлыс бақты болсын! Төрт түлік ақты болсын! Шашу. Ұлыс күні кәрі-жас, Құшақтасып көріскен. Жаңа ағытқан қозыдай, Жамырасып өріскен,- демекші жақсы бас қосулар, қуаныш, қызықты күндер осы жылы жиі болып, арты шашуға ұлассын. (шашу шашылады) Көктем мерекесі, күн мен түннің теңелу сәті, халықтардың ынтымақ күні – Өз Наурыз құтты болсын!	Екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна Шашуға кәмпиттер
Тәрбие сағаты соңы 5 минут	- Балалар, білесіңдер ме, бұл «Наурызкөк» - Наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Көк бояуы басым шағын ғана қаракөк құс. Осы құсты шығыс халықтары ерекше құрметтейді. Оны алғаш көргендер «Наурызкөгім, келдің бе?» деп шақырады. Наурызкөкті ешкім үркітпейді, оны киелі құс қатарына қосады. - Ендеше осы Наурызкөк құстың қанатына біз де наурызға деп тілегімізді жазып, ұшырайық.	Құс суреті парақтар



Рефлексия 5 минут	- «Наурыз-саумалық». Наурыз айында жаңа жыл еніп, жер бусанып, күн күркіреп, жаңбыр жауып, көк дүркірегенде ауыл адамдары далаға шығып саумалық айтып, қуанышты көңілмен жақсы тілек тілейді. Бүгінгі тәрбие сағатымыз бойынша ой-толғамдарыңды білдіріп, бір-бірлеріңе тілек айтайық.	
----------------------	--	--


Тәрбие сағаты бойынша рефлексия

7. Тәрбие мақсаттары шынайы ма?	
8. Бүгін оқушылар не білді?	
9. Сыныптағы ахуал қандай болды?	
10. Мен жоспарлаған шаралар тиімді болы ма?	
11. Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?	
12. Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	
Тәрбие сағатының жақсы өткен екі аспектісі. Өмірмен байланысы бар ма?	
3.	
4.	
Тәрбие сағатын жақсартуға не ықпал ете алады?	
3.	
4.	
Тәрбие сағаты барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім?	
3.	
4.	
Келесі тәрбие сағатында неге көңіл бөлу қажет?	
1.....	
2.....	

Ә. Бөкейханов атындағы Binom school мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Жанболатова Айгуль Қуанышбаевнаның тәжірибесінен

Тәрбие сағаты тақырыбы	Әкем, анам және мен – батыл, шапшаң, ептілер
Сынып	2 сынып, ата-аналар
Тәрбие жетекшісі:	Жанболатова Айгуль Қуанышбаевна Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
Тәрбие сағаты мақсаты	Отбасылық, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салауатты өмір салтын насихаттау, батылдық, қайраттылық, шапшаңдық, белсенділік, ептілік қасиеттерін қалыптастыру арқылы ерлік пен патриотизмге тәрбиелеу.

	Отбасының салауатты демалысын ұйымдастыру.	
Құндылықтарды дарыту	Ата-ана, құрмет, сыйластық, денсаулық, батылдық, ержүректілік, ұлтжандылық	
Жүргізу формасы	Отбасылық эстафеталық сайыс	
Күтілетін нәтиже	Салауатты өмір салтын сақтайтын, ата-анасына құрмет көрсететін, ортақ іске жұмыла кірісетін, батыл да ержүрек, белсенді оқушы.	
Тәрбие әдістері	Үлгі-өнеге, жаттықтыру, мадақтау, жарыс әдістері	
Оқытудың белсенді әдістері	«Блиц-сауал», «Әнді тап» ойыны, «Мадақтау сэндвичі», «Стоп-кадр» әдісі.	
Өтетін орынның безендірілуі	Жалынды сөздер жазылған плакаттар: «Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған», «Отан-отбасынан басталады», «Ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас», «Табандылық-батылдық қалқаны» Шарлар, жалаушалар	
Тәрбие сағаты барысы		
Жоспарлы кезеңдер	Жұмыс мазмұны және іс-әрекет	Ресурстар
Сайыстың басы 15 минут	Отбасылар (әкесі, анасы және баласы) әрқайсысы бір топ болып спортзалдың белгіленген жеріне келіп тұрады. <u>Жүргізуші:</u> Қымбатты, достар! <i>Отан неден басталады?</i> Отан – отбасынан басталады. <i>Отбасы деген не?</i> Отбасы - ол әркімнің ата-анасы, ата-апасы, бауыр, қарындасы, ағасы, апайы, сіңілісі, оның үйі. Отбасы – махаббат, құрмет, сыйластық, татулық орнаған құтты мекен. Осы кішкентай Отанымызда бойымызға ананың сүтімен, әкенің қанымен дарыған тәрбиеміз, елімізге деген сүйіспеншілігіміз, ар-намысымыз біздерді ата-бабаларымыз сияқты ержүрек, батыл ұрпақ етеді. Ендеше әр отбасында батылдық, бабалар дәстүріне деген құрмет, спорт алға қарыштай берсін дей отырып, бүгінгі отбасылық сайысымызға қатысушы отбасы топтары шеруін шақырамыз. 1. Аманжоловтар отбасы 2. Битебаевтар отбасы 3. Маратовтар отбасы 4. Мағауияновтар отбасы 5. Хасеновтер отбасы 6. Жанқазақовтар отбасы 7. <i>(ортаға қатысушы отбасы топтары шығып, өздерінің топтарының атын, топ сөзін айтады)</i> <u>Жүргізуші:</u> - бүгін біздің отбасылар белсенділіктерін, батылдықтарын, ептіліктерін және ынтымақтастықтарын көрсетеді деген сенімдеміз. Ендеше, топтар дайын болсаңыздар сайысымызды бастайық. Алдымен әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейін. <i>(әділ қазылар таныстырылады)</i> <i>Сайыс шарттарымен танстырады.</i>	Спорттық марш әуені
Сайыс ортасы	<u>Жүргізуші:</u> -біздің батыр бабаларымыз ат Құлағында ойнап, кең байтақ қазақ даласында еркін	

35 минут	жүрген, садақ атып, аң аулап, елін жерін қорғаған батырлар. Біздер олардың ұрпағы ретінде ептілігімізді, батылдығымыз бен шапшаңдығымызды көрсетейік, осы бағытта эстафета ойындарына шақырамыз. 1 айналым. «Эстафета» 1) «Көңілді шарлар» - отбасы мүшелері кезекпен шарды алып, қолдарына ұстап жүгіріп, кедергілерден өтіп келесі мүшеге береді, осылай барлығы жүгіріп өтуі тиіс. 2) «Бәріміз бірге» - отбасының барлық мүшелері өзара қол ұстасып, шеңбер құрып, кедергілерден жүгіріп өтіп келуі тиіс. 3) «Ақсақ құлан» - бір аяқты көтеріп, бір аяқпен секіріп, кедергілерден жүгіріп келу. 4) «Біз бір жанбыз» - алдымен әкесі кедергілерден жүгіріп өтеді, сосын анасын келіп, қолынан ұстап, екеуі жүгіріп өтеді, сосын баласын келіп қолдарынан ұстап, кедергілерден жүгіріп өтіп келулері тиіс. 5) «Тамақтанып алайық»- эртоптың жүгіретін жолында 3 орындық тұрады, алғашқы орындықта картоптар салынған ыдыс қойылған, ортаңғы жолдағы екінші орындықта тегеш және пышақ оның қасында анасы тұрады, соңғы орындықта кәстрөл, оның қасында әкесі тұрады. Баста деген белгі берілгеннен соң бала жүгіріп келіп, бірінші орындықта тұрған картопты алып, анасына береді, анасы оны аршып, жүгіріп барып, әкесіне береді, әкесі оны кәстрөлге салады, осылай картоптар біткенше қайталайды, соңында әкесі кәстрөлді әділ қазыларға апарып береді. 6) «Кедергілерден өту» - жайылып тұрған матыдан домалап, шығыршық темірден өтіп, секіртпемен 5 рет секіріп өту керек. <u>Бағалану:</u> жүгіріп өту уақыты бойынша бағаланады. <u>Жүргізуші:</u> - топтар шаршаған болар, ендеше біраз дем алып алайық, қазір біз жанкүйерлермен Блиц-сауал өткізейік. Блиц-сауал сұрақтары қазақ халқының батыл да, ержүрек батырлары туралы. 1) Қысқы спорт алаңы (<i>Мұз айдын</i>) 2) Қыста ойнайтын ойын түрі (<i>Хоккей</i>) 3) Жазда киетін «коньки» (<i>Роллик</i>) 4) Атқа мінген екі жігіттің бірін-бірі аттын үстінен аудару үшін ойналатын қазақтың ұлттық ойыны (<i>Аударыспақ</i>) 5) Шауып келе жатып нысана көздеу қалай аталады (<i>Жамбы ату</i>)	Шарлар      Картоп, ыдыс, пышақ  Шығыршық темір, секіртпелер, маты 
-----------------	--	--

	6) Жердегі күміс тиынды аттың үстінде келе жатып іліп әкету (<i>Күміс ілу</i>) 7) Қазақтың жекпе-жек өнері (<i>Қазақ күресі</i>) 8) Күрес өнерін жетік меңгерген алып күш иесі (<i>Палуан</i>) 9) Күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ палуаны. (<i>Қажымұқан</i>) 10) Қазақтың бокс тарихындағы тұңғыш олимпиада чемпионы (<i>Бекзат Саттарханов</i>) <u>Жүргізуші:</u> - қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев «Шегіртке мен құмырса» өлеңін И. А. Крыловтан аударғанын білесіздер. «шырылдауық шегіртке ыршып жүріп ән салған...» демекші сайысымыздың келесі кезеңі «Шегіртке» деп аталады. 2 айналым. «Шегіртке» <u>Шарты:</u> отбасы мүшелері бірінің артынан бірі тұрады, сосын кезекпен кезек екі аяқтарын біріктіріп, ұзындыққа секіреді. <u>Бағалану:</u> секірген ұзындықты өлшеу. <u>Жүргізуші:</u> - қазақ жігіттері өздерінің құралайды көзге атқан мерген екендіктерін көрсетіп, тіпті шауып келе жатқан аттың үстінен садақ оғын дәл тигізетін болған. Осы ата дәстүрді біз де көрсетейік, кедлесі сайыс «Жамбы ату» деп аталады. 3 айналым. «Жамбы ату» <u>Шарты:</u> отбасы мүшелері кезекпен келіп, дротикпен лақтырып, межеге тигізу керек. әркім 5 реттен лақтыру керек. Әр дәл тигізгені үшін – 1 ұпайдан беріледі. <u>Бағалану:</u> межеге дөп тигізу. <u>Жүргізуші:</u> қазақ отбасы татулық пен бірліктің ортасы, ендеше келесі айналым арқылы оны танытайық. 4 айналым. «Боулинг» <u>Шарты:</u> меже сызығынан бастап 5 метр жерге кеглилер қойылады. Отбасының әрбір мүшесі 3 реттен кезекпен келіп, қолындағы допты еденге жіберу арқылы кеглиді құлатуы керек. Әр кегль үшін – 1 ұпай беріледі. <u>Бағалануы:</u> ұпай саны бойынша. <u>Жүргізуші:</u> - Шаршаған болармыз, «Әнді тап» ойынын ойнайық. Біз сіздерге әннің бастапқы ноталарын қоямыз сіздер оны тауып, бәріңіз қосылып айтуларыңыз керек. (<i>Қазақстан, туган жер, батылдық туралы әндер қойылады</i>) <u>Жүргізуші:</u> - ән айтып, ұлттық рухымызды бір көтеріп алдықау деймін. Тамаша, енді келесі соңғы сайысымызға кезек берейік. 5 айналым. «Отбасы үйі»	Баяу музыка Өлшеу құралы Меже парағы, дротик Әр отбасына 5
--	--	--

	Шарты: әр отбасына бірнеше шаршылар беріледі. Соларды қолданып әркім өзіне «үй» салу керек. Ескерту: егер шаршылар жеткілікті дәрежеде болмаса йогурт, қаймақ ыдыстарынан пирамида құрастыруға беруге болады. Бағалануы: жылдамдық және әсемдік бойынша. Жүргізуші: - осындай салған отбасы үйлеріңіздің ішінде береке, бірлік, ынтымақ болсын деп тілейміз. Қазағымның кара шаңырақтары көбейе берсін! Ақын Лұқпан Сейсекенұлы айтқандай: Жанартаудай қайратты, Намыс үшін жаралған. Желтоқсандай айбатты, Дауыл төккен жалыннан. Қияметке бас имей, Сан тілдіріп табанын. Отан Рухын қадірлей, Қорғай білген Тұранын! Қорықпаған оқтан да, Сескенбеген оттан да. Сүйе білген Отанын, Ел намысын сақтауға. Жауға шапқан жалындап, Ұландары нар қасқа. Қалған талай дауылдан, Түсіп қанды шайқасқа! Кең әлемге танытқан, Ерлігі мен өрлігін. Жаратылған алыптан, Сол Қазақтың ұлымын!,- дейтін бұлдіршіндеріміздің жүрегінде ержүректілік, батылдық орын алсын.	кеглиден, доптар Аудио-материалдар Шаршылар Баяу музыка
Сайыс соңы 10 минут	Жүргізуші: біз отбасылық сайысымыздың мәресіне де жеттік. Сөз кезегін әділ қазыларға берейік. <i>(әділ қазылар ортаға шығып, марапаттаулар береді)</i> • Ең үздік отбасы • Ең мықты отбасы • Ең күшті отбасы • Ең тапқыр отбасы • Ең батыл отбасы • Ең ынтымақты отбасы	Фанфарлар Марапаттау қағаздары Кубок
Рефлексия	«Мадақтау сэндвичі» 1 бөлік – позитивті комментарий, не ұнады; 2 бөлік – сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек; 3 бөлік – келешекке арналған комментарий: маған ұнады, бірақ келесі жолы	
	Жүргізуші: - бүгінгі отбасылық сайысқа қатысқан	Аудио

	барлық топтарға алғысымызды білдіреміз. Қазағымыздың әрбір отбасы осындай берік ынтымақты, жарасымды болсын. Осындай шараларда жүздескенше, сау болыңыздар. «Стоп-кадр» әдісі. Фотоға түсу.	материал М. Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» әні
Тәрбие сағаты бойынша рефлексия		
1. Тәрбие мақсаттары шынайы ма? 2. Бүгін оқушылар нені меңгерді? 3. Сыныптағы ахуал қандай болды? 4. Мен жоспарлаған шаралар тиімді болы ма? 5. Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? 6. Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?		
Тәрбие сағатының жақсы өткен екі аспектісі. Өмірмен байланысы бар ма? 3 4 Тәрбие сағатын жақсартуға не ықпал ете алады? 5. 6. Тәрбие сағаты барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім? 5. 6. Келесі тәрбие сағатында неге көңіл бөлу қажет? 1..... 2.....		

Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы

**Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Конурова Гүлнар Дюсембековнаның
тәжірибесінен**

Этнолагерьде ұлттық құндылыққа негізделген тәрбие беру

Астана қаласы Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының директоры Базаркуль Сағындықызы Сыздықованың басшылығымен жаз мезгілінде оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанында «Дидарлы жаз» атты этнолагерь ұйымдастырылды.

1 маусым «Халықаралық Балаларды қорғау күні» мерекесіне орай этнолагерь салтанатты түрде ашылды. «Астана балалар көзімен» атты асфальтта сурет салу сайысы ұйымдастырылды, балалармен бірігіп көпшілік флешмоб «Қара жорға» биімен, мектеп парламентінің ұйымдастыруыменен сайқымазақ кейіпкерлерінің

қызықты қойылымдарымен жалғасын тапты. Мереке соңында балаларға тәтті сыйлықтар таратылды.

Бұл жобаның мақсаты: Ұлттық сана сезімі қалыптасқан адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың ұлттық санасына ана тілін, дінін, өнерді сіңіруге көзделді.

Міндеттері: 1. Ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүрді құрметтеуде оқушылардың ұлттық интеллетуалдық мінез-құлқын қалыптастыру;

2. Білім мен мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету;

3. Өркениетік сана – сезімін қамтамасыз ету.

«Дидарлы жаз» этнолагері осы мақсат, міндеттерге сәйкес, бағдарлама негізінде жұмыс жоспарлары іске асырылды.

Этнолагердегі іс-шаралар мектеп ауласындағы ашық аспан аясында орналасқан алты қанатты ақ киіз үйде өткізілді.



Іс-шараларды ұйымдастыруына сәйкес «Дидарлы жаз» этнолагері өз қызметіне мына бағыттағы іс-шараларды атқарды:

- Салауатты өмір салтына баулу;
- Эстетикалық тәрбие;
- Азаматтық-патриоттық және ұлттық тәрбие;
- Тәрбие беру – сауықтыру жұмыстары;
- Спорттық шаралар.

Оқушылардың этнолагердегі демалысын қызықты өткізу мақсатында әр күн ерекше, қызықты тақырыптарға байланысты іс-шаралар жан-жақты ұйымдастырылды.

Этнолагердің жоспарының ішінде «Ұлттық тәрбие» бөлімі оқушы бойына ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге арналған «Шеберлік әлемі» атты үйірмесінде жүзеге асырылды. Күнделікті жоспар бойынша оқушылар қазақтың ұлттық өнерімен, терең танысуға мүмкіндік алды.

Қыз балаларға арналған тәрбиелік мәні зор қала баласы түгілі, ауыл баласы ұмыта бастаған ою-өрнек қию, ши тоқу, жүн сабау, олардың тұрмыстағы орыны түсіндіріліп, шеберлік сағаты өткізілді.



Асыл әже кейіпінде білім алушыларды шеңбер жасай отырғызып, ұлттық тағам – сүт өнімдері құрттың дайындау технологиясымен танысып, өз қолдарымен жасап көрді.



Шай дастарқанына қойылатын ұлттық тағам- жентті де өз қолдарымен жасап, үйренді.



Келешекте бұл жобаға ұлттық қолөнерден хабары бар ата-аналардан құрылған «Әжелер мектебі» «Аталар мектебі» мүшелерімен де кездесулерді жалғастыру жоспарлануда. «Әжелер мектебі» құрамындағы әжелермен бірлескен іс-шаралар өткізіліп, ұлттық құндылықтарымыздан ғибрат алған балалардың қызығушылығы арта түсті.





Осы жобаның өзектілігі мен бала тәрбиесіндегі ұлттық болмысын анықтайтын ерекше жобаларға сыртқы келушілердің көз-қарасы басым болды. Атап айтқанда, көрші мектептерден, басқа аудандардан оқушылардың көптеп қатысуы, бұл жобаның маңыздылығын мен ерекшелігін анықтап берді.

Қорыта келе, бұл «Дидарлы жаз» этнолагерь жобасы этно алаңда жалғасуда, әрі қарай да жалғасын таппақ. Оқушылар үйренгендерін әртүрлі сайыстарда қолданып, іске асыратыны сөзсіз. Бұл жоба үштік одақ: ата-ана, оқушы, мұғалім байланысының жақсы нәтиже беретінін көрсетті.

Өткізілген әрбір іс-шара мектептің әлеуметтік желісінде (инстаграмм, фейсбук) фото, видео форматында қосымша ақпараттар жариялынып отырады [2].

Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы

***Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Конурова Гүлнар Дюсембековнаның
«Шеберлік әлемі» үйірмесінен «Қазақтың ұлттық тағамдары. Жент
әзірлеу».***

Мектеп:	Мұғалімнің аты-жөні: Г.Д. Конурова
Күні:	Қысқа мерзімді жоспар «Шеберлік әлемі» үйірмесі
Тақырыбы	Қазақтың ұлттық тағамдары. Жент әзірлеу.
Мақсаты:	Қазақтың ұлттық тағамдары женттің түрлерін зерделеу, әзірлеу әдістерін үйрету
Тілдік мақсаттар	<i>Тілдік мақсатқа байланысты талқылауға арналған сұрақтар</i> Ұлттық тағамдар, дәстүрлер, рецепт, Мен мына азық-түліктерді білемін себебім Мен ұлттық тағамдарымыз, онда.... Тағамдар ерекшеленеді.

Құндылықтарды дарыту	Өзіне және өзгелерге құрмет Ұлттық тағамдарды таниды ,денсаулыққа пайдасын түсінеді, үй жағдайында дайындауды үйренеді. Еңбек және шығармашылық Топтық жұмыс жасауда бірігіп еңбек етуе үйренеді,жаңа идея ұсынады.	
Пәнаралық байланыстар	Тарих, биология тағамөнімдерінің құрамы мен ерекшеліктері, пайдалы және зиянды тағамдарды талқылау.	
Бастапқы білім	Оқушылар дұрыс тамақтану негіздері, ас мәзірін құрастыру, асхана жабдықтарын зерделеген. Ас үй жабдықтарымен танысып, материалдар мен құралдарды дұрыс қолданудағы қауіпсіздік ережелерін біледі	
Барысы		
Жоспарланған кезеңдері	Үйірмедегі жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
1 Ұйымдастыру кезеңі. Ой қозғау 		

**Жент тағамын
дайындауды жасап
көрсету**

Қорытындылау

Жентті үйде әзірлеудің қарапайым рецепті

- Қарапайым үгілмелі печеньеге (100г)қант қосып, ұнтақтайды;;
- Оған талқан және қалауынша мейізқосады;
- Еріген майға(1 қорап) бал (2ас қасық)және тосап және тосап (1 ас қасық) қосады;
- Барлық қоспаны бір ыдысқа құйып,біркелкі болғанша араластырады.
- Белгілі бір пішінге келтіріп,тоңазытқышқа қояды

Практикалық жұмыс:

Санитарлық-гигиеналық талаптарды,қауіпсіздік ережеін еске түсіру.

Жент әзірлеудің технологиялық нұсқау картасы

Р /с	Қажетті азық - түлік тер	Мөлшері (грамм есебі мен)	Дайындау реті	Өңдеуде н кейінгі өнім
1	Бидай талқаны	500 гр	Сөкті тегеше салу	сөк
2	ірімшік	200 гр	Талқанмен ірімшікті араластыру	қоспа
3	бал	100 гр	Балмен араластыру	қоспа
4	қант	200 гр	Қантпен араластыру	қоспа
5	Сары май	200 гр	Маймен араластыру	Домалақ және сықпа құрт
6	Пече	100	Дайын болған	Домалақ

		нбе ұнта ғы	гр	массаны қажетті қалыпқа келтіру	және төрт бұрыш		
	7	мейіз		Дайын өнімнің сапасын анықтау	Дәмді жент		
	8	Жаңғ ақ		Дастарханға қою	Дайын ақ құрт		
Білім алушылар дайындаған тағам жентті дегустациялайды, дәмдік сапасын және олардың дайындау үрдісімен байланысын анықтайды   Кері байланыс Мен білдім Мен білемін Мен							

Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы

**Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Конурова Гүлнар Дюсембековнаның
«Шеберлік әлемі» үйірмесінен «Қазақтың ұлттық тағамдары. Құрт
әзірлеу»**

Мектеп:	Мұғалімнің аты-жөні: Г.Д. Конурова
---------	------------------------------------

Күні:	Қысқа мерзімді жоспар «Шеберлік әлемі» үйірмесі	
Тақырыбы	Қазақтың ұлттық тағамдары . Құрт әзірлеу.	
Мақсаты:	Қазақтың ұлттық тағамдары құрт түрлерін зерделеу, әзірлеу әдістерін үйрету	
Тілдік мақсаттар	<i>Тілдік мақсатқа байланысты талқылауға арналған сұрақтар</i> Ұлттық тағамдар, салт -дәстүрлер. Мен мына азық-түліктерді білемін себебі..... Мен ұлттық тағамдарымыз, онда..... Тағамдар.....ерекшеленеді.	
Құндылықтарды дарыту	Өзіне және өзгелерге құрмет Ата – бабамыздан қалған ұлттық құндылығымыз –құрттың пайдасын анықтау арқылы маңызын көрсету Ұлттық тағамдарды таниды, денсаулыққа пайдасын түсінеді, үй жағдайында дайындауды үйренеді. Салт-дәстүрімізді құрметтейді Еңбек және шығармашылық Еңбек етуе үйренеді, Ұлттық тағам дайындауға деген қызығушылығы артады	
Пәнаралық байланыстар	Тарих, биология тағам өнімдерінің құрамы мен ерекшеліктері, пайдалы және зиянды тағамдарды талқылау.	
Бастапқы білім	Оқушылар дұрыс тамақтану негіздерін түсінеді. Ас үй жабдықтарымен танысып, материалдар мен құралдарды дұрыс қолданудағы қауіпсіздік ережелерін біледі	
Барысы		
Жоспарланған кезеңдері	Үйірмедегі жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
1 Ұйымдастыру кезеңі. Ой қозғау Қызығушылықты ояту Ойды жинақтау	- оқушылармен амандасу - оқушылардың зейінін шоғырландыру - психологиялық ахуал қалыптастыру Қазақтың ұлттық тағамдары. Сүт өнімдерінен жасалған тағамдар дегенде не ойымызға түседі? Құрт дегеніміз не? Құрт тағамының адам ағзасына пайдасы бар ма? Құрттың қандай түрлері болады? Құрт – табиғи кальций. Құрамында А,В,С дәрумендері мыс, мырыш, темір, кремний, магний, кальций, алюминий микроэлементтері жетерлік. Жалпы құрттар кепке құрттар және сұйық құрттар болып екіге бөлінеді.	Презентация

Ақ құрт тағамын дайындауды жасап көрсету	Қазақтың ұлттық сүт тағамдары: сүт, уыз, сары май, айран, қаймақ, қатық, қойыртпақ, құрт,ірімшік, сүзбе, іркіт, қымыз, шұбат. Сүт тағамдары қазақ халқының ерте кезден дайындауында өзіндік тәсілі бар, дәмді де бағалы,ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан құнды тағамдардың бірі. Құрт сөзінің мағынасы құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Бұл тағамның өзіндік ерекшелігі бар. Ақуызға өте бай.Соның арқасында құнарлы, тоқ тағам болып есептеледі. Құрт – қой, ешкі, сиыр сүтінен жасалады. Құрт – малдың сүтінен дайындалатын ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам. Сабаға сүтті жинап,сүт ашығаннан кейін піседі, сүт іркітке айланып, майы бетіне қалқып шығады. Майын бөлек алып тұздап қарынға салады да, іркітті қазанға суы сарқылғанша қайнатады. Құрт қайнап жатқан кездеқазанның түбін, ернеуін қырып, әлсін-әлсін араластырып отырады. Құрт қайнап, әбден қоюланған соң, қапқа құйып, керегенің басына немесе ашаға іліп, сары суын ағызады. Құрт қапта бір тәулік тұрған соң, суы әбден сарқылып, құрғайды. Бұдан кейін құртты қаптан алып, сықпалап бөліп, шиге, тақтаға қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Содан кейін құртты кептіруүшін әр түрлі формаға келтіреді.									
	Ақ құртты дайындау әдісі. Практикалық жұмыс: Санитарлық-гигиеналық талаптарды,қауіпсіздік ережеін еске түсіру									
	Ақ құртты әзірлеудің технологиялық нұсқаукартасы бойынша әзірленеді. Ақ құртты әзірлеудің технологиялық нұсқау картасы									
	<table><tr><td>Р /с</td><td>Қажетті азық - түлік</td><td>Мөлшері (гр,литр есебі</td><td>Дайындау реті</td><td>Өңдеуде н кейінгі өнім</td></tr></table>	Р /с	Қажетті азық - түлік	Мөлшері (гр,литр есебі	Дайындау реті	Өңдеуде н кейінгі өнім				
	Р /с	Қажетті азық - түлік	Мөлшері (гр,литр есебі	Дайындау реті	Өңдеуде н кейінгі өнім					

Қорытындылау		тер	мен)		
	1	Сүт	3 литр	Сүтті пісіру	Піскен сүт
	2	Айран	200 гр	Айранды құйып, қайнату, іріту	Ақ ірімшік
	3	Тұз	50 гр	Ірімшікті сүзгіден өткізу, сорғыту	Сүзбе
	4	Қаймақ	100 гр	Тұз, қаймақ қосып араластыру	Ақ құрт
	5			Қажетті қалыпқа келтіру	Домалақ және сықпа құрт
	6			Шиге қатарлап, жаю	Домалақ және сықпа құрт
	7			Дайын өнімнің сапасын анықтау	Дәмді құрттар
	8			Дастарханға қою	Дайын ақ құрт
Оқушылар дайындаған тағамдарын дегустациялайды, дәмдік сапасын және олардың дайындау үрдісімен байланысын анықтайды					
					
					

	 Кері байланыс Мен білдім Мен білемін Мен	
--	--	--

Ағылшын сабақтарында білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында «Ұлттық құндылықтар» тақырыбында әзірленген Есімбекова Гульнияз Ахадқызының тәжірибесінен

Lesson:	Teacher's name: Yessembayeva Gulnyaz Ahadgyzy School-lyceum 54, Nur-Sultan city.
Date:	Theme: What we value part 3
Class: 5	
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	5.L8 understand supported narratives, including some extended talk, on an increasing range of general and curricular topics 5.S3 give an opinion at sentence level on a limited range of general and curricular topics 5.R2 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics 5.U16 use conjunctions <i>so, if, when, where, before, after</i> to link parts of sentences on a limited range of familiar general and curricular topics 5.W5 link without support sentences using basic coordinating connectors
Assessment criteria	A learner will be able to: -understand supported narratives including some extended talk -give an opinion at sentence level; -use conjunctions to link parts of the sentences;
Previous	<i>What we value part 3</i>

learning		
Plan timing: 20 minutes		
Plan	Planned activities (interactive)	Resources
Opening 1 minute	I. Greeting Hello, boys and girls! Welcome to English Lesson! Prepare your pen and notebook. Let's start. The theme of our lesson is "What we value". You know that there are a lot of days of the country where we spend time happily with our relatives, citizens or friends. What are these days? Yes, they are celebrations or holidays. Many holidays are mostly connected to the traditions of the country or family life. <i>Many countries have special days when everyone celebrates the special people in their lives. Let's take a look at how people celebrate these days around the world.</i> In today's lesson we will > read and talk about special days and celebrations; > watch the video and do the task; > learn some conjunctions. 	Слайд 1 Слайд 2
Middle 3 minutes	II. Are you ready ? Then, let's see what special days in the world are the most popular? Let's read and talk about some of them. What special days in the world are the most popular? Let's talk about some of them.  Good job! And now read the question and answer it.	Слайд 3 Слайд 4

1 minute	1. When do people celebrate New Year? 2. The most important attribute of Birthday. 3. In what country do people celebrate ThanksgivingDay? 4. How do we call a man and a woman who have a wedding ceremony? The answers: 1. On 31st of December 2. A birthday cake 3. In America 4. A bride and a groom	
2 minutes	III. Let's learn the new topical vocabulary: carnival and festival; celebration; presents/gifts; Birthday party; competitions; postcards	Слайд 5- 7
2 minutes	IV. There are three special days. People celebrate them in different countries Read the texts below and guess the names of these special Days. Special Days Read the texts below and guess the names of these special Days. Every year in July there's a big celebration in Brighton. On this day people wear special costumes and play in a samba band. They dance and eat in the street. The music is great and people are happy. Brighton Carnival This special day starts in March. People dress traditional costumes and have a party to welcome the new year. There are songs, games and a lot of traditional food. People taste kozhe, eat boursaks and drink kumyz. Nauryz This festival is celebrated in Perugia, in Italy. Every autumn for nine days visitors from the world go to this place and eat chocolate. Hundreds of special shops make different chocolate sweets like money, animal or a fish. Chocolate Day The answers: Text 1 – Brighton Carnival Text 2 - Nauryz Text 3 – Chocolate Day	Слайд 8
3 minutes	V. What do you think about Birthday? Is it a special day? Yes, of course it's a special day. I think all people love this day because it is a day of coming to life.	Слайд 9 Video

3 minutes	The next task is to watch the video “Birthdays around the world” and remember how people celebrate birthday in different countries. Be ready to guess the name of the country. And now according to the video you should read the sentence and guess the name of the country. <i>Before my birthday I go to church with my family to pray. The grown-ups lift me up into the air and put me back again. My mum serves seaweed soup and rice cakes. I wear a blindfold and hit a pinata until it breaks open. If I find a coin in my birthday cake I will grow up to be rich.</i> The answers: The Philippines Israel Korea Mexico England And what about you? What do you do on your birthday? I hope you have very happy time! Evaluation. Good job! This birthday cake is for you! VI. The following task is to read the text about Friendship day. Have you ever heard about it? Do you think it is a special day? Yes, you are completely right. Do you have friends? I hope you have a lot of friends, you meet them and spend time with them a lot. Let’s read this text together and get information how friends celebrate this holiday.	Слайд 10-14 Слайд 15 Слайд 16 Слайд 17-20
-----------	--	---

Special Days

Read the text about friendship day.

Friendship Day.

There are a lot of holidays to celebrate family life, love or country holiday. Let's talk about special celebration Friendship day. It is on 21st of June, the first day of summer. On that day people spend time with their friends and give presents to each other. If their best friends live in another town or country they send them a postcard or flowers. Friends gather together and have parties where they dance and sing friendship songs. There are a lot of games and competitions on Friendship Day. People make friendship posters, bracelets, badges, cakes, etc.. There is also a competition for best friendship photos. People like this celebration because they can spend the whole day with their friends and can make new friends on that day too!



Слайд 21

Good job! And now answer the questions according to the text.

1. A special Friendship Day is on 21st of June, isn't it?
2. What do people give their friends this day?
3. When do people do when they gather together?
4. Why do people like this day?

The answers:

1. Yes, it is. It is on the first of June, the first day of summer.
2. People give their friends presents and send postcards or flowers.
3. They have parties, dance and sing friendship songs.
4. They can meet friends and make friends. There are many competitions too.

Evaluation.

Evaluation



Слайд 22


VII. Well done, students! Let's fix our knowledge. Match the phrases with the pictures.

The answers:

2. Wait for Father Frost – D
3. 22nd of March – C

1 minute

4. Blow out the candles – B
5. Meet and make friends – A



Слайд 23

VIII. Excellent for you! Dear students, I hope you've got a lot of information about special days especially about Friendship Day. You know that friendship is a secret to a happy life. A friend in need is a friend indeed. Do you agree? Let's see some quotes and according to the given values you will make a home project.

Homework. Make a home project according to these values .

Project checklist	Values
1. Choose one of the values. 2. Find a photo on the internet or draw your own picture. 3. Write a short text about your special day. 4. Think about: • The name of the day • The month and date • Celebrations • Competitions 5. Make a poster with your text and photos.	1. "Happiness is the most important thing in the world." 2. "Money can't buy happiness." 3. "All you need is love." 4. "Friendship is a secret to a happy life." 5. "Love is the most powerful weapon." 6. "Happiness is good health and a bad memory." 7. "Loneliness always brings loneliness."

Слайд 24

IX. Excellent, students! I wish you good luck! Let's pass to the Use of English. Today we are going to learn conjunctions! In English a conjunction is a joining word which connects two words, phrases or clauses together to make one long sentence. For, And, Nor, But, Before, After, Because, So, Or, What, where, etc.

Слайд 25

Use of English



What is Conjunction?

A conjunction is a joining word. We use conjunctions to join two words, phrases or clauses together to make one long sentence.



Слайд 26

Let's look at some examples.

Use of Conjunctions



- ★ I take milk **and** sugar in my tea.
- ★ All the children wanted to eat pizza, **but** no one wanted to buy it.
- ★ We could go to a zoo, **or** we could go to a theme park.
- ★ He is sick, **so** he is not going to the school.



Слайд 27-28

X. Let's practice! Fill in and write the appropriate conjunction.

So, I am going to give you 2 minutes. Let's check.

Write down the appropriate conjunction. (before, but, if, because, after)

1. Children don't get any presents if they behave badly the whole year.
2. I like the Carnival because the music is great and people are happy.
3. I was very hungry but I didn't eat that cake.
4. I went home after the party ended.
5. She bought a present before the Christmas.



Brilliant! That is what I call a fine job!

Now, evaluate yourself. All of you are Super Stars!

	You have learnt ➤ to talk about special days and celebrations; ➤ to work with the content of the video; ➤ some types of conjunctions.	
End 30 seconds	It's all for now! It's time to say Good bye! Have a nice day! Bye-bye!	
Additional information		
Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?	Assessment – how are you planning to check learners' learning?	
Reflection Were the lesson objectives/learning objectives realistic? Did I stick to timings? What changes did I make from my plan and why?	Use the space below to reflect on your lesson. Answer the most relevant questions from the box on the left about your lesson	Cross-curricular links Health and safety check ICT links Values links

Қорытынды

Қазіргі педагогтердің міндеті – білім алушылардың қабылданған шешімдердің тәуелсіздігін, іс-әрекеттерге назар аударуды, олардың өзін-өзі тәрбиелеу және қарым-қатынастарды өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту. Қазіргі жағдайда елдегі динамикалық және кейде болжанбайтын әлеуметтік-саяси жағдай білім беру процесін едәуір қиындатады. Өскелең ұрпақ, барлық қоғамдағы оның бетбұрыс кезеңіндегі өзгерістерді өзіне сіңіріп алып, олар да болжамсыз болады. Сондықтан адамгершілік, толеранттылық, жеке мәдениет, сондай-ақ адамгершілік тәрбие мәселелері бірінші орындардың біріне ұсынылады. Бұл проблемаларды шешу білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу, ең алдымен, нарықтық қатынастар жағдайында жастарды гуманистік тәрбиелеудің негізі болып табылады, бұл тек тәуелсіздікті, икемділікті, тиімділікті ғана емес, сонымен бірге адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған жаңа тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді.

Әлеуметтік ойдың дамуымен бұл идея «патриотизм» ұғымының мазмұнын өзгерту арқылы өзгерді. Осыған байланысты патриотизмнің мазмұны мен оның бағыты анықталады деп айтуға болады

Соңғы жылдары біздің Отанымыздың алыс және жақында өткеніне, ең алдымен оның тарихының батырлық беттеріне жастардың қызығушылығының тұрақты өсу тенденциясы байқалады. Бұл жастар арасында адамгершілік және рухани бағдарларды өздігінен іздеу жүріп жатқанын айтуға мүмкіндік береді.

Анықталған тенденциялар баланың мүмкіндіктері мен бейімділіктеріне, ата - аналар мен қоғамның құндылықтарына сәйкес келетін жеке тұлғаны таңдау үшін жағдай жасау тұрғысынан мектеп оқушыларын әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша сабақтан тыс және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының жүйесін түбегейлі түсінуді қажет етеді. Сабақтан тыс даму траекториясы. Мұғалімдердің қолдауы бұл процесті едәуір жылдамдатады және оңтайландырады. Бірақ бұл үшін мұғалімдерге азаматтық және патриоттық тәрбиенің ойластырылған және мақсатты бағдарламаларын ұсыну, оларды өткен жылдардағы оң тәжірибені қолдана отырып, тиімді технологиялармен қамтамасыз ету қажет. Бұл жерде қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар, әскери комиссариат, Білім және жастар саясаты комитеттері және басқа да мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлау жөніндегі маңызды міндетті орындайтын мемлекеттік құрылымдардың көмегі мен қолдауы өте маңызды.

Үлкен тәрбиелік оқу материалдары халық дәстүрлеріне негізделген. Сондықтан мұндай бағдарламаларды әзірлеудің негізі дәстүрлі халық мәдениеті болуы мүмкін.

Әскери-патриоттық жарыстар мен азаматтық акциялар өткізу туралы ұмытуға болмайды. Бұқаралық қорғаныс-спорттық және патриоттық іс-шараларда алған білімдерін, алған дағдыларын көрсету жақсы дәстүрге

айналды.

Патриоттық тәрбиені оңтайландырудың алғышарттары түрлі нысандар мен әдістерді кешенді пайдалану болып табылады. Патриоттық тәрбиенің осы түрлерінің қызметін жүзеге асыру кезінде мұғалімдерге өз жұмыстарын әр түрлі және дәстүрлі емес түрде құру маңызды. Патриоттық тәрбиенің негізгі іргетасы қазіргі жастар құндылықтарының азаматтық тәжірибе тасымалдаушыларының өткен ұрпақтарының құндылықтарымен байланысы.

Мұндай іс-әрекеттің тиімділігінің оң динамикасы тек егжей-тегжейлі зерттеумен және білім беру процесіне қатысушылардың мүдделері мен қажеттіліктерінің теңдестірілген үйлесімімен ғана болуы мүмкін екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Философский словарь / Под ред. И.Т. Фролова. 5 изд. -М.: Политиздат, 1987. - 680 с.].
2. Отанының азаматы – патриоты қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру және дамыту (Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына). Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 16 б.
3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 68 б.
4. Бижанов А., Касенов У. и др. О характере казахстанского патриотизма // Панорама. 1996. № 33. - С. 28-34.
5. <https://www.kaznpu.kz/kz/4079/press/>
6. <https://gufo.me/dict/dal/%D0%BF%D0%B0%D1%82%D1%80%D0%B8%D0%BE%D1%82%D0%B8%D0%B7%D0%BC>
7. http://nsportal.xn--rusites2012-0t3f/2znachit_byt_patriotom.doc
8. Словарь русского языка. Составил С.И.Ожегов. Изд. третье. Под общ. ред. ак. С.П. Обнорского. М.: Гос. изд. иностр. и нац. словарей, 1953. — С.809.
9. http://ps.1september.ru/view_article
10. Современный словарь иностранных слов: ок. 20 000 слов. — М. : Рус. яз., 1993. — 740 с.
11. Т.Е. Вежевич. Моделирование региональных систем патриотического воспитания школьников: автореф. дисс док. пед. наук: Улан-Удэ, 2011. — 41 с.
12. Снопко Н.М. Психологические механизмы и педагогические основы патриотического воспитания в системе профессионального образования: дис ... д-ра пед. наук. – М., 2007.
13. З.Т. Гасанов. Цель, задачи и принципы патриотического воспитания граждан / З.Т. Гасанов // Педагогика. – 2005. – №6. – С. 59–63.
14. Бузский, М.П., Выршиков, А.Н., Кусмарцев, М.Б. Феномен патриотизма в жизненном пространстве российского общества / М.П. Бузский, А.Н. Выршиков, М.Б. Кусмарцев. – Волгоград: Принт Терра, 2008. — 88 с.
15. Горбунов В.С. Патриотическое воспитание школьников в условиях городской системы образования <https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01/dissertaciya-patrioticheskoe-%20vospitanie-shkolnikov-v-usloviyah-gorodskoy-sistemy-obrazovaniya>
16. <http://gendocs.ru/>
17. http://www.tinlib.ru/psihologija/teorija_i_metodika_vospitanija_konspekt_lekcii/p1.php
18. http://krotov.info/lib_sec/shso/71_slas0.html
19. Гаязов А.С. Формирование гражданина: теория, практика, проблемы: Монография. --Челябинск: Изд-во ЧГПУ "Факел", 1995.--238с.
20. <https://infourok.ru/suschnost-i-soderzhanie-patrioticheskogo-vospitaniya-grazhdan-966867.html>
21. Н.В. Ипполитова. Развитие проблемы патриотического воспитания в

- истории и теории педагогики. УДК 37.017.4 /<http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2015/2015-1-1.pdf>
22. «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас патриоттар академиясы және т.б.) әдістемелік ұсынымдамалары, – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 96 б.
23. <https://ped-kopilka.ru/pedagogika/soderzhanie-patrioticheskogo-vospitaniya-v-shkole.html>
24. https://studbooks.net/2024352/pedagogika/komponenty_patriotizma
25. Афанасьев В.Г. Системность и общество /М.: Наука, 1990. С.72
26. <http://rudocs.exdat.com/docs/index-46855.html>
27. <http://fpvestnik.ru/patriotizm-segodnya/sistema-patrioticheskogo-vospitaniya-sostoyanie-problemy-i-napravleniya-razvitiya/>
28. Ильенков, Э.Я. Философия и культура. - М.: Политиздат, 1991.-638с.
29. Зимняя И.А. Стратегический подход к воспитанию. Характеристика и компонентный состав общей стратегии воспитания // Общая стратегия воспитания в образовательной системе России. — М., 2001. — С.254.
30. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
31. «Өлкетану»: мәдени–генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалары. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 129 б.
- 32.«Ұлттық қазына»: Музейлердегі «жанды» сабақтар әдістемелік ұсыным – Нұр - Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 12 б.т.
- 33.Государственная программа «Патриотическое воспитание граждан Российской Федерации на 2016 - 2020 годы»
34. Опыт патриотического воспитания и профилактики экстремизма. Методическое пособие./Сост. Е.В. Шишмакова/ Под ред. Н.Ю. Синягиной, Н.В. Зайцевой. - М.: АНО «ЦНПРО», 2014. – 34 с.
35. «Международный опыт патриотического воспитания подрастающего поколения» Иваненко В. С. // Управленческое консультирование №10 2018-Санкт-Петербург
36. Балуков Н. Н., Иваничкин Ю. А. Патриотизм по-американски [Электронный ресурс]. URL: <http://archive.redstar.ru/index.php/mohov/item/14445-patriotizm-po-amerikanski> (дата обращения: 19.06.2018)
37. Чэнь Сяохуань. Исследование по усилению патриотического воспитания студентов на основе выдающейся китайской традиционной культуры // Вестник социального высшего учебного заведения г. Чифэн: издание по литературе, философии и общественным наукам. 2016. № 5. С. 262–264
- 38.<https://school4.68edu.ru/wp-content/uploads/2017/06/patrioticheskoe-vospitanie.pdf>
39. <https://www.instagram.com/p/Ce5xlxvrrDC/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

1-қосымша

«Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу» тақырыбындағы сауалнама.

Мақсаты: білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтардың өз халқының дәстүрлері, мәдениеті мен тарихы туралы білімдері мен түсініктерінің болуын және оқушылардың патриотизм сияқты сапаға қатынасын анықтау.

«Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу» тақырыбындағы білім алушыларға арналған сауалнама сұрақтары

1.Сіз қай сыныпта оқисыз?

1-4

5-9

9-11

2.Сіз өз Отаныңызды жақсы көресіз бе?

Иә

жоқ

жауап беру қиын

3.«Патриотизм» деген сөзді қалай түсінесіз?Отанға деген сүйіспеншілік

Адалдық

Отанға деген адалдық

Елдің заңдарын сақтау және оның тарихын білу

4. Патриотқа тән қасиеттер

батылдық

айқындық

мейірімділік

күш

адалдық

ақылды әділ және жауапты болу

5. Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?

Иә

жоқ

жауап беру қиын

6. Сіздің патриоттық қасиеттеріңіздің қалыптасуына кім немесе не әсер етті?

отбасы
мектеп
қоршаған
интернет
кітаптар
Фильмдер

7. Сіз өз халқыңыздың салт-дәстүрлерін білесіз бе?

иә
жоқ
жауап беру қиын

8. Сіз патриоттық бағыттағы қандай іс-шараларға қатыстыңыз?

патриоттық клубтар мен орталықтар
патриоттық бағыттағы фестивальдар мен байқаулар
әскери-спорттық ойындар
патриоттық бағыттағы көрмелер
ардагерлермен кездесу

9. Патриоттық бағыттағы қандай іс-шараларға қатысқыңыз келеді?

патриоттық клубтар мен орталықтар
патриоттық бағыттағы фестивальдар мен байқаулар
әскери-спорттық ойындар
патриоттық бағыттағы көрмелер
ҚР ардагерлермен кездесу

10. Сіз өзіңіздің аймағыңыздың тарихын білесіз бе?

иә
жоқ
жауап беру қиын

11. Сіз өз қалаңызды (Ауыл) жақсы көресіз бе?

иә
жоқ
жауап беру қиын

12. Сіз өзіңіздің болашақ өміріңізді Қазақстанмен байланыстырасыз ба?

иә
жоқ
жауап беру қиын

«Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу» тақырыбындағы ата-аналарға арналған сауалнама

1. Балаңыз қай сыныпта оқиды?

1-4;

5-9;

9-11

2. Балаңыздың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу қажет деп ойлайсыз ба?

Иә;

Жоқ;

Жауап беру қиын

3.Сіз баламен адамгершілік-патриоттық тақырыбында әңгімелер жүргізесіз бе?

Иә;

Жоқ;

Жауап беру қиын

4.Сіздің отбасыңызда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, әскери қызметшілер, ұрыс қимылдарының қатысушылары бар ма?

Иә;

Жоқ;

Жауап беру қиын

5. Сіз балалармен бірге мұражайлар мен көрмелерге барасыз ба?

Иә;

Жоқ;

Жауап беру қиын

6.Сіз Қазақстаннан басқа елге тұрақты тұру үшін барғыңыз келе ме?

Иә;

Жоқ;

Жауап беру қиын

7.Сіз өзіңізді патриотпын деп санайсыз ба?

Иә;

Жоқ;

Жауап беру қиын

8. Балаңызбен бірге сіз өмір сүріп жатқан елдегі атақты адамдар туралы фильмдер көресіз бе? , олардың қоғамға қосқан үлесін оң бағалайсыз ба?

Иә;

Жоқ;
Жауап беру қиын

9. Сіз балаңыздың болашақ өмірін Қазақстанмен байланыстырасыз ба ?

Иә;
Жоқ;
Жауап беру қиын

10. Сіз балаңызды халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары туралы үйретесіз бе?

Иә;
Жоқ;
Жауап беру қиын

3-қосымша

«Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу» тақырыбындағы педагогтерге арналған сауалнама.

1. Патриоттық тәрбиені неше жастан бастау керек? (1-5 жастан; 6-10 жастан; 11-15 жастан; 16-17 жастан).

2. Балаларды патриоттық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу әрбір педагогтың міндеті деп білесіз бе?

3. Балаларды аймақтың, қаланың, елді мекеннің мәдени-тарихи мұраларына апарып таныстыру үшін сол аймақты жақсы білесіз бе?

4. Білім беру бағдарламаларында патриотизм тақырыбы жеткілікті түрде қамтылған ба?

5. Білім алушыларға патриоттық тәрбие жұмыстарына қосымша оқу бағдарламаларына жобалар дайындауды жоспарлаған жоқсыз ба?

6. Сіздің мектепте патриоттық тәрбие туралы іс-шаралар жеткілікті түрде өткізіледі ме?

7. Азаматтық пен патриотизмді дамытуды ынталандыратын жұмыс түрлері мен әдістерін таңдауда қиындықтар туындады ма?

8. Балаларды патриоттық тәрбиелеу тақырыбы отбасымен жұмыс жасауда өзекті ме?

9. Сіздің ойыңызша, сіздің мектеп оқушыларының патриоттық және азаматтық даму деңгейі қандай?

10. Сіздің ойыңызша, қазіргі білім алушыда төменде көрсетілгендердің қандай құндылықтары басым? (жауапкершілік, білімділік, әділдік, тәртіптілік, дербестік, төзімділік, тәуелсіздік, жақындарға деген махаббат, Отанға деген сүйіспеншілік, басқа).

Ұсынылатын сабақ әзірлемелерінің үлгілері

«Мен - өз Отанымның патриотымын» тақырыбы бойынша бірыңғай білім беру сабағы 1-4-сыныптар

Мақсаты:

- Оқушыларда тұлғаның азаматтық қасиеттерін қалыптастыру;
- Қоршаған ортаға деген төзімділігін тәрбиелеу.

Міндеттері:

- оқушылардың «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асырудағы белсенділігін қалыптастыру және арттыру;
- Жаңа Қазақстандық Отаншылдықты нығайту;
- білім алушылардың Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері мен табыстары туралы білімдерін тереңдету, ой-өрістерін кеңейту;

Құрал-жабдықтар:

- «Қазақстан-2050 Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» плакаттары;
- «Менің Отаным – Қазақстан», «Мен – Қазақстан азаматымын», «ҚР Конституциясы»;
- шарлар, гүлдер. Сынып жетекшісі:
- Қымбатты балалар, мен сендерді алғашқы оқу күнімен, Білім күнімен құттықтаймын. Сендерге жаңа жаңалықтар, жаңа білім, жаңа табыстар мен жетістіктер тілеймін. Көңіл-күйлерің көтеріңкі болсын! Сәт-сапар! Міне, жазғы демалыс та аяқталып, алғашқы қоңырау соғылды. Енді 9 ай бойы біз білім алып, оқып, сабақтарда және сабақтан тыс іс-шараларда бір-бірімізбен қарым- қатынаста болуға тура келеді. Бұл дегеніміз – 1085 оқу сағаты, 210 оқу күні. Бұл тізімді ары қарай жалғастыра беруге болады, бірақ біз мына сұраққа жауап беріп көрейік: «Сендер осыншама уақыт бойы кіммен болғыларың келеді: мектептегі досыңмен бе, әлде ешқашан көмекке келмейтін, «Қал-жағдайың қалай?» деп сұрамайтын, сабақты айтып жібермейтін, үзіліс кезінде сенімен сөйлеспейтін адаммен бе?». Әрине, жауап анық – досыңмен.

Оқушы:

- Достық – әркімге, әр істе бізге көмекші. Барлығымызға жақсы, адал дос керек!

Ән. «Берік достық». Сынып жетекшісі:

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Мен өз Отанымның патриотымын». Неге біз бұлай айта аламыз? Себебі, «бір халық, біртұтас ұлт» - бұл барлығымызға ортақ ұлттық мүдделер. «Бір халық» – бұл біз бірге өткен қиындықтар мен жеңістер! Бұл біздің ортақ келешегіміз – игілікті және өсіп-өркендеген Қазақстан! Мұның барлығы – Стратегияны табысты жүзеге асыру үшін біртұтас қоғам керек деген сөз. Жиырма бес жылда Қазақстан жаңа

тәуелсіз мемлекеттер үшін ұлттық жетістіктің үздік үлгісі бола алды. Бұл – барлық қазақстандықтардың еңбексүйгіштігі мен бірлігінің нәтижесі. Бұл – тек күшті халықтың ұлы қабілеті. Біз осындай халық, біртұтас ұлт бола алдық және осы биігімізде қалуымыз керек! Қазақстан – бұл біртұтас ұлт, біртұтас халық,

бір мүдде. Алдымызда ұлы жоспарлар тұр. Оларды іске асыру жаһандық өзгерудің күрделі жағдайларында өтпек. Бұғанбүгіннен бастап дайын болуымыз керек және бар күшімізбен халықтың біртұтастығын қамтамасыз етуіміз керек. Өйткені, бізде бір халық – бір ел – бір тағдыр! Қазақстан 140 ұлыс пен 17 конфессия өкілдері үшін ортақ үйіне айналды. Біздің Қазақстанның ұлттық, ұлыстық, мәдени және діни жағынан әртүрлілігіне қарамастан, елімізде

бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалғанымызды мойындаймыз. Біздің елімізді «өркениеттер тоғысы» деп атайды. Қазақстан ислам, христиан және буддизм сияқты ірі әлем діндерінің арасындағы көпір болып табылады. Ғасырлар бойы мұнда әртүрлі халықтар мен ұлт өкілдері бірге өмір сүріп, еңбек етті. Өзара баю мен өркендеуге ықпал ететін берік мәдени байланыстар орнады.

Әртүрлі діндер мен рухани дәстүрлері бар барлық Қазақстан халқы атынан біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен келісімді ары қарай сақтап қалуға ұмтылысымыз бен ұстанымымызды білдіреміз. Біз Отанымыздың басты байлығы

– әлемдік үлгі ретінде әділетті түрде мойындалған азаматтық бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді, біздің көпұлтты мемлекетіміздегі мәдениеттер мен діндердің ара қатынасын қолдауға әзірміз. Біз Отанды сүюге, қазақстандықтардың ұлттық салт-дәстүрлері мен үрдістерін құрметтеуге бар күш-жігерімізді саламыз. Біз ортақ үйіміз Қазақстанның көркеюі, өркендеуі, дамуы, әл-ауқаты мен жағдайының жақсаруы жолында, бейбітшілік жолында қолымыздан келгеннің барлығын жасаймыз.

Оқушылар Қазақстан туралы өлеңдер оқиды. Сынып жетекшісі:

– Біздің барлығымызды, барлық ұлттың адамдарын маңызды ұғымдардың бірі біріктіреді: БІЗ – Қазақстан халқы. Біз біртұтас елміз және біздің күшіміз бен жетістігіміз осыда.

Балалар, енді Қазақстан туралы не білетінімізді тексерейік. Кішігірім сұрақ-жауап өткізіп, сендердің білімдеріңді тексерейік.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері (Ту, Елтаңба, Әнұран)

2. Ұлттық валюта (Теңге)

3. Ақындар жарысы (Айтыс)

4. Қазақстан Республикасының тұңғыш ұшқыш-ғарышкері (Т.Әубәкіров)

5. Қазақ фольклоріндегі, халық ертегілеріндегі әзіл әңгімелер кейіпкері (Алдар көсе)

6. Қазақтардың ұлттық үйлері (Киіз үй)

7. Мұсылмандардың қасиетті кітабы (Құран)

8. Ұлттық сусын (Қымыз)

9. Республика күні (25 қазан)

10. Қазақстан Республикасының Конституция күні (30 тамыз)
11. Түйелер тізбегі (Керуен)
12. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан)
13. Қазақстан халықтарының бірлігі күні (1 мамыр)
14. «Шаңырақ» ненің нышаны? (Шаңырақ – отбасы, жанұя)
15. Ғарышты зерттеу бойынша қала-орталық (Байқоңыр)
16. Қазақтың ұлттық аспаптары (Домбыра, сыбызғы, қобыз) Сынып жетекшісі :

– Біздің еліміздің көркеюі, өсіп-өркендеуі үшін мемлекет ішінде тұрақтылық, онда тұратын халықтар арасында достық пен келісім болуы қажет. Және де осы іс-шарамызды Қазақстан туралы мына өлең шумақтарымен аяқтағым келеді.

Оқушы:

Қазақ елі қашаннан да жыр елі, Тарихында тұлғалар көп киелі. Қазақстан аясында бұрыннан Бірнеше ұлт бірге өмір сүреді. Бір-бірімен тату-тәтті тұрады, Бәрінің де Қазақстан тұрағы.

«Мен - өз Отанымның патриотымын» тақырыбы бойынша бірыңғай білім беру сабағы (5-8- сыныптар)

Мақсаты: оқушыларды төзімділікке, қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ел тарихына деген танымдық қызығушылығын дамыту;
- әр түрлі ұлт өкілдерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- оқушылардың зияткерлік деңгейін көтеру.

Сынып жетекшісі:

Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқына тәуелсіздік пен еркіндік үшін күресуге тура келді. Қауіп төнген кездерде біріге, жұмыла білу, басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен достықта өмір сүруге ұмтылу сияқты жақсы қасиеттерінің арқасында қазақ халқы тарих толқындарында жоғалып кетпей, ондаған жылдардан соң өзінің мемлекеттігін қайта құра алды.

Дамудың жаңа жолына түскен Қазақстан халықтың ғасырлар бойғы егемендік туралы армандарын орындай алды. Қазақстанды мекендеген әрбір халықтың өз мәдениетін, тілін, сенімін, дінін және дәстүрлерін дамытуға мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда республиканың әрбір азаматы өз елінің тәуелсіздігімен мақтанады.

Қазақстанда 17 миллионнан аса адам, жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір жанұядай өмір сүріп жатыр. Қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей, татар тілдерінде кітаптар мен газеттер шығарылуда, ұлттық театрлар мен эстрадалық ансамбльдер жұмыс жасауда, ұлттық теле-радио бағдарламалар берілуде. Біздің барлығымызды, әр түрлі ұлт өкілдерін ортақ біріктіретін: БІЗ – Қазақстан халқы. Осылайша, Қазақстан мәдениеті мен діндерінің көптүрлілігімен ерекшеленетін бірегей мемлекет.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Жылы да жарық, көңілді мамыр мерекелерін ұнатпайтын адам жоқ шығар. Жапырақ жайып, көгеріп келе жатқан ағаштар, ашық аспан, күлкі мен жымиулар жыл бойы ұмытылмастай көңіл-күй сыйлайды. Қазақстан халықтарының бірлігі күні егемен республикамыздағы басты мерекелердің бірі болды.

Тақтада «Біздің күшіміз – бірлікте» деген плакат ілулі тұрады.

– Бұл үндеуді қалай түсінесіңдер? (оқушылардың жауаптары)

– Жарайсыңдар! Басқа республикалар мен елдерде келіспеушіліктер мен тартыстар болып жатқан заманда осы сөздердің мағынасын түсінгендерің қандай жақсы! Бұл Бейбітшілік болмағанда өте қорқынышты.

Оқушы:

Ынтымақ, бірлік, достық, татулық – Бабалардан қалған дәстүр айтулы.

Түгелденіп төртеуіміз төрде тұр, Тәуелсіздік туы мәңгі тұғырлы.

Оқушы:

Тілі басқа, тілегі бір біргеміз, Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз. Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп, Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Оқушы:

Қазақ жері достықтың гүлстаны, Дархан өлкем мерейлі ырыс бағы. Күрестерде, еңбекте, мерекеде Мұнда сан ұлт қолдасып, ту ұстады. *Оқушы:*

Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден, Кімдер қашсын қазақтайын ер елден Достығымыз ғасырларға жарасқан Туған елім, шарықтай бер кемелден!

Ұлттық киім киген балалар «Үлкен қол ұстасу» атты достық хормен жүру орындайды

Сынып жетекшісі:

– «Құстың күші – қанатында, ал адамның күші - достықта» деген қазақ мақалы бар. Өмір осы мақалдың тура айтылғандығын дәлелдеп отыр.

– «Достық» сөзін қалай түсінесіңдер?

– Сөйлемді жалғастырыңдар: «Достық – бұл».

(оқушылардың жауаптары)

«Мақалдарды жина» ойыны.

– Ал сендер достық туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме? Қазір тексеріп көрейік. Екі топқа бөлінуіміз керек. Мына конверттердің ішіне мақалдардың бір бөліктері салынған. Сендердің тапсырмаларың: достық туралы мақалдарды біріктіріп, оқуларың керек.

1. Ескі дос жаңа екі достан артық.
2. Досты ізде, тапсаң, сақта.
3. Достық қиындықта білінеді.
4. Доспен дос болғанша шаттан, Дұшпанмен дос болғаннан сақтан.
5. Досыңа өтірік айтпа, Дұшпаныңа сырынды айтпа.
6. Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.
7. Досыңды мақтағаның – өзіңді жақтағаның.
8. Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.

Сынып жетекшісі:

Отансүйгіштік дегеніміз – қоғамның бірігуінің, үйлесуінің, алуан түрлі адамзат қауымдастығында оның болмысы мен ерекшелігінің негізі болып табылатын аса маңызды рухани құндылық. Бұл ұғымды тар аяда, бір жақты қарастыруға болмайды. Ол күрделі, көп жақты және әртекті. Отаншылдық – бұл әрі өз еліне деген сүйіспеншілік, әрі оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әрі өз күші мен қоғамның күшіне деген сенім. Өткен жылдарда еліміз мемлекет болып қалыптасу, тәуелсіздік пен бірлікті нығайту жолында көптеген жетістіктерге жетті. Өзінің орта ғасырлық және қазіргі заманғы тарихында Қазақстанның беделі соңғы жылдардағыдай ешқашан жоғары болған емес.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылық қазақстандықтардың өз Отанының гүлденіп, өркендеуіне деген сенімін нығайта түседі. Қазақстан демократиялық, зиялы, құқықтық және басты құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен еркіндігі болып табылатын әлеуметтік мемлекет ретінде өзін танытып, бекітті.

Біз ұлттық-мәдени құндылықтарға, ұлтаралық келісімге, мейірімділікке, балаларға деген махаббатқа бай заманда өмір сүріп жатырмыз. Алда әлі де көп қиындықтар күтіп тұр, алайда бүгінде Қазақстан дамудың жаңа орамына шықты және ертеңгі күнге сенімділікпен қарайды.

Оқушы:

Өзіңсің, Қазақстан, ән, арманым да, Аяулым, алтын бесік, қара орманым да. Бір нәрсе жетпейді деу қате болар, Өзіңдей ұлан-байтақ далам барында.

Оқушы:

Тәуелсіздік кіндігін Кескен халық бірлігі. Ынтымағы барша ұлттың Нұрын шашқан күн бүгін. *Оқушы:*

Ақ, қара деп алдымен, Елім бөлмес адамды. Дәстүр, өнер, салтымен Таңғалдырған ғаламды. *Оқушы:*

Достық бізге тым ыстық, Бірлік – байлық, ырыс – құт. Жарқырасын күніміз,

Жаса, жаса, тыныштық.

Оқушы:

Қазақстан дейтін менің бар елім, Жатыр алып жарты дүние әлемін. Бұл даланы көріп алғаш қуанғам, Бұл далада өскен жанда жоқ арман.

«Мен - өз Отанымның патриотымын» тақырыбы бойынша бірыңғай білім беру сабағы (9-11-сыныптар)

Сабақтың мақсаты: қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, төзімділікті, ұлтаралық және мәдениет аралық байланыстарды дамыту, оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, қазіргі Қазақстанның жетістіктері туралы білімдерін тереңдету.

Мақсатты топтары: 9-11-сынып оқушылары, ата-аналар, жоғары сынып мұғалімдері, аймақтың әртүрлі салада жетістікке жеткен белгілі

адамдары, мәслихат депутаттары, саясаттанушылар, тарихшылар, жергілікті атқару органдарының өкілдері.

Құрал-жабдықтар: мемлекеттік рәміздер, «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» стенді, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауынан үзінділер (слайдтар), қазақстандық ғұламалардың ақылды ойлары, кітап көрмесі, фотосурет көрмесі, оқушылар мен мұғалімдер жасаған халық шығармашылығы өнімдерінің көрмесі, ұлттық киімдер көрмесі. Патриоттық тақырыптағы деректі бейнефильмдер.

Музыкалық жабдықтау: республиканы мекендеген халықтар музыкасы, қазақстандық патриоттық әндер.

Ұсынылатын сабақ кезеңдері (тақырыптық бөлімдер):

1. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі.
2. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары және «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы – әлеуметтік жаңарудағы серпілісі және республиканың жаңа өндірістік-инновациялық экономикасы.
3. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы: тарихы, қазіргісі және болашағы. Ұлттық бірліктің Доктринасы.
4. Мемлекеттік тілдің бірегейлігі. Үш тілді білу – жаһандық өмірге жолдама.

Өткізу нысандары: рөлдік ойындар, оқушылардың жобаларын қорғауы, пікірталастар, пікірсайыстар, ауызша журнал, «сырттай» саяхат, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдерімен, саясаттанушылармен, мұражай қызметкерлерімен кездесулер және т.б.

Жалпы білім беретін, мамандандырылған, арнайы мектептерде тақырыптық сабақ өткізу бойынша ұсыныстар

1-4- сыныптарда

Сабақтың тақырыбы: «Мен - өз Отанымның патриотымын». 1-сыныпта «Мәңгілік Ел» – ол жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім» деген екінші құндылығы түсіндіріледі.

Сабақтың ұсынылатын кезеңдері (тақырыптық бөлімдері):

1. Біздің Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан.
2. Бейбітшілік және келісім.
3. Рефлексия.
4. Сабақтың қорытындысы.

Технологиялар: ақпараттық (Қазақстан бойынша видеотур), ойын.

Сабаққа материалдар.

Біздің Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстан

Қазақстан Республикасы – біздің Отанымыз. Қазақстан – үлкен мемлекет. Менің Қазақстаным! Менің елім!

Сүйікті жазық кеңістіктерім! Бізде дала да, теңіз де,

Орман да, егістік те, таулар да бар.

Мұның барлығы біздің басты байлығымыз!

Біздің мемлекетіміздің өз шекарасы бар және оны тәуелсіз деп атайды.

Оны көп ғасырлар бұрын, ер-тоқым үстінде өмірлерінің көп бөлігін өткізген көшпелі қазақтар құрған.

Біздің елімізде әр түрлі ұлт өкілдері: қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндар, ұйғырлар, татарлар және т.б. өмір сүреді. Олар өздерінің туған тілдерінде сөйлейді. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Оны Қазақстанның әрбір тұрғыны білуі тиіс. Ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі. Қазақстанда адамдар тату-тәтті өмір сүреді, Рождество, Құрбан айт, Жаңа жыл, Наурыз мейрамдарын бірге тойлайды.

Ғарышқа ракеталар старт алатын, атақты Байқоңыр «ғарыш қаласы» Қазақстанда орналасқан. Әлемнің басқа жерінде Қазақстан тәрізді ғажайып мемлекет жоқ!

Біздің Отанымыздың астанасы – Астана қаласы. Бәйтерек – Астананың символы және басты бірден бір көрікті жерлерінің бірі болып табылады. Ашық аспан астындағы «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені де бірегей мұражай .

Қазақстанның ең үлкен қаласы – Алматы. Онда Республика тарихына арналған ескерткіш тәуелсіздік монументі бар, кешенде сақтардың Томирис патшайымы тарихынан бүгінгі күнге дейінгі тарихи хроника көрсетілген. Кешеннің ортасында тәуелсіздік символы – «Алтын сарбаз» орналасқан.

Тапсырма. Ұжымдық фотоколлаж жасау.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1.Білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің мәні мен мазмұны.....	5
2.Білім беру ұйымдарында оқушыларды патриоттық тәрбиеге баулудың халықаралық және отандық тәжірибесі.....	35
3.Білім беру ұйымдарында патриоттық ұйымдардың заманауи жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	64
Қорытынды.....	178
Пайдаланған әдебиеттер	180
Қосымшалар.....	182

**«Мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиеге баулу»
Әдістемелік ұсынымдар**

Басуға 31.10.2022 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 22.